





Әірекан Сал

-46-  
— 48/48



Өлеңдері мен айтыстары



**ӘОЖ 821.512.122 – 1  
КБЖ 84 (5 Қаз) – 5  
Б 94**

*Жинақтап құрастырған, жалпы редакциясын  
басқарған Қазақстанның еңбек сіцирген қайраткері,  
ақын Қәкімбек Салықов*

**Б 94 БІРЖАН САЛ.**

*Өлеңдері мен айтыстары / Құраст. К. Салықов. – Астана:  
Фолиант, 2016. – 176 бет.*

**ISBN 978-601-302-437-0**

Қазактың ән атасы атанған аса үздік әнші, ұлы композитор, актандер ақын-лирик, сұрыпсалма айтыс өнерінің аты аңызға айналған хас шебері Біржан сал Қожағұлұлының бүл жинағы негізінен Карта Қантарбаев құрастырған «Жазушы» баспасынан 1967 жылы шықкан поэзиялық кітаптан алынды. Қосымша сонғы сөз ретінде белгілі ғалым, әйгілі батыр Мәлік Ғабдуллиннің макаласы берілді. Кейбір жана өлеңдері мен бұрынғы өлеңдерінің түзетулерін түпкі нұсқаға сүйеніп, белгілі ақын Қәкімбек Салықов жасады. Көптен көзге түспей кеткен асыл бабамыздың бүл кітабы мәдени мұрамыздың алтын корын толықтырады деп сенеміз.

**ӘОЖ 821.512.122 – 1  
КБЖ 84 (5 Қаз) – 5**

**ISBN 978-601-302-437-0**

**© Салықов К., құраст., 2016  
© «Фолиант» баспасы, 2016**

## БІРЖАН САЛ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Біржан сал Қожағұлұлы – қазақтың дара туған ерекше дарынды дана тұлғаларының бірі, табиғатынан өнер үшін айрықша жаратылған күбылыс, нағыз феномен. Ол заманында аса биік даусына жан теңеспеген ұлы әнші, танғажайып әндері ел жүргінен мәнгі орын алған үздік композитор, өлең сөздін сұнғыла шебері, арқалы туған актандер ақын. Егер оның сұрыпсалма айтыскерлігіне келсек, «Біржан мен Сараның айтысы» – бұл дәстүрлі ұлттық өнеріміздің классикалық үлгісіне айналған теңдесі жоқ алтын мұра.

Біржан – қазақ халқының ұлттық мәдени-рухани өресінің өсуіне бел байлап, атсалыскан, зердесіне ұлттық мұдде, ұлттық міnez сінген әділдіктің жалауынданай қайсар тұлға. Ол – халқымыздың ұлттық санаасын оята түсіп, ел бірлігіне тұтқа болған, қайғысына қабырғасы қайыскан, озық ойлы ақыл иесі. Отар, бодан күндерімізде де Біржан салдың бостандықшыл асқақ әндері, найзағайдай жарқылдаپ, өткір сөзі, үлгілі айтыстары ұлттымыздың рухани азығына айналса, тәуелсіз Қазақстанның жаңа заманында қарқынға қарқын қосып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек.

Бұлбұлдан – лебіз, аққудан – санқыл, тотыдан – толғай, қыраннан самғау алған Біржан салдың асқақ даусы тыныс тылсымның кеңдігін, өлшем екпіннің дәлдігін арқау етіп, Бетховен айтқандай, «тыңдаған жаннның жүргегінен жалын шығарды». Үрғак пен сұнғыла сарын, әсем саз вокалдық музыканың барлық тарамдарын игерген, эмоциялық құлшыныс Біржан салды құс қанат ерен түлпарлыққа, жампоз ак бурадай көз тояр асылдыққа көтерді. Өзінің аса биік даусына әуендей жарасым, әуездік кисын, сарындық таза құйылыс, соны ырғак, сөз бен әнге

жүйелі үйлесім, етсне бауырлас сәйкестік тауып, профессионалдық шеберлік дәрежесіне еркін жетті. Эрі аса биік, әрі мұлтіксіз көркем етіп орындау үшін Біржан сал үздік һәм сикырлы үндеге табиғи желіс тауып, ажарлы мәнер бере білді. Міне, шеберліктің терен тамыры, асыл арнасы осында жатыр. Оған қоса дұлдұл ақын өлеңді қолмен салған суреттей тірілтіп, күшті дауысын одан әрі күшайте түсті, ол жан-жақты дарындылықтың шырқау шынына жетті.

«Каркаралы басында жалғыз арша» десе, Арқаның киелі де кербез жаратылған сол аймағын көрмесен де, тау басындағы жалғыз арша көз арбаған сұлу қыздай естен кетпейді. Ол асыл сөз, мөлдір сазбен орнатылған даланың Джульеттасының мұсінін асқақ әнге орап кетті. Сондыктан да «Жалғыз арша» маҳаббаттың жасыл желкеніндей желбіреп, көз алдында елестей береді. Міне, сөз бен әуенді бауластыру жолындағы Біржанның даналығының бір қыры осында жатыр. Осынау әнді автордың өзінше беріліп жарқырата, жалындана, қарқындана, құйқылжытып, қыздыра орындағын келіп тұрады.

Сикырлы әуен, санлак сөз, асқақ дауыс, шебер орындаушылық Біржанның өлмес өнеріне негіз болып, кейінгіге сабак болып калды. Сөздегі әр буынның жекедара өзіне бұйырған үйлесімді әні бар, міне, кереметтік деп осыны айтамыз, «өз заманын жаза білу – суреткердің ұлы жетістігі», – деп В.Г. Белинский айтыпты. Олай болса, Біржан атамыз өз заманының маҳаббаты мен шапағатын, зұлымдығы мен зомбылығын сөзбен бейнелеп, әнмен аптап, әншілікпен бекітіп, ұмытпастай көрсетіп, ұлы суреткерлікке жетті.

Тап осындай тарихымыздың тарландарын сөз еткенде көбінесе олардың мүшелді тойлары кезінде топталған мақалалар, көптеген өлең арнаулар құлышында бие, қозылы қойдай өрбіп жатады. Олда керек, олда құптарлық іс, бірак асықтай, саспай, құдайдың құтты қунінде арнайы сөз еткенге не жетсін. Ұлыларды мерекелерінің қарсанындағана емес, «жұмысшы құндерінде» де шебер ұлықтауда

Әбіш Кекілбаев, Сауытбек Абдрахманов, Мырзатай Жолдасбеков, Дүкенбай Досжанов, Куаныш Сұлтанов сияқты қаламгерлер өнегелі іс атқарып жүр. Осындай ынтаға тұнғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен қызу түрде жүріп жатқан «Мәдени мұра» үрдісі де үлкен тірек іспеттес. Осы талпыныстар тұракты жалғас тапса құба-құп.

Қазақ музыка өнерінің аса көрнекті қайраткері, атакты композитор, дирижер, халық әртісі, өнер ғылымдарының докторы, академик Ахмет Жұбанов өзінің (Алматы, К.М.К.Ә. баспасы, 1963) «Замана бұлбұлдары» атты көп жылдар бойында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретіндегі кітабында Біржан сал жайлы тарихқа таңба басқандай асыл пікір білдірді. Онда: «Біржан – қазактың халық музыка мәдениетінін алыбы. Оның өмірі, творчествосын терен зерттеу, үлкен, терен, жан-жақты еңбекін жарыққа шығару – біздің бүгінгі таңдағы ардақты борышымыздың бірі. Өмірін демократиялық өнер жолына сарп еткен, өктемдікпен, жүгендікпен, көртартпалықпен әні, өлеңі арқылы құресін сонғы демі біткенге дейін жүргізіп келген өнер қайраткері, азамат Біржанның аты қазақ музыкасының тарихында алтынмен жазылады», – деген екен. Бұл – Біржан салдың әншілік, композиторлық, ақындық алуан түрлі қырларын айқын ашқан, жан-жақты да терен, сапалы да санлак зерттеген ойшыл шын білгірдің мәнгі өлмес бағасы. «Біржан мен Сараның айтысы» Біржанның ақындығының биік шыны болумен бірге бүкіл қазақ ақындығының биік шыны», – дей келе Есмағамбет Үсмайылов Біржанның халық поэзиясы мен жазба әдебиетін ұштастырғанын атапты. Бұл да құнды пікір. Біздің де «бүгінгі таңдағы» ардақты борышымыз ақын, әнші, композитордың шығармашылық алтын мұрасын ақындық, музикалық, әлеуметтік-эстетикалық, философиялық негізде жан-жақты түрде түбебейлі зерттеп, ел колына жеткізу деп білемін. Осы орайда Біржан салдың өлеңдері мен айтыстарының жинағын шығаруды колға алдым. Бұдан бұрын

әйгілі «Гәккудің» авторы, Біржан сал мен Ақан серінің ең үздік шәкірті Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының өлеңдер жинағын «Фолиант» баспасынан 2005 жылы шығарғанда құрастырушысы болдым. Ақан серінің өлеңдерін де жинастырып, құрастырып, 2008 жылы «Фолиант» баспасынан шығаруға себепкер болғаным үлкен қуаныш әкелді. Біржан атамыздың өлеңдері мен айтыстарын жинастырып, М.О. Эуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижанның пікірін алып, баспаға дайындығымды толыктырып алдым.

Біржан салдың өмірі мен шығармашылық дарының кен ашу жолында С. Мұқанов, С. Сейфуллин, М. Эуезов, Қ. Жұманов, Е. Ысмайылов, А. Жұбанов көп еңбек сініріп, арттарында айқын із қалдырыды. Дүлдүлдің ақындық өнерінің қыры мен сырын, поэзиясының өлеңдік көркемдік, философиялық ойлылық жағынан терен зерттеген ғалым Есмағамбет Ысмайылов болса, әншілік өнері мен қазақ музыкасында алатын орнын академик Ахмет Жұбанов терен һәм білікті түрде, профессионалдық түрғыдан қарап, құрделі де жүйелі сөз қалдырыды. Біржан салдың туған жылы 1831 жыл, қайтыс болған жылын 1894 деп дәйекті дәлелмен атап кетті. Бұл шешімді көрнекті композиторымыз, үлкен музыка қайраткері, профессор Еркеғали Рахмадиев те костады. Аталмыш пікірді Біржан салдың «Ләйлім шырақ» (Алматы, «Өнер», 1983) атты әндер жинағын құрастырушы Б.Г. Ерзакович, Ә. Дербісәлин, З. Қоспақов сияқты белгілі музыка мамандары, көрнекті зерттеушілер кітаптың алғысөзінде қолдапты.

А. Жұбанов музыканың үлкен жанашыры Есім Байболовтың 1923 жылы Біржан салдың үлкен ұлы Теміртаспен кездесіп, ауызба-ауыз алған мәліметтеріне сүйенеді. Онда: «Теміртастың айтуынша, Біржан 1894 жылдың көктемінде жазға салым қайтыс болған», — деп мәлімдеген. Оған косымша айтқанда: «Әкем алпыс үштен алпыс төртке қараған шағында өлді, онда сегіз, тоғыз жастағы бала едім» деген анықтамаларына сенбеске лаж

жоқ. Біржан салдың шын мәніндегі жақыны, белгілі қайраткер Есім ағаның айтқанына сүйенген Ахмет Жұбанов ағамызда қате жоқ шығар деп көміл сенемін. Бұл орайда Біржан атамыздың өз сөзіне сүйенсек, «Дүние» атты өлеңінде:

«Саясы көп болады ну қайыңның,  
Жігітке керегі не уайымның?  
Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ,  
Білмеймін не қыларын құдайымның?» —

дегені тарихи шындық. Біржан соккыға да ұшырады, күйзеліс, азап та тартты, сондай құндерінде басының ауырғандығын да өзі де мойындал отыр. Біржанның басына зақым келтірген Азнабайдың поштабайының таяғы емес, «араздығы бар көршілес руларға барып сауық-сайран құрдың» деп, өз ағалары Нұржан мен Ержан және ағайындары қатты соккыға салса керек. Олар Біржанды жынданды деп байлап қояды. Бұл трагедияның зардабы үш жылға созылады. Оны да Біржанның өз сөзімен айтсақ:

«Ұстазым — Сегіз сері, Нияз сері,  
Солардан үлгі алған мен Біржан сері.  
Алпыс үш мушеліме толғанымда  
Дүние кері айналып кетті кері», —

десе, қорлыққа салған науқастың да, арқанның да байлауда жатқан боздаққа қатты батып, ақырғы дем бітер мезеттің жақындағанын сеземіз. Баласы Теміртастың әкем 63 жасында қайтыс болды дегенінің 1894 жыл екені күмән тудырмаса керек. Алпыс жасында жабысқан бас ауруы үш жылдан кейін кен дүниемен қоштастырыды:

«Алдында шамышырағым Теміртасым,  
Тілегім сенің ұзақ болсын жасың.  
Бауырым, балапаным, қош болыңдар,  
Байқаймын ажсал, шіркін, құтқармасын», —

дегені сол кімас сезімге бөлгенген туған жер, бала-шаға, жеткіншектерінің болашағын ойлап айтқан аталық соңғы сезіне ұксайды.

Ұзын сөздің қысқасы, қысқа сөздің нұсқасы Біржан салдың туған жылы – 1831, қайтыс болған жылы 1894 дегенге токталғанды жән көрдім. Ол шешімге ұзак зерттеудің нәтижесінде Ахмет Жұбанов, кеше ғана өмірден өткен белгілі музыка зерттеушісі досым, құрдасым Зейнұр Қоспаков та токталды.

Зейнұр Үкілі Ыбырайдың енбектерінің кей жерлерін аныктай түсуге де жәрдемдесіп еді. Бұл мәселені қорыта айтарым, Біржан салдың 1831 жылы туғанына көзім жетті. Сондықтан «Қазақ энциклопедиясына», оның басшыларына айтарым: келешекте ескі сарынмен бұрыс кеткен жерлерін түзету амалын жасап, үлкендердің өмірлеріне мұқият қарауды тілеймін. Өйткені энциклопедия ұжымының өзі танымал ғылым ошағы емес пе, ендеше ғылыми түрғыдан қарау жағын өрістету парыз. Біржан атамыз 175 жастан өтіп кетті, үнсіз қалдық, ұттау болды. Әншілік пен ақындық алыбының 180 жасқа толуын 2011 жылы атап өту мәселесі жөндел қолға алынбай, аудан көлемінде өте салғанын газеттерден естідік.

Ақындық пен композиторлықтың дүлдүлі, арқалы азамат, белгілі батыр әрі аскан жырау Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия Баҳрамұлы Шакшақов) 190 жасқа толған, Еуропаны дүр сілкіндірген асқақ әншіміз Әміре Қашаубаев 120 жасқа толған жылдары да айтарлықтай қолға алынбады. «Ұлтым, Алашым» деп жамырауға шеберміз, ұлтымыздың осындай өнер жұлдыздарын атауға келгенде шорқақпыш. Ол ол ма, Сегіз сері бабамыздың аруағы атар деп сескенбей етектен тартушылар да шыр бұзған уақытты көрдік. Сегіз сері дүлдүл жайлы жүрдім-бардым айта салуым келіспес, кезінде дұрыстап кірісермін деп ойлаймын, тек Алла саулық пен сәтін берсін. Ол тегін адам емес, артына өшпес жарқылын тастап кеткен жарқын жұлдыз, ұлы перзент кой. Біржан сал Сегізді ұстазым десе, ол – елдің ерен дүлдүлі.

Осы қысқаша шолудан кейін Біржан атамыздың ата-тегі мен өскен ортасы жайлы сөз етсем деймін. Көкшетау өнірі, Сырымбеттің етегінде, Есілдің жағалауын жас кезімде еркін жайлап өскендіктен, анам жағынан Үкілі Ұбырайға, ата жағынан Ақан серіге және олардың аға деп сыйлаған ұстаздары Біржан салға деген сүйіспендейк ана сүтімен дарыды десем, артық болмас. Ұш алышты бір елдің, бір атаның ұлдарындай көріп, Көкшетау Есіл өнірінде сал, серілер ұмбетін құрып, мектебін ашып кеткен жерде өсіп, ұш дүлдүлдің әруағы жебеп-желеп өстім десем, еш артықшылық етпес.

Ол кезде керей, уак, атығай, карауыл деп бөлінбейтінбіз. Өз басыма Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ұбырай, Балуан Шолак – бәрі де туған аталарымдай көрінетін. Оған қоса халық ақыны, әкемнің жақын ағасы Молдахмет Тырбиұлы және Үкілі Ұбырайдың немересі, өзімнің туған бөлем әнші ақын Мұса Асайыновтар бұл төрт дүлдүлдің арасына рулық жік салмайтын. Ұш жүзге бөлінгендерді жек көріп, «Атамның берген ақылы» деген өлең жазып, шымбайына тиген бөлімпаздардың кесірін де татқанмын. Қазір ғой тәуелсіздіктің бір жетістігіндегі шежірешіл болып алдық, ұш жүз бе, үйді-үйге бөлініп теріс қарайтындар да табылып жатыр. Айтайын дегенім де: Біржан сал атамызды да керейдің ұлы екен, Үкілі Ұбырай бабамыздың «Атыннан айналайын керейім-ай, құдайдың арнап берген мерейін-ай» деп сыйлаған өлеңі де еске түсті.

Біржан салдың қанына сінген даналықтың бір мәйегі – ел бірлігін сактау. Ол Ақсары болысының беделді биі болған мың жарым жылқылы атасы Кожағұл Бертісұлын қанша арқау етсе, «Ақсары, Токсары мен екі Керей» деп қана өзі шыккан керей елін ғана емес, катарлас өскен атығай, карауылды бауыр тартып бәрінің бастарын қосуға тырысқан. Ол ол ма, ойшыл ақын: «Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын» деп шалқып, кейде «Қазак жоқ Біржан десе нанбайтұғын» деп бүкіл елге қызмет еткенін алға тартады. Осы ойды Сәкен Сейфуллин:

*«Қазақта кім білмейді Біржан салды,  
Ағызған қызыл тілден шекер-балды.  
Сан ақын жарысқанда талай тойда,  
Үздік боп бәйгіні ақын Біржан алды», –*

деп ақынның шын мәнінде «Айнымас қанды балак ақыық» екенін үлкен сүйіспеншілікпен жырға қосыпты. Біржан сал ел төнірегінде қалып қоймас ұлы өнерін шет елдерге жеткізуін армандаиды. Сонда:

*«Қырымға қарайтұғын ақиықтын,  
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.  
Тұлпармын Қөрүғұлының ғирратындаи,  
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын», –*

деп аскак арманын қосып, тасқындана жырлайды. Азаматтық үлкен мінез білдіріп, ел бірлігі мен бүкіл елдің ұлағатты ұлдарын паш етеді: «Қарқабат, Қарақожа атабабам» деп керейін де ұмытқандай болады. Ол өз атабабасын ешқашан ұмытқан жок, ол екі дай дауда елде бар асылдарды сүйеу етеді. Қалай десек те, көз көрген үлкендер Біржан салды Сегіз серіден кейінгі қазақтың сал, серілерінің шоқтығы биік ағасы, әншіліктің атасы санайтын. Міне, сол ұғымды өмір бойы көкейіме сактап, бұлтартпай ұлағаттап келемін.

Біржанның ататегін кеңінен зерттеген ғалымдар Есмағамбет Ысмайылов, Ахмет Жұбанов болса, сол ағаларымыздың енбектерінен нәр алып, кейінгілердің деректеріне сүйенеміз. Теміртастың сөзін арқау етіп Ахмет ағамыздың жазғанын негізге алуды жөн көрдім. Ақын атамыздың арғы атасы Бертіс ертеректе Обаған өзенінің бойын мекендепті. Жалпы ата-бабалары Қызылжарға (Петропавл) қарасты Ақкосақ болысындағы етек-женін кең жайған, қарағайлы қалың ормандай керейлерден тарайды. Керейдің ішінде Аксары, одан тараған Нұралы, Көшекке жататын ауылдар қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының жерін

мекендейді. Біржанның арғы аталары бұл жерлерден көшіп кетіп, Көкшетау дуанындағы тұратын аталас Ақсары керейлерді сағалап, Бурабайға ұштасып жаткан қарағай, қайыны аралас, атығай, қарауылмен паналас айдын шалқар Жөкей көлінің жағасында тұрактайды. Ақсары бабаларынан Нұралы, Нұралыдан Батыр, Батырдан Кенже, Кенжеден Бертіс туады. Бертістен Ақшуақ, Айшуақ, Жаншуақ, Қожағұл, Қожамқұл атты бес ұл туған. Айшуақтан Ержан, Нұржан, Қожағұлдан: Тұрлыбай, Нұралы, Ералы, Тұрлыбайдан Біржан туған екен дейді. Нұржанды Біржанның туған ағасы атایтындар да жоқ емес. Көкшетау дуанындағы Ақсары болысының биі Қожағұл Бертіс тегінің болғаны тарихта сакталған шындық. Біржан атасы Қожағұлдың қолында өсіп, жа-сында өмірдің таршылығын көрген жоқ. «Жакпадым өзім әкем Тұрлыбайға», – десе, бұл атасы мен әжесінің бауырында өскен бұла тентек жас Біржанның еркелігі емес пе? Тұрлыбай ерте өліп, Біржан Қожағұл атасының баласы болып кетіпті. Оны өз сөзімен:

«Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.  
Байлыққа, мансапқа да құмар емен,  
Өзім сал, өзім сылқым, неге зармын?» –

десе, шындық осы. «Біржан сал бабамыз дүниеден озғанда Бурабайдағы Көкше елінің қайғысын бөлісуге Сырымбеттен Ақан сері, Үкілі Ұбырай бастаған атығай, қарауыл, Есіл жақтан Сегіз серінің баласы Мұстафа бастаған Гүлтөбе-Маманайды ен жайлаған керейлер қатынасыпты», – деп Молдақмет Тырбиев атамыз айттып отыратын. Бұл жағдайлар Біржанның Есіл-Көкше аймағына ортақ тұлға екенін дәлелдейді. Бұқіл қазактың сүйікті ұлы Біржан сал жайлышы бұл да бір үзік сыр.

Қазақ даласына атак-данқтары кең жайылған Сегіз сері, Орынбай, Шөже, Нұркей, Тоғжан, Нияз сері, Арыстан ақындар – Біржан салдың ес білгелі ардактап өткен ұстаздары.

*«Сегіздей асыл адам жарапмайды,  
Халқына болып өткен шын жағдайлышы.  
Керейден жүз мың әйел ұл тапса да,  
Ешбірі Сегіз сері бола алмайды».*

Өзі де керейден шықкан дүлдүл ғой, бірақ Сегіз серіні өзінен әлдеқайда жоғары үстайды. Сол замандағы көнекөз қариялар Біржанның әншілігіне жан тенестірмепті. Бірде Шоқанның әкесі Шыңғыс төренін үйінде айтыскер ақындардың аға сұлтаны атанған Орынбайдың тапқырлығына, Біржанның әншілігіне отырған хан-төренін тұқымдары мен қарадан шықкан шонжарлар таңданыпты. Орынбаймен таласар Арыстан, Шөже, Тоғжан, Жанак бар ғой, ал Біржанмен әншілік жағынан терезесі тен түсер жан жоқ деп, келісімге келіпті. Сонда Біржанның өзі: «Тубінде бәрімізден озатын жас пері Ыбырай болады. Құлагер Көкшенің төртаяқтыларынан шықкан пері болса, әншіліктің жас перісі осы болады. Бір қызығы, Ақан серінің Құлагер өз аты болса, Ыбырай өз інісі ғой, құттықтаймын», – депті. Токсан алтыдан аскан кезінде мәжілістес болған Омар қариядан және Үкілі Ыбырайдың өз аузынан осы әнгімені естіген Молдақмет Тырбиұлы, Молдақмет Ержанұлы сияқты қариялар бұл әнгімені елге аныз етіп жайды. Есмағамбет Ысмайылов та, Ахмет Жұбанов та осылайша жазып кетті. Айтайын дегенім, Біржан алдындағы Сегіз серіні қаншалықты құрметтесе, артындағы шәкірттерін ұмытпаған еken, тиісті әділ бағасын беріп отырыпты. Есмағамбет ағамыз: «Жаяу Мұса, Басқараның Қанапиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолак, Әзделбай, Үкілі Ыбырай, Бейбіт, Ғазиз, Иман – Жұсіп, Кемпіrbай, Сабыrbай, Шашубай, Ағашаяқ Біржанның мектебінен өрістеп өнер қанатын жаяды», – деп үлкен ортаны әдемі әнгіме етіпті. Біржанның «Ләйлім шырак», «Жамбас сипар», «Телқоның», «Көлбай-Жанбай», «Айтбай» сияқты өлеңдері нәзік лиризмге, мөлдір сезімге бай маҳабbat назы такырыбына жатады. Осы сарындағы әндерінің әрқайсысы кейінгі ақындарға,

композиторларға ұстаздық сабак болды. «Құда келді» деген өлеңіме бірнеше ән шықты, сондағы: «Біздің елдің әні бар «Жамбас сипар», бір сипамай қоймайтын мен де қикар», — дегенім елге ұнаса, ол – Біржан атамыздың әсері.

Біржанның қақпакылдары ақындығының айшықты бір қыры, ұшқырлығы, тапқырлығы, өте сергектігін танытады. Бір жылы Баянауылдың аға сұлтаны әйгілі Шорманнның Мұсасы қарадан шыққан хан атандып жүрген кезінде Сағынай, Мәтін-Дәулен, Нұрбек, тағы басқа дөкейлер Омбыда мәжілістес болып отырғанда Біржан кіріп келіпті. Отырғандар Мұсаға «атакты ақын Біржан» деп таныстырыпты. Сонда Мұса менсініңкіремей: «Бұл да ән сала ма екен», — деп қалыпты. Біржан домбырасын қағып-қағып жіберіп, безілдете жөнеліп:

*«Мұсеке, біздің әнге кенелерсің,  
Дауысымды есіткенде бұлбұл дерсің.  
Көтеріп көкке қарай мен шырқасам,  
Бұл үйдің сындырашын терезесің», —*

дейді. Мұса мырза ләм-мим демей, үнсіз қалыпты. Біржанның аскак әншілігі, ұшқыр және дәлме-дәл тұра тиетін жебедей сөзі тап осылай талайдың аузын жаптырған фой. Бұл шумақ іспеттес қафытпалар Біржанда жеткілікті және бұл тақырып жеке-дара Біржан поэзиясының қызық бөлшегі болса, айтыс өлеңдерінде де жиі кездеседі.

Біржанның дүлдүлдігін әншілігі өзгеден үздік көтеріп тұрса, онын әділет үшін күресін, зорлық пен зомбылыққа жаны қас қайсар мінезін, елді елжіреткен де елеуреткен әнімен, өлеңімен айғақтаған туындыларының көш басында «Жанбота» тұр. Жанбота өзінін Аксары елінің болысы екен, Омбыдағы губернатор Көкшетауға келеді деген дайындық жиынға ертіп барып, дауға қалдырып, өзіндей көрші елдің болысы Азнабайдың поштабайынан таяқ жегізеді. Ыза-кегін сол поштабайдан алмақ өлеңі, Құрманғазының бір қүйі «Перовский марши» атандып кеткені сиякты, «Жанбота» атандып кетіпті.

Біржанның сол заманың аяқтан шалғыш кесірлері мен кесапттарына арналған бұл атақты өлеңі ақынды ақыық алғыр қыран іспеттес, жалтармас жолбарыстай алғыр кезінде көрсетеді. Әннің Жанботаға арналып кетуінде де көп себеп бар секілді. Өз жерінің болысы Жанбота Аз nabайдың поштабайына жазасын тартқызып, кешірім сұрату керек еді. Гәп Біржанды көрші болысы Аз nabай поштабайын жіберіп, «алып кел, келмесе ар жағын өзін білесін» дегені бар көрінеді. Поштабай өз болысының орындаушысы, сондықтан бар бәле Аз nabайда және онымен Біржан үшін көніл жығыспайын деп зәбірленген Біржан үшін тіл қатпай қалған Жанботада. Сондықтан өлеңнің:

«Жанбота, өзің болыс, әкең Карпық,  
Ішінде сегіз болыс шенің артық.  
Өзіңдей Аз nabайдың поштабайы,  
Қолымнан домбырамды алды тартып.  
Тартса да домбыраны бергенім жоқ,  
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.  
Қамышымен топ ішінде үрып еді,  
Намыстан, о, дарига, өлгенім жоқ», —

десе, қай елге, қай жиынға барса да жас жігіттер мен қыз-келіншектер алдынан шығып, кілемге түсіріп көтеріп әкететін атақты Біржан салды көптің алдында көргенсіздік жасайтын поштабайдың соткарлығына душар болар-аудеп ойламады, әрине, сасып та қалды. Бірақ ақынның каруы таяқ емес, асқақ әні мен өткір өлеңі болса, ол сәлден сон Жанбота отырған үйге кіріп келді де домбыраны сағактата безілдетіп, арыстандай айбатты, жолбарыстай ызалы даусымен, ашы әнді биіктете түсіп, ыза-кектің қысымында ақиқатты ашып салып, шерін шығарады. Ол халықтың алдында өнер берген өз құралымен есер болыстар мен «ұрда-жық» қолшоклар, керенау поштабайға лағынетін айтты. Жиналған жұртшылық көз алдында ар-намыстан ада жүгенсіздікке, со-

дыр әкімшілікке карсы атылған оқтай айбарлы да қыран мінез қырғын әнге дән разы болды.

«Созады Біржан әнін қоңыр қаздай,  
Басқаға бір өзіңен журмін жазбай.  
Бас қосқан мәжділісіміз болады деп,  
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай», –

деп, алаяқ туған алдамшы, ел алдындағы көрсокыр болысқа өз сыбағасын бергендей асқақтата құйқылжытып шыға жөнеледі. Шығып кетіп, сол ыза кернеген ашулы шағында қаулаған көпшіліктің ортасына келіп:

«Бұрынғының биіндей би қалмады,  
Бүгінгінің биінде ми қалмады.  
Хатым-құран болмаса моллалардан,  
Өлікке тамнан басқа сый қалмады.

Бұрынғының жақсысы тамам болды,  
Ендігінің «жақсысы» жаман болды.  
Арғымақтың аяғын арқан шалып,  
Есек озып байге алған заман болды», –

деп, барша оқиғаның пәлсапалық түйінін айтып, қайтадан жана пәрмен, жана ырғақ, жана сарынмен әуелете әндептіп берді. Жаңа сарында жайбаракат келіп, көкірекке тез жетердей, тыңдаған жан жаттап кетердей етіп, кен құлашты, нәзік лирикамен ұштастырып айттар сөзін ел жүргегіне жеткізді. Екі ән де Сарыарқаның кен даласында қалың бүлтты қак жарып, жарқ еткен найзағай отындар бейқам елге тез жайылды. Басына іс түскенде халқы қасында, әні төгіле түсті, дос пен қасты, жақын мен алысты ажыратып бергендей, аркалы ақынның санаасына өмір сыры үлкен ұя салды. Халқы да шын күрсініп, Біржан салды бұрынғыдан артық кадірлеп, сыйлап, ұлағаттай түсті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың: «Музыка қүйзелген адам жанын байырғы қалпына кайтадан келтіреді», –

дегенін өз аузынан естіп едім. Біржанның әндеріне зер салсақ, сөзімен жатық үйлесіп, жан сырын зор дауыс, нәзік тізбек асқақты лирикамен жеткізуі казақ мұзыкасы үшін үлкен сабак болды, болып та келеді. Ол ән әуенінің қай нотада қылышса да әсемдігін, абзалдығын, асқақтығын, өлең сөзіне сәйкестігін көздең өтті. Біржан сал дыбыстың сұнғаттысы мен шын қаттысын әннің шын тәттісіне айналдырды. Біржан әндерінің өзіндік нәрін айтар сұлу сазы бар, сол сұлу саздың әсем ырғағы кия белден танытып тұрады. Өзіндік мелодия, сұлу тізбек өрімі, өзекті байламы, тапқыр құбылыстары қайталанбас тамаша әндер тудырды. Бұл ұлы талғам жана екпін, тоникалық өлшемдер, нақышты буындар Біржан лебізіне ерендік пен ерекшелікті берді. Ақындық та, музикалық та табан астында шығарып салу аскан дарындылықтың белгісін айқын көрсетсе, оның құдай берген серпінді де күшті даусының құбылмалы әсемдігі кен тынысты әрі алуан сатылы мың бұрауға жетерлік созымталдығы нағыз қайталанбас ерен құбылыс деуге жеткізді.

*«Кім сүймес, көкке өрлеген әсем әнді,  
Көңілдің куйін шерткен көркем сәнді.  
Болғандай бойға қуат, ойға азық,  
Балқытып еріткендей толғап жанды»*, –

деген сөздерінде терен маңыз-мағына жатыр. Біржанның өзі сүйген өнердегі ұстанымы, ақындық та, әншілік те кредитосы, арманның асыл қазығы осы бір ауыз өлеңде жатыр. «Бойға қуат, ойға азық» беруден не ассын. Ол осы биік киялыша жеткен өнерпаз. Біржанның өзіне ғана тән тасқындаған, құйқылжыған жан баурағыш ырғакпен еркеленген биік дауыспен сөз бер әуені үйлестіріп жасаған музикалық бейнелері, өмірді сипаттауы оны нағыз феномен дегізді.

Біржанның феномендік шырқау шындары көз алдына Энрико Карузоны, Федор Шаляпинді, кешегі өткен Лучино Павороттиді әкеледі. Әміре Қашаубаев аға-

— 10 АРТ  
— 11 12 13

мыздың да Біржанды, оның әндерін ерекше сүюінде үлкен гәп бар. Бұлардың ән шырқауы сияқты Біржан әндері де асқақтығымен опералық арияларға лайыкты болып тартады да тұрады. «Айқайға басты Біржан аспанға өрлең», «Ақкумен аспандағы ән қосамың», «Дауысымның жана тұсті кәрі жыны» деген сөздерінің өзі тек қана даусының зорлығы емес, көркемдік, мазмұндық жағынан да, лапылдаған, тасқындаған өршілдік жағынан да биік өрелі занғар тұлға екенін көрсетеді. Сол себепті де Біржанның әндерін қашан тындасан да жана естігендей жалықтырмайды, ескірмейді, тозбайды, елмен бірге жасасып, өміршілдік көріністерімен асыл қазыналығын сактай біледі. Ол әсем әнді ел жүргегіне жеткізуді ұлттық рухты көтерудің көрсеткіші етті.

Біржанның Абай ауылына барып, ұлы ақынның қасында ұзак жүріп өнер көрсеткені және де ұлы хакімнен інілік ізет көргені үлкен жетістік. Табиғи сұрыптау ма, дәм-тұздың жалғасуы ма, әйтеуір казактың әдебиеті мен мәдениеті үшін бұл ұлы сапар екенінде дау жок. Мұхтар Әуезов бұл жайды «Абай жолының» екінші кітабында тарихи шындық сырьы етіп, асқан ақылмандықпен суреттеді. Абай атамыздың бұл тұста музыкаға тың жол салып, композиторлыққа беріліп жүрген кезі екен. Шабытқа шабыт қабаттасып Біржан атамыз Абайдың екі өлеңіне ән шығарыпты.

Мұхтар ағамыздың айтуынша, Абайдың өзі, шаңырағы, әuletі, дос-жаарандарды Біржанды қалай сыйлағаны да өрелі уақыға. Аттанар алдында Ұлжан Біржанға үлкен күміс тайтүяк, «ұш тоғыз» емес «тоғыз тоғыз» сәлемсауқат ұсыныпты. Абай атамыз Біржанға сары жорға ат, жолдастарына да көрнекті сый-сияптаған көрсетіпті. Міне, солардың бәрінен де:

«Кұлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсөң меншеге сүй!..»

деп басталған өлеңін коштасу рәсімінің сонында Біржан-ға алғашқы рет оқып беріпті. Сонда Біржан: «Абайжан, менің әнім саған жақсы қозғау салды деп едін. Бір ғана саған айтып кетсем дегенім – өзіңнің әнді қөтеріп қадірлекендей өлең-сөзді мен де ең алғаш бағалағаным осы десем не дейсін?» – депті. Адамның үміткер нәзік сезімі мен мөп-мөлдір жан дүниесіне Біржан әнінің қандай әсер еткенін Абай айтса, Абайдың даналық пәлсапалы ойға толы дана поэзиясын Біржан да аз сөзben зор бағалап кеткен екен. М. Әуезов: «Әңгіме сырлары сондайға көп сарқып, екі шабытты көңіл ұғысты да, сәл тыным тапты», – депті. Бұл ұлы кездесудің нүктесін бұдан артық коя алмаспаз. Екі тарихи даналарымыз жайлы үшінші ұлы ағамыздың жазғаны қандай жақсы.

Біржанның әу дегенде-ак айғайға басып, биік те көркем әуенмен тындаушыларын құлақ қоюға шакырғанын Абай андал қалып: «Көбінесе ән басы келеді ашы, «кел тында!» деп, өзгеге болар басшы», – дегені қандай қызық. Ол да үздік әнші ағасының әсері ме деп қаласын.

Біржан атамыз өзінің аса биік дауысына әуендей үзімталдық жарасым тауып, әуездік кисын, сарындық күйылыс, ырғактық ағын, жаппайы жүйе тауып, өлмestіk арна сала білген ерен өнер иесі. Осындай асқан дарындылығын сыйласап, Біржанды ән патшасы атап өткен арыстар да аз емес. Мысалға Сәкен Сейфуллиндей көсем кайраткер, өзі де әнші-композитор, ақиық ақын:

«Ән салса арыстандай ақыратын,  
Әуені қалтыратып жапыратын.  
Саңқылдан даусы кетіп алты белге,  
Көркем ән маңдағы елді шақыратын», –

деп, Біржан салдын ән қуатын «алты белге» жетер, әнінің әсемдігін «көркем ән маңдағы елді шақыратын» деп, асыл бағасын беріп, ұлы әншіні ұлағаттап отыр. Сәкен ағамыз Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ұбырай әндерін: «Жана өмірдің жарасымды гүлдері болады», – деп үлкен

көрегендік білдірсе, тәуелсіз Қазақстан бұл дүлдүлдерінің әндерін шын мәнінде гүл-гүлге айналдыра бермек, өрісін кенітіп, дәстүрлі әндердің биік төрінде ұстамак.

Біржанның әндеріне, оның қайталанбас ерекшеліктеріне молырақ токталудың себебі аз емес. Эсемдігі мен аскактығы, айқындығы мен тереңдігі, қонымдылығы мен өміршілдігімен бүгінгі ән әлеуетінің құрылымына қосқан үлесі талай музыкалық шығармаларға қанаттастырыды. 1941 жылы Алматыда болған әйгілі композитор Зиновий Компанеец өзінің «Қазақ рапсодиясы» атты халық оркестріне арнаған шығармасына Біржан салдын атакты «Жамбас сипарын» арқау етіпті. Наздылығы мен ойнақтығы, өмір философиясы мен көніл сырьы ғажайып рапсодияға тірек болды, өмір берді, әлемдік жаңа ән формасына жалғасты. Евгений Брусловскийден бастап көптеген композиторлар өздерінің операларына Біржан әндерінің інжу-маржанын пайдаланды, шартарапқа әйгі етті.

Біржан музыкасының сарқылмас тасқындығы, ешкімге ұксамас өзінің өзгешелік айрықшылығымен, жана-лық ерекшелігімен, мұқалмас өжеттілігімен талай-талай музыка ерендерінің көніл қалауын тауып, әйгілі арияларға айналып, казак музыкасының жалауындај желбіреді. Оның фантазиясы мол ұшқырлығы ел өміріне тығыз байланыстыры қазактың ұлы композиторы Мұқан Төлебаевтың назарына түсті, көкірегін тебірентті. Заман талаптарына, әлем жетістіктеріне сай опера жазу үшін Біржан мен Сарадай санлактардың өмірі мен өнер өресі керек-тін. Біржан сал ақындық, әншілік, композиторлық таланты мен ақылмандық қуаты, өмір таным өресі сәйкестенген, берік байланысқан казак халқының нағыз мәдениет көсемі еді. Міне, сол ғажапты таныған Мұқан ағамыз қанаттана жөнелді. Ел тілеген опера туды. Абайды әлемге таныткан Мұхтар Әуезовтей, Біржан салдын есімін Мұқан Төлебаев дүниежүзілік денгейге көтерді.

М. Төлебаевтың шебер де талантты шығармашылық елегінен өткен Біржан атамыздың асыл әндері екінші

өмірлерін бастап киял-ғайып құстай қайтадан құлпыра тартты. Либреттосын жазған қазақтың үлкен ғалымы әрі ақын, әрі жазушы Қажым Жұмалиев айта қаларлықтай тарихи енбек етті. «Біржан – Сара» операсы Біржанға да, ақын Сараға да, Мұқан Төлебаевтың өзіне де орнатылған мәңгілік ескерткіш деп білеміз. Тап осындай өреге жетіп, операға арқау болған Біржан мен Сараның айтысы қазак айтыс өнерінің шырқау шынына жетті. Біржан салдың туындыларын жайланаған еркіндік, намыс, адамгершілік сарындары операның бас кейіпкерінің бейнесіне негіз болып қалды.

Бір өлеңімде: «Сыртқы жаудан, ішкі даудан сактасын», – дегенімді оқып Нұрғиса Тілендиев ағамыз: «Әй, Кәкіжан, сыртқы жау жуыр манда тиісе қоймас, осы ішкі даудан қазағым аса жылдам арыла қоймас», – деп еді. Асыл ағамыз, дүлдүл дарынның сөзі шындыққа сүйенген ғой, әйтпесе Біржан сал мен ақын Сараның айтысының болғандығын дәлелдеген «ішкі даудың» басылған шағына жеттік-ау деп, бұл мәселеге кіріспеймін, тек қана «айтысты таратқан кім?», «жазып алған кім?» деген сұраптарға нақтылы жауап табылған сияқты, сол шындықтың сырына аз-мұз ат басын бұруды жөн көрдім.

Жазба әдебиеттегі әртүрлі деректерде «Біржан мен Сара» айтысының үш нұсқасын алға тартып бірін Қазанға Жүсіпбек қожа Шайхыисламұлы, екіншісін белгілі ақын Эріп Тәнірбергенов жіберіпті-мыс, ал үшіншісінің аты беймәлім болатын. Міне, сол беймәлімділікті, дүдәмал жорамалды 1996 жылғы казанның бірінші жартастындағы «Жас алаш» газетінің екі санында өте құнды үлкен мақаланы «Ақын Сараға соктыға береміз бе?» деп Өтепберген Ақыпбекұлы мырза тамаша жазыпты. Автордың әр сөзінде, әр сілтемесінде, тұжырымында алдын ала берілген нақтылы деректері бар және жүйелі сөз бен киелі сұрапқа адал жауап беріпті. Бұл мақалада Біржан мен Сараның өскен ортасы, хал-ахуалдары түсінікті түрде көлтіріліпті, ал Сараның қашан туып, дүниеден қашан өткені және бүкіл үрім-бұтақ зәузаты

аталыпты. Айтыстын қашан, кай жерде болғанын дәлмегдәл келтіріп, 1871 жылы Біржан салдың қынаптан шықкан қылыштай қырық жастағы, ақын Сараның айдынға шықкан жас акқудай он сегіз жасындағы кезі деп нактылы түйіндепті. Бұл мағлұмат Біржан салдың 1831 жылы туғандығын да айқындейді, Сараның да туған жылы 1853 жыл деп айтушылардың ойына тура келеді. Бұл екі жылдарды айғақтағаны өте құнды мағлұмат. Макала авторының айтуынша, Сараның сүйіп қосылған жұбайы Бекбай Алтынбекұлы 1852 жылы туып, 1933 жылы қайтыс болыпты. Ал Сараның қайтыс болған жылы 1907 жыл делінген. Осы тұжырымдар мен деректер академик Ахмет Жұбановтың да жазып кеткен шешімдеріне сәйкес келеді.

Макаланың авторы басқа да көптеген керекті деректерді дәйекті дәлелдеп берген екен. Бізге керекті үшінші нұсқалы айтыстың сөздерін Қазан қаласына кімнің жібергені болса, сол сұрапқа жауапты тура тапқандай болдық. Шынтуайтқа келсек, негізгі нұсқа, яғни айтыстың тура өз сөзі біреу-ақ емес пе? Әне, соның басын Біржанға үйлеспейтін ақындық сарынмен қосып, қосымша нұсқалар туды ғой. Ал айтыстың барысында Біржанмен бірге болып, жазып алғып, көшірмесін Сараға беруші Әмірхан Сүйінұлы (1836-1901) екенін Ә. Ақылбекұлы дәлелді түрде сенімді етіп жазыпты. Ә. Сүйінұлы әйгілі актандер ақын Сегіз серінің жақын інісі, Біржан салдың өзінен екі-үш жас кіші атақты шәкірті болыпты. Ол осыған қоса «Әмірхан» атты әнімен көпшілікке аян аты белгілі кісі. Сол әннің сөзінде:

«Әмірхан Сүйінұлы менің атым,  
Салдықпен көрдім дүние рахатын.  
Нағашым Жалпақ Қанай деп атайды,  
Керейден Ашамайлы асыл затым», —

дегенін Есіл-Көкше аймағы жақсы біледі. Аталған мақалаға осы әнгіме жайлы кен түсінік беріп Әмірханның кім

екенін жуырда «Қазақ әдебиеті» газетінде белгілі жазушы, айтулы тарихшы, атамекені Біржан елімен қоныстас көкшетаулық Естай Мырзахметов ағамыз дәлелдей түсіпті. Ә. Сүйінұлының өзіне келсек, қашқындықпен Зайсан маңында бас сауғалап жүріпті. Біржанның Жетісуға келер сапарына қосылышп, әрі шәкірті, әрі жазып алғыш, жаттампаз көмегін көрсетіпті. Патша заманының түсында Солтүстік Қазақстанға бекініс жасап қоныстанип алған казак-орыстар: «Погоняем киргиз», – деп есіріп, ауылдарға киян-кескі шабуыл жасап, қорлап кетеді екен. Сондай бір сойқан сокқыға ауылы душар болған айқаста бір казакты өлтіргені үшін құтын-сүргінге ұшырап Әмірхан Алтай жакка жасырын кетіп, Зайсан маңында тұрса керек.

Әмірхан туралы бірқатар деректерді Өтепберген мырза тарихқа белгілі «Сара мен Төребайдың айтысынан» келтіріпті. Төребайдың Сараға қайтарған алғашқы шумактарында:

«Зарыңа Біржан құлақ салған еді,  
Мұңыңды ілтишатқа алған еді.  
Біржанның сондағы айтқан айтыс жырын,  
Әмірхан мұқияттан жазған еді.  
Жаласы өлген солдат жабылған соң,  
Еліне жуықтап келіп қайта алмаған.  
Қазанға айтыс сөзін жіберсе де,  
Өз атын сақтық қылыш айта алмаған», –

деу себебі, Әмірхан айтыстың қолында қалған нұсқасын Қазанға Жақып Бижігітұлының атынан жіберіпті. Ал Жақып жайлы Төребай әлгі айтыста:

«Керейден Ашамайлы арғы заты,  
Бижігіттің баласы Жақып аты.  
Әмірханға саналып өкіл бала,  
Таралған молда болып жазған хаты», –

деген болса, айтысты Қазанда шығарған Шайхисламұлы Жүсіпбекке соғып өтсек, оның да бір шындығын «Төребай мен Сара айтысынан» Ө. Ақылбекұлы былай:

*«Шайхислам Жетісуды арапады,  
Байлар мен би, болысты жағалады.  
Қалдырган Біржан саған қолжазбаны,  
Өзіңнен қалап алып кете барды.  
Арада жиырма алты жыл уақыт өтті,  
Кітап бол шығатуғын мезгіл жетті.  
Шайхислам баласы Жүсіпбек қу,  
Қазанда сол айтысты жария етті», –*

деп келтіріпті. Шайхисламның да, Әріптің де атына байланысты нұсқалар жоқ демейміз, бірақ соның бәрінің түбірі, таза негізі Біржан мен Сараның өз ауыздарынан жазып алып Сараға, одан кейін Сегіз серінің баласы Мұстафаға табыс еткен Әмірхан екеніне күмән жоқ.

Белгілі ғалым Есмағамбет Ысмайылов: «Біржан мен Сараның кездесіп, айтысуына негізгі бір дәлел – айтыстың ең алғашкы нұсқасын Жүсіпбек кожа Шайхисламовтың 1897 жылы Сараның өз аузынан жазып алғандығы. Жүсіпбек нұсқасы 1898 жылы Қазан қаласында басылып шыкты. «Біржан мен Сара айтысының» екінші нұсқасы 1899 жылы жарияланды», – дейді. Қате жорамалдар ол нұсқаны Әріп жіберді деп түйіндеген. Анығы – Жакып Байжігітұлы атынан Әмірханның жібергені жайлы дерек алып отырмыз.

Қазақтың асыл азаматы, өткір де әділ сыншысы, белгілі әдебиеттанушы Есмағамбет ағамыздың Әмірхан жайынан хабары жоқ болуы ықтимал. Біржан салдың туған, дүниеден озған жылдарын Ахмет Жұбановтай дәп баспаса да ол кісігіе ешқандай кінә тактаймыз. Үлкен ғалым ретінде Ескең Біржан салдың ақындығы, композиторлығы, әншілігі жайлы жәй мағлұмат қана беріп коймай, біржантанушылардың Сәбит Мұқановтай бас жағында тұрғаны, әділ баға беріп дүлдүл ақынның

творчествосына терен талдау жасағаны басты еңбегі деп білеміз. Негізгі керегі де осы ғой. Ал біздің кейбір нақтылы зерттеулерге, Ахмет Жұбановтай музыканың да, музыканттардың да камқоршысына сүйенбеуге хақымыз жок. Мәселен, айтыстың жетпісінші жылдары болғанын Есім Байболов ағамызың дәлелдесе, ол Біржан салдың туған, өлген жылдарын да үлкен баласы Теміртастың айтуына сүйеніп, Ахмет Жұбановқа жеткізіп отыр, оны Ахан жөптеді.

Кезінде «Біржан мен Сара айтысы» төнірегіндегі түрлі канку сөздерге айқын атой берген Шеген Ахметов пен академик Ахмет Жұбановтың айтқандарын тарихи жана деректі дәлелдер жөптеп отыр. Шеген Біржанның Жетісуға арналған өлеңін, Ахан Жетісуда тараған Біржан әндерін дәйекке келтірді. Айтыстың болғаны рас, оны Әмірхан Сүйінұлының қағазға түсіріп Сараның өз қолына бергені де даусыз дәлелденіп отыр. Бірақ, меніңше, Әріп Тәнірбергенұлына да, Жұсіпбек Шайхыисламұлына да тиісідің қажеті жок, олар айтысты колдан жазған жок, Сараның өз қолынан алып кіріспе косып таратты. Бізге дау емес, ақиқат керек. Неше нұсқа сөз болса да Әмірхан айтысты естіп, жазып, Сараға берген нұсқа негізгісі.

Біржан салды сөз еткенде әрине, оның XIX ғасырдың орта шенінде өткен өмірін жадымыздан шығармаймыз. Өйткені патшалық Ресейдің қазак жерін көптеген бекіністер орнатып, билеп-төстеп алуы өмір тауқыметін аз таттырған жок. Алдындағы ұстазы әйгілі Сегіз сері қашқын болып, губернатордың қаһарына ілікті, сонынан ерген шәкірті Әмірхан да зомбылық пен зорлыққа ашынғандықтан зәбірлеушілердің біреуінің өлімі үшін Зайсанда жүріп жасырын өмір сүруге мәжбүр болды. Ол ол ма, ел арасындағы шонжарлардың да татқызған тауқыметі аз болмады, асқақ әнші, тамаша ақын, ұлы композиторды олар амалсыз қарсылыққа шақырды.

Бала күннен үлкендердің аузынан естіп білуімізше, Біржан орта бойлы, дембелшен, кен иыкты болыпты. Екі көзінің жалын атқан ұшқыны тік қарауға шыдатпаса,

қызылшырайлы көркем жүзінің нұры көрген жанды қымсынады еken. Мейірбан мінезі, үстіне киген киімі һәм әсем жүріс-тұрысы оны сал деп ататқызды. Сал, серіге шын лайық көрнекті де көркемдігі тасқын талантты әнші-ақынның бұл бекзадалығын көре алмаушылық та болыпты. Алпыс жаска келгенде көптеген соққыны көрген ақынның басы ауырарлық кеселге ұшырағаны да рас көрінеді. Байлаулы жатқанда соның бәрін сыртқа шығарған «Дүние» атты өлеңі ел аузында кен таралып жүр. Бұл өлеңнің әні де, сөзі де үлкен ойлылығымен жан баурайды:

«Қара су есік алды лайланған,  
Бай болмақ, жарлы болмақ бір құдайдан.  
Қамзолдың келте пішкен етегіндей,  
Дүние өтерінде шыр айналған», —

деп айтқан өмір назында қаншама философиялық тे-  
біреніс, үлкен ізгілікten шықкан парасатты толғаныс жа-  
тыр. Тап осындағы ойларына оранып тебіренгенде Біржан  
атамыздың озық ойлы сөздеріне таң қалмасқа болмайды.  
Бір өлеңінде: «Жақсы адамның ауырғаны жатының да жа-  
нына батады» деген ой салса, енді бірде: «Өзінмен бірдей  
жанып, бірдей күйген, Досыннан қатын-балан болмас  
артық» деген қанатты сөз тастайды. «Токсан түйе тоғанак  
жүгіменен» дегені қандай көрініс, жәй ғана көрініс емес,  
тіл ұстартуға бергені аз демеймін. «Арғымақтың аяғын  
арқан шалып, Есек озып бәйге алған заман болды», — деп  
күрсінсе, ол өз басын ғана капырық шалды деп тұрған  
жок, қайран халқын, қатал заманын ойлап отыр. «Қазған-  
мен су шықпайды қыр басынан», «Жігітке ақыл — пана,  
уайым — қорған», «Тұлқінің жүгірісін қыран байқар»,  
«Сұлуды кор қылады күте алмаған, жібекті жұн қылады  
түте алмаған» деген нақылдары да оның білімдар ойшыл,  
табиғи һәм пәлсапашы екенін танытады. «Қайғылы  
қара кемік байтал түгіл, арғымақ ат шыдамас желісіме»,  
«Аккүмен аспандағы ән қосамын, қозғасам ашы күйді

түптен тартып», «Он бестен ұрғашыға саятшымын, күн сайын қанжығамды қандайтын», «Тәттібет ардагерім арғын аскан, қырық түрлі қүй ілінген бармағына» деген сияқты қанатты сөздері ел аузында жүре бермек.

Біржан бар жерде әділетсіздікке орын болмады. Ұлттың мәдени һәм рухани дамуын көзделген тамаша ақын асқак әнші, дүлдүл композитор, ұлы өнерпаз, терен ойшыл жан еді. Міне, осы қырын зерттеушілер аша түссе нұр үстіне нұр жау мақ дер едім. Біржан салдын бүкіл ғұмырнамасын еске алсақ, жалыны басылмаған жанартаудай, жүзінен қуат, ажарынан иман, жанарынан ой төгілген кезінде-гідей көзімізге қуанышпен елестетеміз. Ол өз заманының бейнесін, шынайы сипатын ұшқыр сөз, асыл әнге орап, өзінін азаматтық парызын өтеп кеткен ұлы тұлға.

Кезінде бодандықтың қандай да кесапатын көрсек те, жаным қазак, тәнім қазак, мен қазақ болып қаламын деген қасиетті ұғымнан Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ұбырай, Балуан Шолактың әндері адастырмады. Мен олардың әндеріне аспаннан естіл жүргендей ғашық болдым. Алыста жүріп елді аса қатты сағынған кездерде де олардың әндерін айтып, күйзелген жаныма дәру таптым. Міне, олардың жас ұрпаққа берген ықпалы мен тәрбиесі.

Сал, серілер мектебінің ұстазы, әншіліктің патшасы, ерен композитор, ақындықтың дүлдүлі, көз жұмғанша әділдік үшін айқасып өткен күрескер, қазақ халқының ұлы перзенті Біржан сал Қожағұлұлының есімін мәнгі сактайтын шаралардың каркыны көптен бері бәсендереп калған секілді. Өлеңдері мен әндерінің басын қосып, бір кітап етіп шығару да кезектегі киелі іс. Біржан салдын ақын Сарамен айтысып отырған мұсіндерін орнату да әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ерекше ескерткіші болар еді деп білемін. Егер ол ескерткіш Астанада бой көтерсе нұр үстіне нұр жауарына толық сенемін.

**Кәкімбек Салықов.**  
**09.09.2003 жыл.**  
**Астана**



Бірінші бөлім  
**Өлеңдері**



\* \* \*

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Пайдам жок, зияным жок жүрген жанмын.  
Кісіге анау-мынау бас имеймін,  
Өзім сал, өзім сері кімге зармын!

Жасым бар жиырмада, жасырмаймын,  
Басымнан дүшпан сөзін асырмаймын.  
Елімнің еркелеткен ақынымын,  
Сен түгіл, патшаға да бас ұрмаймын.

## АЙТБАЙ

Атымның қақ тұрады сауырына,  
Қос тепкі салып келем бауырына.  
Қолынан шай құйдырып ішейін деп,  
Келеміз Айтбай сұлу ауылына.

Мамекен Айтбай десем күлімдейді,  
Сұр жорға астымдағы сүрінбейді!  
Ақкудай аспандағы жұз құбылтып,  
Сал Біржан ән салуға мұдірмейді.

## ҚАЛАМҚАС

Мен жаздым сәлемдеме Қаламқасқа,  
Сүйгенім болмаған соң сенен басқа.  
Бір жауап құрбысына кайтарар деп,  
Жалынып мұнымды айттый сұлу шашқа.

## **Қайырмасы:**

Қаламқас, қалдың кейін, мен не дейін,  
Баарымыз дәм бұйырса, кешке дейін.

## **АЛТЫН БАЛДАҚ**

Қолыма асынғаным алтын балдақ,  
Мен келдім Әсемкерді суға жалдап.  
Құйрығын екі-екіден талдап өріп,  
Қылмитып мініп шықтым қалқаға арнап.

Болғанда кешке таман апақ-сапақ,  
Алдынан шықты сәулем – аппақ шапақ.  
Кигені қара кәмшат оқалаған,  
Басында бір шоқ үкі бұлғалактап.  
Атымның шаужайынан ұстай алды,  
Мен кеттім сол қалқаны сөзбен алдап.

## **АҚСЕРКЕШ**

Бір атты сатып міндім елу беске,  
Болдырмас шапсан-дағы қара кешке.  
Бозбала, бекер сал боп неге керек,  
Салып қал шын сал болсаң «Ақсеркешке».

Бәйгеден озып келген атты алайын,  
Ер жігіт сынамай ма бақ талайын.  
Жиылып үлкен, кіші отырғанда,  
Толқытып «Ақсеркешке» ән салайын.

Жем жеді қара арғымак «түрт» дегенде,  
Аяғын әсем басар «қық» дегенде.

Жерлерге үш құншілік болады азық,  
Аузынан жан қалқаның «үп» дегенде.

Бір атты сатып алдым елу беске,  
Ертеден болдырмайды қара кешке.  
Аралап неше дуан жұрсем-дағы,  
Өзімдей жан салмайды «Ақсеркешке».

## **СОКПА-АЙ СОҚ**

Мінезі жүйрік аттың сокпа-ай-сокпа,  
Айтамын мен өлеңді осынау топқа.  
Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,  
Өмірің бір азырак бар ма, жок па?

*Қайырмасы:*

Хайрым, хайрым, хайрау, хайрай.

Ал десе еркін жүйрік ағындаған,  
Ақылға кейбір надан бағынбаған.  
Жігіттік бойға такқан бір гауһар тас,  
Картайсан қайта айналып тағылмаған.

*Қайырмасы:*

Хайрым, хайрым, хайрау, хайрай.

## **КЕРКЕКІЛ**

Астымда Керкекілім бұландайды,  
Сұлу қыз кербезденіп сыландайды.  
Ауылын сүйген жардың іздеп бармай,  
Көнілім еш уақытта тына алмайды.

Жадағай жайсыз жерден жүре алмаймын,  
Жадырап сенсіз жерде құле алмаймын.  
Жасымнан ғашық болып сүйген сәулем,  
Басқаны бір өзіннен біле алмаймын!

## БІРЛӘН

Қарағым, айналайын, көз көргенім,  
Жоқ сенен көнілімде өзге менің.  
Сөзің бал, тісің меруерт, беу қарағым,  
Есімде «мен сендік» деп сөз бергенің.

*Қайырмасы:*

Ахай Бірлән,  
Әнім түрлен,  
Ән еді жана шыққан, ахай, үри-ай.

Көрінер сұлу жирен жарағанда,  
Шаштарың гүл-гүл жайнар тарағанда.  
Таңданып жығылуға таянамын,  
Мойныңды бұра тастап қарағанда.

*Қайырмасы.*

## ҒАШЫҚЫМ

Ғашықпын тағат, сабыр ете алмаған,  
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.  
Қайырса қара қарға каз алмайды,  
Жібекті жұн қылады түте алмаған.

*Қайырмасы:*

Ғашығым, асылым, қайғынменен  
жасыздым.

## **ҒАШЫҚ ЖАР**

Қыын екен жалғанда сүйген ғашық,  
Сөйлеспеске екеуі мауқын басып.

*Қайырмасы:*

Ғашық жар, енді аман бол!

Жапырақ жарған ағаштай, жан сәулешім,  
Топ ішінде тұрса екен шоқтығы асып.

*Қайырмасы.*

## **ЖАЙМА-ШУАҚ**

Қарқаралы басында жалғыз арша,  
Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша.  
Кішкенеден бірге өскен сәулем едін,  
Ғұмырың аз ба, көп пе, әлде қанша?

*Қайырмасы:*

Өттің жалған, кештім сайран,  
Уа, шіркін, қыз бала-ай!  
Жастықтың әсерімен еттім сайран!

Көл жағалай бітеді көкше құрак,  
Ән салмағың қайда еді-ау, Ләйлім шырак!

Қозыбайдың үйінде мәжіліс бол,  
Біржан салған ән еді «Жайма-шуақ».

*Қайырмасы.*

## **ЖОНЫП АЛДЫ**

### **1-түрі**

Аты еді бұл әнімнің «Жонып алды»,  
Алғандай сұлу жонып өрім талды.  
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,  
Жаңылмай әлі күнге есте қалды.

Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,  
Жағымды қөпке бірдей, жұрт ұнатқан.  
Келетін нақысына жұз құбылтып,  
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан.

Кім сүймес көкке өрлеген әсем әнді,  
Көнілдін күйін шерткен көркем сәнді.  
Болғандай бойға қуат, ойға азық,  
Балқытып еріткендей тербел жанды.

### **2-түрі**

Өлеңді айт дегенде тасып берем,  
Мергендей көздеп тұзу атып берем.  
Ағайлар басын қосқан мәжілісте  
Әніне «Жонып алды» басып берем.

Айтылса көп өлеңнің қоры бар-ды,  
Мақамын келтіруге тоны бар-ды.  
Айтылса сол көп өлең мақамынан,  
Аты бар бұл әнімнің «Жонып алды».

## СЫРҒАҚТЫ

Ақ түйғын құс, қолымда сырғақты ма?  
Басып-басып алайын ырғақтыма.  
Бозбала, саған айтар өсиетім:  
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.  
Жанып түрған жас өмір – алқызыл гүл,  
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.  
Жауқазын желбіреген жастық шақта  
Өмірдің мағынасына түсіне біл.

\* \* \*

Бұрынғының биіндей би қалмады,  
Бүгінгінің биінде ми қалмады.  
Хатым-құран болмаса моллалардан,  
Өлікке тамнан басқа сый қалмады.

Бұрынғының жақсысы тамам болды,  
Ендігінің «жақсысы» жаман болды.  
Арғымақтың аяғын арқан шалып,  
Есек озып бәйге алған заман болды.

## АҚҚОШҚАР

Өрісім өрдегі «Алтай Куандық-ты»,  
Әркімге көрсетіпті жуандықты.  
Аққошқар – Сайдалының заманында,  
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.

Көлі бар «Аққошқардың» саумал атқан,  
Бір көлден қырық мың жылқы ішіп жатқан,  
Байлығын «Аққошқардың» баян қылсам,  
Бес жұз ат Орынборға бір күн сатқан.

## АҚТЕНТЕК

Қыз едін Ақтентектің Шұға, Мақпал,  
Әр жерде сабырлы ерді тәнірім сактар.  
Көнілі бір-бірінмен болса ғасыл,  
Ауылдың сұлу қыздың жігіт жақтар.

*Қайырмасы:*

Гей-гигей-гек-гек-гей-гигей-гек-гек.  
Лиллай-лиллай, лиллай-лиллай,  
Лиллай-лиллай-лай-лау.

Қызы едін Ақтентектің Ажар атын,  
Ешкімнен кейін емес салтанатын.  
Алыстан ат терлетіп келіп едім,  
Жүрмісің есен-аман, перизатым!

*Қайырмасы.*

## МАҚПАЛ

Сайына Шағырайдың-ай-ау ағып кеттім,  
Жыраға тырнағымдай неғып кеттім.  
Бұрында жаңылмайтын байғұс басым,  
Неліктен осы жерде қапы кеттім.

*Қайырмасы:*

Үриау, үриау, үриау.

Ей, Макпал, мен разы сертке жетсен,  
Жерлерден қын-қыстау аман өтсен.  
Жанымды бір тыындаи көрмеуші едім,  
Өзің біл ғашығынды зар еніретсен.

*Қайырмасы.*

Шаһардың Иранбағы гүліндейсін,  
Зәйтүндегі ерте піскен күлімдейсін.  
Көп ішіп бойға сіңген апиындар,  
Денеме қанша айтсам да білінбейсін.

*Қайырмасы.*

## **БУРЫЛТАЙ**

### **1-түрі**

Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурылтайдың,  
Сағасы өткел бермейді терең сайдын.  
Құба жонға жүгіртіп шыға келсем,  
Жұрты жатыр, өзі жоқ қалқатайдын.

*Қайырмасы:*

Ақау бикем, жар-жар,  
Алма мойын, ак сұнқар.  
Қош есен бол, құрбым-ай!  
Құрбылықпен жүрдім жай,  
Ақау айдай, жариям айдай,  
Жардың көңілін қалдырма, қызы қалқатай.

### **2-түрі**

Таңбасы жоқ, ені бар Бурылтайдың,  
Сағасы өткел бермейді-ау терең сайдын.  
Құба дөңге шыға келсем,  
Жұрты жатыр, өзі-ай жоқ қалқатайдың-ау.

*Қайырмасы.*

Түйе барып шалатын талдың басын,  
Болжау қылып кетіп ем жардың тасын.  
Болжалдасқан жерінен табылмасан,  
Сыпыра төгіп кетермін көздің жасын.

*Қайырмасы.*

### 3-түрі

Қамшы бастым асыға Бурылтайға,  
Өткел бермей тоқтатқан терен сай ма?  
Жұрт жаңғыртып орнынан бір күн түнде,  
Қалқатайдың ауылы кетті қайда?

*Қайырмасы.*

## КӨКЕК

Аты жоқ құс болады көкек деген,  
Алдында терезенің секектеген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айрылып сені, сәулем, кетед деген.

*Қайырмасы:*

Ей, аты жоқ көкек, бей, аты жоқ көкек!

Кім сүймес шешек атқан көкек айын,  
Бейне жаз, менің сүйген сәuletайым.  
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен?  
Ей, көкек, ұшып барып білші жайын!

*Қайырмасы.*

Шекене селдіретіп айдар тағып,  
Көкек деп бос жүргенше секен қағып,  
Қосайын өле-өлгенше мен әніме,  
Қалқадан хабар әкел ұшып барып.

*Қайырмасы.*

## ТЕЛҚОҢЫР

### 1-түрі

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,  
Ит-құстан барап ма екен есен-аман?  
Ит-құстан аман-есен бара қалсан,  
Сәлемді үш қайтара айттым саған.

Жүгіріп жалаң аяқ шыктым қырға,  
Басқаға жолда тұрған мойның бұрма.  
Кеткенде аулын шалғай, беу қарағым,  
Салсайшы өзімдей қып «Телқоңырға!»

### 2-түрі

Жүйрік ат, қыран бүркіт, қазан атым,  
Құлақ сал «Телқоңырға», азаматым!  
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Тез жеткіз Телқоңырдың аманатын.

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,  
Ит-құстан барап ма екен есен-аман?  
Қалаға үш қайтара айттым сәлем,  
Ит-құстан бара қалса есен-аман.

### **3-түрі**

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,  
 Ит-құстан баар ма екен есен-аман?  
 Ит-құстан барса жақсы есен-аман,  
 Дау-жанжал бүліншілік елім жаман.

Жібердім Телқоңырды елге бар деп,  
 Жұргуғе бүл өлкеде жолын тар деп.  
 Жаныма бағалаған жануарым,  
 Шығардым осы әнімді саған арнап.

### **4-түрі**

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,  
 Ит-құстан баар ма екен есен-аман?  
 Ит-құстан қалса егер есен-аман,  
 Қалқаға үш қайтара-ау, шіркін, айттым сәлем.

Жұгіртіп жалаң аяқ шыктым қырға,  
 Басқаға жолда тұрған мойның бұрман!  
 Басқаға жолда тұрған мойның бұрсан,  
 Біржанды зар қыларсың «Телқоңырға».

## **ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ**

Ләйлім шырак дегенде, Ләйлім шырак,  
 Таудан ақкан құм қайрақ сен бір бұлак.  
 Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,  
 Шідерімнің бағасы – қырық қысырак.

*Кайырмасы:*

Өзіме бер, шідерімді тауып алсан,  
 Елу теңге берер ем, сүйінші алсан.

Жерде шіріп қалса да өзіме бер,  
Шыбын жаным қиналсын, бітім алсам.

Ләйлім шырак, дегенде, Ләйлім шырак,  
Мен де өзіндей жас едім жана талап.  
Біреуге Ташкент барған алдырып ем,  
Қызыл жібек, қырмызы, пүт бес-қадақ.

*Қайырмасы.*

## **КӨЛБАЙ-ЖАНБАЙ**

Ар жакта отыратын Көлбай-Жанбай,  
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай?  
Балағы шідерімнің алтын еді,  
Асығыстан барамын сұрай алмай.

*Қайырмасы:*

Көлбай, Жанбай дегенде, Көлбай, Жанбай,  
Тізгінімді кім алды, Ләйлім алмай?

Көлбай-Жанбай, тындашы, асыл тасым,  
Біте қайнап, бірге өскен замандасым!  
Көктен жел, жерден шайтан әкеткен жок,  
Ұрлап алған – өзіннің қарындасын.

*Қайырмасы.*

Сегіз би съезіне бердім жөнге,  
Шідерімді таң қалар көрген пенде.  
Шідерімнің бағасын сұрасаңыз,  
Бағасы болады оның жүз мың теңге.

### *Қайырмасы.*

Көлбай-Жанбай дегенге, қалқам шырак,  
Ағып жатқан құм қайрак, сен бір бұлак.  
Бағасын шідерімнің сұрасаныз,  
Шідерімнің бағасы – қырық қысырак.

### *Қайырмасы.*

Көлбай-Жанбай дегендер асыл сүйек,  
Бір тәнірден мен жүрмін тілек тілеп,

Форымын шідерімнің сұрасаныз,  
Ак күмістей балағы, алтын тиек.

### *Қайырмасы.*

## ШІДЕР

Көдбай-Жанбай дегенге Көлбай-Жанбай,  
Шідерімді кім алды, қыздар алмай?  
Шідерімнің бағасы атыммен тен,  
Ақырында коймаймын сенен алмай.

### *Қайырмасы:*

Шідеріме сен, Көлбай, қылма зорлық,  
Шідерсіз ат тұрмайды, о да қорлық.  
Ат-көліксіз қалам ба, шідерім жок,  
Шідер үшін сіздермен араз болдық.

### *Қайырмасы.*

Өзі жалғыз, өзі асаяу күрен төбел,  
Жексем – арба, мінсем – құс, жүрер жедел.

Сатпаймын да, бермеймін еш адамға,  
Қолқа қылсан, басқаны ал, шідерді алма!

*Кайырмасы.*

## **АЙЖАН ҚЫЗҒА**

Айжанның разы болдым құрметіне,  
Жайылар бүл құрметің ел шетіне.  
Мал мен бас, ықыласың – бәрі бірдей,  
Оралған бәрі тегіс ниетіне.

Қызы екен Айжан сұлу Ақжол байдын,  
Құрметін көріп едім мен талайдын.  
Бұралған нәзік белі тал шыбықтай,  
Оралған жағасында аққан сайдын.

## **БІРЖАННЫҢ ОМБЫДА БІР ҚЫЗҒА АЙТҚАНЫ**

Сіз бұрын естіп пе еніз Біржан ерді?  
Бүл Біржан аралаған талай елді.  
Жалғанда ырысын бар жан екенсін,  
Құлағың естігенді көзің көрді...

## **АТЫМ БІРЖАН**

Алтын ең тең түспейді інжу-маржан,  
Асылдан кем болмайды алмас-бірлан.  
Әніме сегіз дуан таңырқаған,  
Баласы Қожағұлдың атым Біржан.

## ОРЫНТАЙ

Дегенге Орынтай-ды, Орынтай-ды.  
Қыздардан биыл менің жолым тайды.  
Қолымды Орынтайға бір жеткізсен,  
Берер ем женгелікке торы тайды.

Ғашықпын бір өзіне, Орынтайым,  
Басқаны жолда тұрса не қылайын!  
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейсін,  
Жолына сәруәр еткен бір құдайым.

Орынтай, күн нұрысың естен кетпес,  
Сен үшін не болсам да уака етпес.  
Жолына шашсам-дағы дүние малын,  
Сонда да, Орынтайым, қолым жетпес!

## ҚАЛҚАМА

Қалқама хат жаздырдым алакандай,  
Тоғыз қыз бір өзіңнің садағандай.  
Айналып дүние сүмға қолым тимей,  
Талпындым көк қауырсын балапандай.

Өлеңім ағын судың басындай-ды,  
Найзағай аспандағы тасындай-ды.  
Алмасан тар қойнына өзің тартып,  
Мойныңа өзім барып асылмаймын.

Басынан Бүркіттінің тұн қатайын,  
Шылбырын Кершұбардың шұбатайын.  
Кершұбар маған десе арам қатсын,  
Іздеп келген қалқама тіл қатайын.

## **ПАР ЖЕКТІМ**

Пар жектім қос күренді сүмендетіп,  
Жеріне уағда еткен келдім жетіп.  
Уағдан өткен айдың жүзінде еді,  
Барады әлденеше күндер өтіп.

Қарағым, қаракаттай көз жанарын,  
Ерігіп жаңа келді сөз ажарын.  
Жәрменке – жас уакыт өтіп кетіп,  
Бұл күнде тоқталып тұр сол базарын.

## **ҚАРАША**

Қараша – қыстың басы болады күз,  
Дәм жазып осы ауылда болдық қой кез.  
Сіздің ел, біздің елмен не деспейді,  
Құрбым-ау, оған бола айтпаши сөз.

## **ОН ЕКІ ВЗВОД**

### **1-түрі**

Қара нар жүк көтермес бел кеткен сон,  
Кен жайлау құлазиды ел кеткен сон,  
Бірге өскен кішкенеден қалқатайым,  
Жүремін кіммен ойнап сен кеткен сон.

*Қайырмасы:*

Беу, өттің дәурен,  
Өттің сайран,  
Жігіттік дағуасына қалдым сайран.

Шалшық су құдық болмас қазбаған сон,  
Сабырдан ат өте алмас саздаған сон.  
Жете алмай мұратым болдым ғаріп,  
Әуелде тағдыр өзі жазбаған сон.

### Қайырмасы:

Беу, өттің дәурен,  
Өттің сайран,  
Жігіттік дағуасына қалдым қайран.

Қазғанмен су шықпайды тау басынан,  
Бір іліксе сөз кетпейді сау басыннан.  
Ер жігіт бір қисайса түзелмейді,  
Әуелде жаңылған сон тәубасынан.

### АХАУ, АРИ-АЙДАЙ

Ахаяға мен салайын ари-айдай,  
Артымда құрбыларға сөзім қалды-ай.  
Үш жүздің баласына еркеледім,  
Әншілік бұдан артық болсын қандай?

Ахаяға мен салайын он екі алуан,  
Сөзімде менің айтқан жоқ құр жалған.  
Арасын Орта жүздің аралап ем,  
Өтерсің бізден-дағы, дүние жалған!

### ОРЫНБОР

Жігітке жарамайды ызакорлық,  
Дауысқа келмесе де, еттім зорлық.  
Бозбала, сала білсен осы әнге бас,  
Анызым жаңа шыққан «Орынборлық».

Қолыма ұстағаным қу қарағай,  
Не болды, даусым, саған сырғанамай!  
Құлмейін, ойнамайын десем-дағы,  
Барады өтіп дәурен бір қарамай.

Ажарың ақ түлкінің ажарындай,  
Құс кетпес айдын көлден күз арылмай.  
Ауылдан қызы кеткен соң қызық кетер,  
Тарқаған жәрменкенің базарындай.

Домбыра алдым қолға сегіз перне,  
Қызығы бүл шіркіннің тарқар жерде,  
Қолға алып арлы-берлі тартқанымда,  
Жаны жоқ қеудесінде адам дерге.

## ТАЛАЙ ЗАМАН

Мен Біржан болғалы талай заман,  
Пар келмеген еш әнші тіпті маған.  
Бір сұлу қызы Найманда бар дегенмен,  
Бек мұқтаж көруге болдым соған.

Мен Біржан болғалы биыл емес,  
Өлең шіркін біздерге қыын емес.  
Алты қырдың астынан ән шырқасам,  
Дауысым отарбадан кейін емес.

Қарайып қара көлде қамыс қалды,  
Ауылы ғашық жардың алыс қалды.  
Жөкейге Жетісудан оралғанша,  
Сағынып көп қараумен көзім талды.

## **ЖЕТИСУ**

Мен өзім Жетісуға барып қайттым,  
Манабын жақсылардың көріп қайттым.  
Қыздары Жетісүдің сұлу екен,  
Жиганым, тергенімді беріп қайттым.

## **АҚЖОРҒАЖАН**

Басына кәмшат бөрік қиғашырақ,  
Қыз сапы бас болғанда, біз – шамшырақ.  
Ала үйрек, алма мойын перизатым,  
Болмаппын сізбен таныс бұрынырақ.

*Қайырмасы:*

Ақжорғажан, Ақжорғажан,  
Жігітке қыз сыйласа-ай-ау болмайды арман.

Мінгенім дәйім менің Сұрқызылтай-ай,  
Көнілім сізді көріп бір бұзылды-ай.  
Көзіме әйбаттанып көрінесін,  
Бейіште сегіз сарай хор қызындай.

*Қайырмасы.*

Серінің серменуге көнілі ауды,  
Ойландым бастайын деп бір қиялды.  
Тұсті ғой, жолдастарым, сәуле еске,  
Ап келші қамыс құлак Бозқоянды.

## **2-түрі**

Боз үйден таң алдында шығар күйеу,  
Артынан жары қарап бетін басып.

Келгенше енді айналып кім бар, кім жок,  
Қарағым, бір сүйгізші, аха-хай-ау,  
аузынды ашып, ей-ау...

## ЖАСТАРҒА

Ер жігіт дүниені көрген артық,  
Дүниеде не бар-жоғын сезген артық.  
Тұскендей аспан жерге іс болса да,  
Бел байлап, тәуекел деп төзген артық...

Қол берген қыын жерде жолдас артық,  
Бас тартқан жолдасынан онбас артық.  
Өзінмен бірдей жанып, бірдей күйген,  
Досыннан қатын-балан болмас артық.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,  
Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып.  
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,  
Жан-тәнін бірдей жанып күйген артық.

Осылай бозбалаға салдым нұска,  
Өмірің зайдып болар бекер босқа.  
Көргенін бір күнгідей болмас, сірә,  
Міне, ажал, келді нәубат деген тұста.

## ҚОСДӘУЛЕТКЕ

Үйімде жатыр едім көрінбей-ақ,  
Ән салсам кез келгенде ерінбей-ақ.  
Қолым қысқа болған соң, амал бар ма,  
Бір биден құлын туар өзіндей-ақ!

Ұсынсам қолым жетпес туған айға,  
Айтсам да арызым жетпес бір құдайға.

Жылына бес жүз тенге тапсам-дағы,  
Жақпадым өзім әкем Тұрлышбайға.

## ҚАСЕНГЕ

Кетейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,  
Түзелер кисық ағаш тез келгенде.  
Өленді мұнда айтпаған, қайда айтамын,  
Жаксылар, тату жолдас кез келгенде.

Қасеке, Назар, Нияз – ата-бабам,  
Сөйлейін бір азырақ келсе шамам!  
Токсан түйе тоғанак жүгіменен,  
Бай-батшаңыз келді ме есен-аман?

## БАЙПАҚҚА

Ей, Байпак, өлең айта келдім саған,  
Қалтана бір сом болса, берші маған!  
Біржанды өліпті деп естігенде,  
Сабан мен азан болсын салған маған.

## ҚҮЛЕН-МАЙМАҚҚА

Сен өзін туғаныннан маймақ едін,  
Есіл бойын Көкшолакпен жайлап едін.  
Қанғырып Қызылжардың көшесінде  
Қылжандап арак ішкен парнақ едін.

Атандың дәulet бітіп Құлен-Маймак,  
Жігіт болар, мінекей, осындай-ак.  
Жігітке бақыт бітсе, гүлденеді,  
Кешегі қалыбына тартпа бірак.

## ШОРМАННЫҢ МҰСАСЫНА

Ассалаумағалейкүм, атың Мұса,  
Жүзінді бір көруге едім құса!  
Куандық-Сүйіндіктің қазығысын,  
Кешегі өтіп кеткен әкеге ұкса.

Шорманнан туған екен төрт асыл тас,  
Дәуірлеп орнап отыр мал менен бас.  
Мұстафа, Аужан, Иса, Мұса мырза,  
Ығынды панаған дос пенен қас.

Атың Мұса болғанда, әкең – Шорман,  
Артық қылса, әркімді тәнірім қылған.  
Өзің сұлтан болғанда, інің болыс,  
Егіз болып бар ма екен сендей туған?

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Адамға зияным жоқ, жүрген жанмын.  
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,  
Үш жүздің баласына ашына-жаймын.

Сіз шыққан арғы атаңнан шынжыр балак,  
Орнаған сізге бақыт аямай-ак.  
Мұсеке, сізге өтірік, маған шындық,  
Тай-құнан топтан озып, болдым саяқ.

Мұсеке, біздің әнге кенелерсің,  
Әнімді естігенде бұлбұл дерсің!  
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,  
Бұл үйдің сындырамын терезесін.

## **БАЛҚОЖАҒА**

Балқожа, сенің әкең – Құдайберген,  
Әрқашан жаман болмайд жаксыға ерген.  
Кешегі жаңа закон шыққан кезде,  
Оязнай елге шығып бала берген.  
Ііс-қоңыс, іріп-шіріп жатқанында,  
Қолыннан Азынабай үстап берген,  
Көтерем аусыл болған өгіздерше,  
Жаңа шығып келесің биік өрден.  
«Көн құрысса, калпына барад» деген,  
Атанды мен қайтейін аштан өлген.

## **ТҰРЛЫБЕККЕ**

Тұрлыеке, үміткерміз бір құдайдан,  
Қарада хан өттепті Абылайдан.  
Тұсында Абылайдың құтпан болған,  
Сөйлейін баян қылып Жолдыбайдан.  
Сұрасан руымды Алтай-Қарпық,  
Мен келдім дуанына шеру тартып,  
Алым жок, рамат та жок, ел жайында,  
Шен алдын осы күнде, ол бір анык.  
Болғанда өзін советник Жұсіп қазы,  
Әулие боламысын бұдан артық.  
Мал мен бас, бакыт, өнер – бәрі түгел,  
Теніздің мұқитындай тұрсын шалқып.

## **АЛТЫН ҚЫЗҒА**

Алтынжан, сен де Керей, мен де Керей,  
Ән салсам бұлқілдейді айыр көмей!  
Алтынжан, домбыранды маған берші,  
Тағы да істеп берер арық Керей.

Алтынжан, домбыранды сұрағаным,  
Домбыран маған тіпті ұнағанын.  
Құбылтып неше түрлі әнге қоссам,  
Кояр еді жас бала да жылағанын.

Алтынжан, домбыранды берсең маған,  
Риза бол жүрер едім мен де саған.  
Дәм жазып бір жат елге бара қалсан,  
Еске алып барып жүрер Біржан аған.

## ЖАНБОТА

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боктығына көмген жерін?  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статьяда көрген жерін?

Жанбота өзің – болыс, әкен – Қарпық,  
Ішінде сегіз болыс шенің артық.  
Өзіндей Азнабайдың поштабайы  
Қолымнан домбырамды алды тартып.

Тартса да, домбырамды бергенім жок,  
Есерді поштабайдай көргенім жок.  
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,  
Намыстан, уа, дариға, өлгенім жок...

## АДАСҚАҚ

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,  
Басқаға бір өзіннен журмін жазбай.  
Бас қосқан мәжілісіміз болады деп,  
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Біржанды өзің қойдың еркелетіп,  
Салады Біржан әнді ентелетіп.  
Есерге поштабайдай көз алдында,  
Біржанды қойғаның ба желкелетіп?!

## ЖАНБОТАҒА

Жанбота, жоктамадың, кетті кегім,  
Өтпеді басқа елге сенің тілін.  
Неше жыл арасында өтсе-дағы,  
Бір жоктар сүйегімді Иса інім.

## ӘЙЕЛІ ӘПІШКЕ АЙТҚАНЫ

Үш жүзге бойың жеткен биік аршын,  
Үш жүзден таңдал алған ғашық жарсын.  
Именбей ақ төсіннен аймалатшы,  
Ііскең шыбын жаным сая тапсын.

Жайлауы еліміздің мидай дала,  
Тұріндей масатының күрен ала.  
Ел кезіп, өз үйіме оралғанда,  
Мұндастым көңіл ашар Әпіш қана.

Жылама енді, анасы, сен де бекер,  
Біржанға уақыт жетті алыс кетер.  
Артымда жастай қалған құлышдарым,  
Тірлікте әлі-ак бір күн өсіп жетер.

## **АТЫҒАЙДЫҢ ЕЛІНІҢ АДАМДАРЫНА АЙТҚАНЫ**

Атығай, кайран елім, қоныстасым,  
Бар еді құрбы-құрдас, шын мұндастым.  
Құданын құдіретімен уақыт жетті,  
Барады алыс жолға ғаріп басым.

Сәлем айт Атығайдың баласына,  
Жасы кіші, жасы үлкен ағасына.  
Ортаңда түрлендіріп ән салғанда,  
Біржанды салушы еді таласына.

Сәлем айт құрбы-құрдас замандасқа,  
Көп еді мұндастарым ауылдаста.  
Саулықта ойнап-құліп жүретүғын,  
Мұншылық түсіп түр ғой ғаріп басқа.

Қазғанмен су шықпайды қыр басынан,  
Бір іліксе сөз қалмайды сау басынан.  
Ер жігіт бір кисайса оналмайды,  
Басында жаңылған соң тәубасынан.

## **ЖАМБАС СИПАР**

Ұшына орамалдың түйдім сусар,  
Көп жылқы кекалалы көлде жусар.  
Кешегі ел қызырған есер шақта,  
Ән еді Біржан салған «Жамбас сипар».

Деген соң біз картайдық, біз картайдық,  
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.  
Қанекей, соныменен шыққан мүйіз,  
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

Берген соң тәнірім әмір, ақ бас болдық,  
Бала мен ағайынға жақпас болдық.  
Көрген соң көзі құрғыр шыдай алмай,  
Ойланып адам ебін таппас болдық.

## ҚӨКЕЙКЕСТІ

Ай қаранғы көрінер солған сайын,  
Пенде азар кемеліне толған сайын.  
Адамға ашу – пышақ, ақыл – таяқ,  
Таяқ та мұжылады жонған сайын.

Мінгенім дәйім менің күрен бесті,  
Жүрісіне жануардың көңілім өсті.  
Есіме сен түскенде, қайран елім,  
Шығарған әнім еді «Көкейkestі».

Мінгенім ел көшкенде көкше бесті,  
Жекеңден Мамай қолге елім көшті.  
Есіме түскенінде құлындарым,  
Елжіреп іші-бауырым жерге түсті.

## ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН

Біреудің аспанда жүр даражасы,  
Біреудің кекте қолы, жерде басы.  
Жақсының жаман менен айырмасы –  
Оиласан, жер мен көктің екі арасы.

Жігітке ақыл – пана, уайым – қорған,  
Сабыр сактар жігітті қазған ордан.

Көрмегенді көрдім деп айтқан адам,  
Білсөніз, ол бір жаман хайуаннан.

## БҮРКІТТІ

Бүркітті, асуыңдан талай өттім,  
Қалың ну орманында сайран еттім.  
Айнала Жөкей көлдің жағалауын,  
Шіркін-ай, бір көруге арман еттім.

## МӘТИ-ДӘУЛЕН

Ар жакта Керей, Уак, Мәти-Дәулен,  
Сайланған жігіттікте бұл бір дәурен.  
Ішінде осыншалық формың артық,  
Жаратқан құдай артық жалғыз сәулем.

## ТЕМІРТАСҚА

Саясы көп болады ну қайыңнын,  
Жігітке керегі жоқ уайымнын.  
Келгенде алпыс жасқа қонды қонак,  
Білмеймін не қыларын құдайымнын.

Біржан деп атым шықты алты алашқа,  
Құдайым берді науқас ғаріп басқа.  
Артымда алтын қазық балапаным,  
Тілеймін енді ғұмыр Теміртасқа.

## ДҮНИЕ

Дүние, өтерінді біліп едім,  
Білдірмей серлікпен жүріп едім.  
Бұл күнде арық қойдан бағам төмен,  
Үш жүзді әнмен қырған Біржан едім.

Қарасу есік алды лайланған,  
Бай болмақ, жарлы болмақ бір құдайдан.  
Қамзолдың келте пішken етегіндей,  
Дүние өтерінде шыр айналған.

Ағаш үй от жаққаным қобылы пеш,  
Құдай-ая, ғафу етіп күнәмді кеш!  
Теміртас, Асыл, Ақық, қарақтарым,  
Байлаулы арқандағы қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық, қалдың зарлап,  
Ежелден мирас екен зарлап қалмақ.  
Көз көрген құрбыларға дұғай сәлем,  
Батасын оқи жүрсін бізге арнап.

Ел кездім Кертөбелмен шалықтатып,  
Жақсыға сөз сөйледім анықтатып.  
Үш жүздің ардақтаған Біржаны едім,  
Бұл күнде қойды құдай арықтатып.

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,  
Қинауға салады екен адамзатты.  
Әке деп аяйтұғын жанашуылар,  
Шешіндер, білегіме арқан батты!..

Саясы кем болады қу қайынның,  
Жігіттер, керегі не құр уайымның.

Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ,  
Білмеймін не қыларын құдайымнын.

Ақ үйдің ай көрінер мандаіынан,  
Шешенниң сөз шығады таңдаіынан.  
Теміртас, Асыл, Ақық, қараптарым,  
Кетсенші бір сүйгізіп мандаіыннан.

Теміртас, Асыл, Ақық, қараптарым,  
Үкідей жастарынан балақтадым.  
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар  
Есікке келе ме деп алақтадым.

Салғаным ағаш үйге ызвотты пеш,  
Жаратқан мен пендениң бір күнәсін кеш.  
Қыл арқан сау денеме жаман батты,  
Қайдасын, Асыл, Ақық, қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,  
Қинауға салады екен адамзатты.  
Үкідей желпіндірген қараптарым,  
Шешіндер, білегіме арқан батты!

Сарыарқаның түгел көрдім кәрі-жасын,  
Ұмытпас құрбы-құрдас, замандасым.  
Ойланам, ауруымның түрі жаман,  
Біржанның кім ұстар деп домбырасын.

Эл бітіп, ақыл кетіп адасам ба?  
Жақсымен бұрынғыдай жанасам ба.  
Білмеймін бұл кеселдің не қыларын,  
Егер де алам десе таласам ба?

Жөкейдің ат суардым тұнығынан,  
Ажалдың кім құтылар құрығынан.  
Кешегі ел қызырған есеп шақта,  
Қызыл су аспаушы еді жұлығымнан.

Туған ел, көрші-қолаң қоныстасым,  
Нағашы, қайын жұртым, ауылдастым.  
Аз күнде алыс жолға сапар шегем,  
Аман бол, бәрің дағы, бауырласым.

Қара нар жүк көтермес саздаған сон,  
Су шықпас ойпан жерден қазбаған сон.  
Жете алмай мұратыма болдым қапа,  
Тағдырда хак-тағала жазбаған сон.

Жұрт койған «Біржан сал» деп атымды атап,  
Олжаға батушы едім қысырақ матап.  
Елімнен озып шыққан ақын едім,  
Біржанды сыркат деген шықты лақап.

Секірткен тау мен тасқа, карактарым,  
Дүниеде баға жетпес, шырактарым.  
Жаратқан Шәжені алған, мені алмай ма?  
Тиыш болар бір аздан соң құлактарын.

Әуелден Асыл, Ақық, затың басқа,  
Құдайым өмір берсін Теміртасқа.  
Келмейді ұзақ сөзге менің шамам,  
Сәлем айт құрбы-құрдас, замандасқа.

Алдымда шамшырағым, Теміртасым,  
Тілегім сенің ұзақ болсын жасың.  
Қайтейін, хош болындар, балапандар,  
Байқаймын ажал шіркін құтқармасын.

Байлаулы аяқ-қолым жатқанында,  
Білмеймін таң атып, күн батқанын да.  
Үш жұзге мәлім болған Біржан едім,  
Жыр етті қолға арқаның батқанда.

Теміртас, Асыл, Ақық, қарастарым,  
Алдында жақсылардың бұлғақтадым.  
Өгіздей өрге тартқан әкең өлсе,  
Не болар сонда күнін, шырактарым?

\* \* \*

Атығай, Қарауылым – қоныстасым,  
Ішінде бар еді ғой көп мұндасым.  
Құданың құдіретіне уақыт жетті,  
Барады алыс жолға ғазиз басым.

Жылама сен де, анасы, енді бекер,  
Біржанға уақыт келді алыс кетер.  
Артымда жастай қалған құлышдарым,  
Тірлікке әлі-ак бір күн өсіп жетер.

## АСЫЛҒА

Асылға әркім көзін салатұғын,  
Жамандар ескерусіз қалатұғын.  
«Жақсының шарапаты» деген сөз бар,  
Құрбысын панаына алатұғын.

Жалт етіп бұлттан шықкан ай секілді  
Көзінді көрген адам танатұғын.  
Кигенім аяғыма мәсім-дағы,  
Айтатын бұл өлеңім жасымдағы.

Өлеңді жас та болсам тауып айтам,  
Сүйгенім кішкентайдан асыл-дағы.  
Ән салсан мәпелеп сал мамырлатып,  
Жігіттің жарамайды тасырлағы.

## АЛҚАРАҚӨК

Қара Ертіс тасығанда кемерленген,  
Ер жігіт бейнет тартса не көрмеген?  
Ақ құйрық фамильный шай секілденген  
Көзіңнен айналайын бедерленген.

*Кайырмасы:*

Ал қара-ай көк,  
Шықсын сәулем  
Нұр жайнап,  
Шәлі орамал бір байлап.  
Санаменен сарғайып,  
Сағындым, сәулем, сені ойлап.

Шалқып бас аяғынды, құла жекей,  
Айрылма домбырадан тіл-көмекей.  
Сайраған Орта жүзде мен бір бұлбұл,  
Ән салған, күйін тартқан кескен көкей.

*Кайырмасы.*

## ҒАШЫҒЫМ

Дариға, дүниеге неге келдім-ай,  
Келдім де бір жаманың сонына ердім.  
Сене алмай, сендім дерге дос таба алмай,  
Екенін өмір фәни енді білдім.

**Қайырмасы:**

Ғашығым, асылым,  
Қайғынменен-ай жасыдым.

Ғашығым, тағат-сабыр ете алмаған,  
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.  
Қайырса қара қарға қаз алмайды,  
Жібекті жүн қылады түте алмаған.

**Қайырмасы.**

### **ДУНИЕДЕН НЕ КЕРЕК?**

Жігітке кедейшілік ол – сергелден,  
Жок болса жалғыз атын, өлгенмен тен.  
Үйіне құрбың келіп құр аттанса,  
Не керек дүниеден үміттенген!

Шешеннің сөз шығады таңдайынан,  
Жұмақтың сізге мекен қандайын?  
Бар болып, байлар кімді асырайды,  
Әркімнің жазған Алла мандайынан.

### **СҰЛУ ЖҮЙРІК**

Асылдың білу қын асыл жайын,  
Екі жақсы қосылса осындайын.  
Екі жақсы қосылса осындайын,  
Ләzzаттары жүреді таусылмайтын.

## **АУЫРЫП ЖАТҚАНДАҒЫ ӘНІ**

Күдайдын құдіреті-ау тастан қатты,  
Әр жанның тіршілікте жаны тәтті.  
Жатырмын қол-аяғым кісендеулі,  
Апым-ай, қыл арқан қолға батты.

Теміртас, Асыл, Ақық, қарастарым,  
Алдында жақсылардын бұлғактадым.  
Өгіздей өрге тартқан әкең өлсе,  
Не болар күнің сонда, шырактарым?!

Туған ел, көрші-қолан, коныстасым,  
Нағашы, қайын жұртый, ауылласым.  
Аз күнде алыс жолға сапар шегем,  
Аман бол, бәрің-дағы, бауырласым.

Әуелден Асыл, Ақық, затын басқа,  
Күдайым өмір берсін Теміртаска.  
Келмейді көп айтуда менің шамам,  
Сәлем айт құрбы-құрдас, замандасқа.

## **БІРЖАН САЛДЫҢ СОҢҒЫ ӘНІ**

Баласы Қожағұлдын атым Біржан,  
Арулар жас басымнан құлаш үрған.  
Жатыр ғой сөйткен Біржан сандырактап,  
Баласын Орта жүздің әнмен қырған.

Біржан деп койып еді атымды атап,  
Әркімдер осы күнде қызырақ атап.  
Үш жүзге атым шықкан Біржан едім,  
Бауырында Шоқтеректің қалдым жадап.

## МЕШІН-ТАУЫҚ

Сыйлаушы еді шаһарларда тұрған жатак,  
Шонжарлар беруші еді қысырақ матап.  
«Сал Біржан бір жорғаны таппады», – деген,  
Байланды соңғы екі қыс жаман атак.  
Аруларға кетуші еді көңілім ауып,  
Ойнаушы ем сұлулармен ебін тауып.  
Бәйге ат мініп жүретін Біржан едім,  
Жаяу ақын етті ғой мешін-тауық.  
Өлеңге көңілім сокқан ауық-ауық,  
Отыз жеті жастамын, жылым – тауық.  
Сүйген жар Айтбай сұлу науқас болып,  
Кез болды-ау сал Біржанға қатер-қауіп.  
Халқымды жұтатты ғой мешін-тауық,  
Мырзалар жарамады қысыр сауып.  
Он мындан жылқы айдаған белді казак,  
Отардан міне алмады мықты ат тауып:  
Арқа ел соңғы екі қыс оналмады,  
Жомарт қол бұрынғыдай бола алмады,  
Кожағұл би баласы Біржан серін,  
Үйінен қадам басып шыға алмады.  
Өлеңді шығарушы ем буын-буын,  
Шырқай салсам тігуші ем әннің туын.  
Сиыр етін жемейтін Біржан салға,  
Ішкізді мешін-тауық жасық сүйн.  
Казакқа қос қыс болып қанды қармак,  
Көп малды мешін-тауық кетті жалмап.  
Кожағұл би баласы Біржан салға,  
Бермеді ешкім бәйге ат әдейі арнап.  
Жақпай қалса істері колайсыз бол,  
Тастаушы ем болыстарды бірден сынап.  
Ас пен той, сияз болған уақыттарда,  
Сөйлеуші ем шонжарларға сөзді бұлдан.

Мырзаларда жарамды ат қалмады,  
Күйлі деген жылкыны жұт жалмады.  
Мінетін жөнді ат таппай Біржан серін,  
Ұзак жолға аттанып бара алмады.  
Үш жұзге мешін-тауық жайсыз болды,  
Таппады құтылатын жұттан жолды.  
Сақтауға малын ел-жұрт жанталасты,  
Кусырып отырған жоқ екі қолды.  
Кездесуші еді Біржанға талай сұлу,  
Арудың онай еді-ау сырын білу.  
Мешін-тауық қысында атсыз қалып,  
Қыын сокты-ау, салдарға ойнап-күлу.  
Үш жұзге әйгілі ақын едім бұлбұл,  
Ес кетірді тап биыл жұты құрғыр.  
Халқыма Алла, аруақ қуат беріп,  
Жайлы болса жарап еді алдағы жыл!  
Төндіріп елге қатер мешін-тауық,  
Кез болды жұрттымызға үлкен қауіп.  
Топырышты мінбейтін Біржан едім,  
Міне алмадым жүрдектеу егіз тауып.  
Бай болған әулет едік қыдыр дарып,  
Көліксіз боп қалған пенде болар ғаріп.  
Қос жүйрік босағама менің біткен,  
Бәйге қүрен, сүр бедеу тұр ғой арып.  
Болушы еді барған жерім менің базар,  
Жырымды жұрт тындаған салып назар.  
Мешін-тауық жылында құты қашты,  
Болса да Біржан салда ерекше ажар.  
Әрі бай, әрі қажы екі ағам,  
Ержан, Нұржан дейтүғын қос бағылан.  
Солардың жылқысынан ат табылмай,  
Інісі үйде отырды ақын Біржан.  
Нағашым қараөткелдік Алтай – Қарпық,  
Болса да салтанаты жұрттан артық.

Қол ұшын жиеніне бермек түгіл,  
Зардабын ауыр жұттың отыр тартып.  
Ілесіп Самат дейтін бай-көпеске,  
Мен келдім туған өнір Қызылжарға.  
Шыққандай көтеріліп зор белеске,  
Мейман болдым старшын Қожамжарға.  
Біржанды жұт зар қылды құнан-тайға,  
Көп керей ұшырамапты бұл жағдайға.  
Таузарда Қожамжардан бесті ат мініп,  
Мен келдім атақты би Тәнібайға.  
Тәнекем Маманайдай ердін ұлы,  
Оны да көп толғантқан елдің мұны.  
Өте бай болмаса да қолы ашық,  
Өзіне жеткілікті мал мен пұлы.  
Жылқысы тоғыз жүзден асқан емес,  
Түйесі жеті жүзден астам емес.  
Тәнекем мол дәулетті болмаса да,  
Аяққа сөзін ешкім басқан емес.  
Қарсы алды Тәнібай шешен жылы ұшырап,  
Ағылттым өлеңімді, әнді шырқап.  
Иығыма ақ түйе жұн шекпен жауып,  
Мінгізді бәйге көк ат маған сыйлап.  
Мен келдім туған елім керейіме.  
Қазақтың жомарт халқы мерейіне.  
Өзімді еркелеткен жаксылар деп,  
Аттандым Тәбей менен Есенейге.  
Үқсаған түр-сымбаты күн мен айға,  
Ылғи бірдей қарайтын кедей-байға.  
«Он мындал жылқы айдаған інілер», – деп,  
Бармақпын Шабақ пенен Күзембайға.

## **БІРЖАНҒА ХАТ**

Мінсе берік, шапса жүйрік, қазан атым,  
Құлақ сал «Телқоңыра», жамағатым.  
Баласы Қожағұлдың Біржан салға,  
Жіберген хат пен қалам, аманатым.

Мінуші ем кербестіні жылқы жия,  
Біржанға арнап ақ қағаз, алдым сия.  
Сібір мен Орынборға атым шыққан,  
Баласы Басығараның Қанапия.

Тас бітер тау басына кия-кия,  
Қолыма қалам менен алдым сия.  
Әдейі үш-төрт ауыз Біржанға арнап,  
Сөз жазған осылайша Қанапия.



Екінші бөлім  
**Айтыстар**



## БІРЖАН МЕН САРАНЫҢ АЙТЫСЫ

(1898 жылы басылған алғашқы нұсқасынан алынды)

*Біржанның Сараны шақырып айтқан сөзі:*

Бұл үйде Сара бар ма, келсін бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.  
Жолықпай сөзі өктемеге жүрген шығар,  
Ауылында Тұрысбектің өлер жері!

Сайраган Орта жүздің бұлбұлымын,  
Арғынның Алтай-Қарпық – ақтан кері.  
Барабар сөзі тендес адам болса,  
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.  
Қырандай аспандығы желді күнгі,  
Дауысымның көтерілер шықса тери.  
Болжаған жер шаршысын майталманмын,  
Жасымнан маған мағлұм қызы не дері.  
Алтын менен күмістің нақысындай,  
Міні жок, бізден шығар сөз бедері.  
Шатыр тік көк майсаға, бір тайды сой,  
Кешікпей үйден шықын болса өнері.  
Ақ иық мұз балакпын жерге түспес,  
Кең колтық арғымақпын алқымы іспес.  
Басайын аптығынды, тез шық, Сара,  
Сен түгіл, әкеңдеймен болдым істес.  
Бұл үйде Сара бар ма, отыр нағып?  
Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып.  
Жел қабыз, жez тағалы еңіреумін,  
Қара тер шықкан сайын кетем ағып.

Ғаламға мәшіүр болдым өлең жаттап,  
Қысқартам адымынды бір-ақ аттап.  
Ұялып ұлкендерден отыр едім,  
Айғайлап ұран салды «Карқабаттап».

*Сараның сөзі:*

Көктемде Тұрысбектің ауылында,  
Көруші ем істің қын, ауырын да.  
Біржанның төңкерілген әніменен,  
Ешкіөлмес ел жиылды бауырына.  
Арындал дәуірлейді барған сайын,  
Екпіні сокқан желдей көрдім жайын.  
«Шырағым, Сара, саған не болды» деп,  
Есімбек шыға келді ағатайым.  
«Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,  
Бала едің атағынды жұртқа жайған.  
Кен жерде келістіріп душар болмай,  
Капыда хажы үйінде келді қайдан.  
«Тартынба енді, балам, – деді хажы, –  
Адымың аттан артық, шықты тайдан.  
Сөзі бұзық антүрған көрінеді,  
Бар еді бір кісідегі өлеңге айлан.  
Алтықкан қу Арғынды бір дөңгелет,  
Ағана осы болсын тиғен пайдан.  
Өнері ұлдан артық, қарағым-ай,  
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан».  
Хажының әлгі сөзі болды себеп,  
«Қолтықтап көтере көр, аруақ, демеп.  
Дулат, Сабыр, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр,  
Жанұзак, қолда, – деді, – бәрің демеп».  
Аспаннан бойға түсті ғайып пірім,  
Даусыма жанғырап тұрған жерім.  
Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,  
Көрген соң аттан түсті Біржан серім.  
Козғадым қырмызыдан сөзді талдал,  
Басында баяуладым Біржанды алдал.

Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,  
Ақ үйден шыға келдім «Найман шалдаپ».  
Таңданып жиылған жұрт қарап тұрды,  
Қыз да болсам Біржанға балап тұрды,  
Кәмшат бөрік, құлдері белбеуі бар,  
Кек торғын шапанды адам қарсы жүрді.  
Тұрінен мен таныдым осы Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған,  
Сарысұр адам екен тым өнді емес,  
Құбылар totы құстай әлгі антүрған.

*Біржан салдың айтқаны:*  
Осы ма, – деді, – Матай бұлбұл құсы?  
Көп сұрап жана таптым жазы-қысы.  
Әуелі казақшалап көрісейік,  
Шырағым, берірек кел, жасың кіші.

Баласың менен көрі жасың кейін,  
Ежелден менің сөзім қызға бейім.  
Бері кел, замандастым, Сара жазған,  
Токталып бөгелесің неге кейін?  
Мен, Біржан, қызға барман аяғымнан,  
Шын қызсам дәүірлеймін баяғымнан.  
Бері кел, ұрғашылық қылма, жаным,  
Дәндеңе наймандағы саяғыңнан.  
Найманның болады екен қызы надан,  
Үлгісіз қалай халық түрі жаман.  
Ағаға іні келер біздің елде,  
Көп боп па, сұрасуға есен-аман.  
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Сен түгіл, сенен артық құмар маған.  
Жалымнан ұстаған қызда арман қалмас,  
Жібек жал арғымаклын тұмарлаған.  
Еркек тұлін алмайтын жының бар ма?  
Адам деп сөз айтамын, Сара, саған.

***Сонда Сараның берген жауабы:***

Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес,  
Болатпын екіжүзді алмас кеспес.  
Жөнімен сөздің жөнін сөйлеу керек,  
Сандалып Арғынмын деп қымай егес.  
Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың?  
Сөз білсөн, бұң да сенің жамандығың,  
«Қысса ул-анбиядан» көрмел пе едін,  
Белгілі мағлұм болды надандығың.  
Адамды топырақтан жаратқан хак,  
Надандығың білінді бұл сөзге бақ.  
Хаяға бұрын барған Адам ата,  
Естігенін жок па еді мұны да, ахмақ.  
Данышпан, білгіш қой деп ойлаушы едім,  
Арғында жүр екен ғой жокты мактап.  
Найманда екіжүзді наркескенмін,  
Желкенді кимақ үшін қойған саптап.  
Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер,  
Саулатсам бейпіл жеді екі жактап.  
Күн көргелі келдін бе, құрдым Арғын,  
Жинауға сынық малта Найманды актап.  
Артынның ашыларын білмейсің бе?  
Көрпенді көсілсенші бойға шактап.  
Жерге кіріп кетерсін жынды антүрған,  
Шын қазсам асты-ұстінді жездей қақтап.  
Делбелігі емес пе Біржан салдын,  
Кісісін жеңетұғын жаңа таптық.  
Талпынған жас баланың білегіндей,  
Қолымнан ұстаптаймын сен итке аппак.

***Сонда Біржан сөйлейді:***

Жіберді домбырасын көкке сермелеп,  
Ағытты түрлендіріп әннен өрнек.  
Сөзге ызаланып алғаннан соң,  
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп.

Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,  
Сөйлеткен сені балап казақ үлға.  
Асықша ақ жамбыны салар пұлға,  
Тиыным шыққан емес сендей тұлға.  
Сайраткан Орта жүздін бұлбұлымын,  
Қызып жүргенім жоқ алар пулға.  
Күшігін асыраған ұрғашы иттей,  
Азындал шөктің, Сара, жылдан-жылға.  
Қырысының өз басыннан арылған жоқ,  
Тегістеп айыбынды тізсем қылға.  
Қолыннан ұстаптайтын ерке болсан,  
Күлімсі әкен неге берді құлға?  
Бар екен жаннан артық сөйлер сөзін,  
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзін.  
Қолға түскен қалмақша ықтиярсыз,  
Төрт болар құлға барсаң екі көзін.  
Сөзіне таң қаламын сынай алмай,  
Айтқаным кетті саған ұнай алмай.  
Көзінді күшік құрлы бір ашпайсын,  
Қортиған шірігінді құдай алмай.  
Есекке қосактаулы бір қашырсын,  
Күн сырын көпке жаяр жылай алмай.  
Құшак толар ереккек арапшың бар,  
Сәнсисін күйгенінен шыдай алмай.  
Жан жетпес ән-жырымның өрісіне,  
Құданың ризамын берісіне.  
Сықылды қортық тайша бармақ байын,  
Бір қойдың сыяр тұлып терісіне.  
Алыстан түлеп ұшқан тұз құсындай,  
Біржанның жүрт таң қалар келісіне.

Қайғылы қара кемік байтал түгіл,  
Арғымак ат шыдамас желісіме.  
Бәйге аты серпуіме шалмайтұғын,  
Әрқашан жұрт тан қалар жүрісіме.  
Мойының жұзген қаздай иіледі,  
Орта жұз ән шырқасам сүйінеді.  
Арғынның жалғыз тоны қолға түссе,  
Төрт Найман орта бойлы киінеді.  
Найманда байлық бар ма біздің елдей?  
Жүрсем де адам боламын мұнда келмей.  
Қызың кек көрмейтін сайтаным бар,  
Онымды тастамаймын өзім өлмей.  
Атадан Біржан сал боп тудым артық,  
Ұраным «Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық».  
Аккумен аспандағы ән қосамын,  
Қозғасам аңы күйді түптен тартып.  
Қырмызы, асыл бекзат бір мінезім,  
Кетер ем ерек болсан бір-ак тарпып.  
Қызың итті сыйлайтұғын бір мінезім,  
Самғаймын бәйге атындай артып-тартып.  
Көкшетау дуанына данқың барған,  
Мен Біржан алтын тудай айқындаған.  
Естігелі, Сара, сені үш жыл болды,  
Сері едім төнірекке құлаш жайған.  
Тұлқінің жүгірісін қыран байкар,  
Ұялсан, сөзің емес маған айттар.  
Қанды көз, май жеп алған ақықпын,  
Сен түгіл, қасқыр көрсө бір-ак шайқар.  
Қайтару сұрамаймын келсе әнім,  
Қызың сөзін парық қылмайтын ескі заным.  
Күнінде он көрінсе айнымайтын,  
Көк төбет болды деме мені, жаным.  
Төстіктен жұрт тан қалар көргеніме,  
Женбесем қуанбаймын келгеніме,  
Ақ марал, осы жолы жығылмай кет,  
Алтайдың душар болдың мергеніне.

Өзімдей бір басты адам сөз білмейді,  
Құданың мың шүкірлік бергеніне.  
Кыз сөзі батқан сайын жаным кірер,  
Қарамай, қатты сөйле өлгеніме.  
Адымым күні бүгін қалыбында,  
Екі жыл отыз беске келгеніме.  
Куырылып апшымның қай сасқаным,  
Өтірік ентелетіп желгеніне.  
Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті,  
Аталық Қаптағайда жүргенінде.  
Аю болсан басамын «аф» дегенде,  
Түспеймін жаман құстай көргенінде.

*Сараның айтқаны:*

Әй, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,  
Қымбаттығым белгілі білсен баға.  
Қамысты терен көлдің сұксырымын,  
Қанғырған ілдірмеймін қаршығаға.  
Ежелден сен белгілі жеді көрік,  
Тан қалдым сәuletінді сенің көріп.  
Сені айдал ажалына алып келген,  
Құт Маман, ер Шерубай қасына еріп.  
Сөйлетпей шыға сала кеттім дерсін,  
Тұрімді көрсетейін сөйлеп беріп.  
Қарны ашқан қырсығы бар ерек мұсылық,  
«Сасық» дер аузы жетпей, майдан жеріп.  
Кездеспей мен сықылды өнерпазға,  
Дәндеме жүрген күннен тезек теріп.  
Өленді қолқа қылсан ғыттайын,  
Самарқан жібегіндей оннан өріп.  
Әншейін сыпайы деп қимай тұрмын,  
Көзінді төрт қылар ем иттей керіп.  
Сөзбенен жеңемін деп ойламаныз,  
Бір жерден мұдірер деп көніл бөліп.  
Тілінді тарта сөйле, Біржан батыр,  
Жарамас жүдеп кайтсан, іздел келіп.

Тартылып таразыға тен қелмейсін,  
Тірілсен ертең кешке, бұғін өліп.  
Арғынның тантықтығы, міне, осындаі,  
Кім байқар ер қадірін сөз қосылмай.  
Жай тастап құшағымды кең созамын,  
Сен түгіл, әкеннен де бір шошынбай.  
Күшпенен көндіремін болмасан да,  
Түстеніп тамак жерсін, қонбасан да.  
Алтығып ақынсынып сандырама,  
Ойлайсың артықпын деп онбасан да.  
Найманға жалғыз тыын керегін жок,  
Келесін кайыр сұрап анда-санда.  
Мен пәлен дегеніңе сескенбеймін,  
Шошыр деп қоразданып алдасан да.  
Ақыр өнер барынша байқасармын,  
Өзінді-өзің мактап арбасан да.  
Қарамды әр-берден сон бір көрмейсін,  
Соныменнан үмітті боп қалмасан да.  
Тоймайтын жеті басты жалмауызын,  
Ескі-құскы елден жиып алмасан да.  
Күып жетіп озармын Найман шалдан,  
Пысықсып ап дегенде самғасан да.  
Ей, Біржан, ділмәрсімай жүр жайына,  
Әке десен көнбеймін ынғайына.  
Жауды аяған жаралы болар деген,  
Шын тілеп сейлейінші құдайыма.  
Жылқының арығындаі Арғын кедей,  
Тойғансып мәз боласын ішпей-жемей.  
Құр айғай салғаныңа кім шошиды,  
Женермін иттей қылып адам демей.  
Найманның аруағынан кет садаға,  
Әзәзіл бола берме екі араға.  
Жанақ та кобызымен түк қылған жок,  
Онай ма сендей сорлы бейшараға.  
Орынбай іздеп келіп кеткен қанғып,  
Женген жоқ Кеншімбайды о дағы андып.

Жанақ қашан жол алды Сабырбайдан,  
Жаманын көтереді Арғын сән ғып.  
Біржанды әке десе менсінбеймін,  
Жаратты қыз да болсам сонша паң ғып.  
Жынды бота сықылды бір делбені,  
Құдайым тірі қойған несін жан ғып?

***Біржанның айтқаны:***

Арғынға жете алмайды Найман өлмей,  
Ежелден артық туған тендік бермей.  
Женбесем осы жолы, Сара, сені,  
Өлгенім жақсы емес пе үйді көрмей?

***Сараның айтқаны:***

Ей, Біржан, өнер бітер қай жеріне?  
Бұл жолы пайда ілінбес құр теріне.  
Женбек түгіл, келмейсін ширегіме,  
Әкеннің менен қорықсан кір көріне.

***Біржанның айтқаны:***

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,  
Төнірек жеті дуан ойнағы бар.  
Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы,  
Алты жұз жас бота мен тайлағы бар.  
Шалқыған Жәнібек пен Тұрсын, Жанай,  
Ит кости Нұрмұхамбет, Досан, Қанай.  
Солардың хисабына көз жетпейді,  
Ол түгіл, бір Шақамдай болсан қалай.  
Қаржаста бір құтым бар Мұса, Шорман,  
Үзілмей келе жатыр ескі қордан.  
Қажының белбаласы Сәдуакас,  
Құтқарған сан қыранды түскен тордан.  
Ұл туған Қазанғаптай ата ұлынан,  
Тұқымды дегдар шыққан жатынынан.  
«Полковник» шен алады тұа сала,  
Шырылдан туған бала қатынынан.

Шыныбай асып еді, пір шағында,  
Жан жетпес ер Қажекей аруағына.  
Жамантай, Құсбек, Шыңғыс, Сартай төрем,  
Ілінген талай Найман қармағына.  
Тәттімбет ардагерім Арғын аскан,  
Қырық түрлі күй ілінген бармағына.  
Ежелден әрі баймын, әрі молмын,  
Шын қызсам шыдамайсың зардабыма.  
Адамның ақиығы – хажы Құнанбай,  
Сан жүйрік сау кеткен жоқ бір сыналмай.  
Найманның әулиесі батыр Барак,  
Ішкүса болып кеткен түк кыла алмай.  
Ұбырай жас жолбарыс білектенген,  
Дүшпанға арыстандай жүректенген.  
Өзінің заманының бозбаласы,  
Перінің жігітіндегі іргектелген.  
Ей, Сара, қай сының бар оған жетер,  
Өнерін көрген жанның есі кетер.  
Адамның жалғыз басты білімдісі,  
Оны да жамандамас Найман бекер.  
Орта жұз Абай қойды атын баптай,  
Үйіне ояз кіrmес жауап қатпай.  
Арғынның асылдығы, міне, осындей,  
Наймандай ағайының жүрген сатпай.  
Бар болса, бұған орай коймай сөйле,  
Әйтпесе сөзінді кой, босқа шатпай.

### ***Сараның айтқаны:***

Ей, Біржан, сөз сөйлейін анықтатып,  
Көнілін ауырмасын, қабақ қатып.  
Кекшетау, Қызылжарда талай Арғын,  
Күн көрген жанын жалдап, жатақ жатып.  
Найманнан қай жерін бай мақтағанмен,  
Тентіреп нан жемейміз шілік сатып.  
Бармаған соң жайымды білмейді деп,  
Құр босқа мактанасың тәнірі атып.

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,  
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.  
Шерубай, Тана мырза, ер Тәуке бай,  
Қай қазақ сөз бастаған онан бұрын.  
Баласы Қозыбайдың Тілеуберді,  
Әлихан оның ұлын әркім көрді.  
Құдайдан қорықкан Арғын осал демес,  
Қарадан хан боп шыққан Қисық ерді.  
Жан жетпес Бабатайға Жалбы Жанак,  
Аккожа би, Ақтайлақ аскан манап.  
Ақтамберді, Алтыбай, Райымбек  
Дұшпаның қуалаған қойдай талап.  
Кенжекүл қазақ жетпес бабасына,  
Төрт арыс билік айтқан баласына.  
Байтұка, Кенесбай мен Құт Данияр,  
Тұнғиық сөздін сөйлер шамасына.  
Арғын жоқ мактанғанмен Тойғылудай,  
Қор құйған қыдыр келіп сабасын-ай.  
Бірін-бірі андыған қу Арғынсын,  
Мактанған мінсен орыс шанасына.  
Екі жыл бак айналса біреуіне,  
Қайдағы жаулық қылған данасына.  
Арғында кіслік жоқ мен білмейтін,  
Қарны ашса қарамайды анасына.  
Кім жетер Қабанбайға дуа конған,  
Үзілмей тұқымына қуа конған.  
Қожағұл, Әлі, Жәкеш, ер Әділбек,  
Сүлеймен оның ұлы шықты соңнан.  
Бұтабай, Байжігітте, құт Шиямбай,  
Сасан би, шапты Кенже жауға аянбай,  
Шынымен құлаш ұрып самғай берсем,  
Қаласың жетпек түгіл, бір таянбай.  
Таласпас Тәнекенің жан бағына,  
Женермін егер тартса іс ағына,  
Шетінен қыдыр конған өңшөң құтым,  
Мың-мыңнан құт тастаған арт жағына.

Арғынның болад дейді қызы сойкы,  
Шот мандай, иегі ұзын, мұрны көйкі.  
Бүйра шаш, дөң жауырын, қыска тұмсық,  
Дорбелжі дорбиған күң ойқы-шойқы.  
Жігіті Қокандықтың аңлағандай,  
Алтығар өрттін шалқып жанғаныңдай.  
Асыққа ақ жамбыны ертіп құйған,  
Найманның жігіті қайды Бағланыңдай.  
Екі ауыз ән білгені ақыным дер,  
Қыдырдан түстө бата алғаныңдай.  
Ұятсыз сіздің елдің бәрі ланқой,  
Айтпасан мұнан басқа қалғаныңды-ай.  
Қапыда қалдым деме, ақын Біржан,  
Көнілінен коймай сөйле арманыңды-ай.  
Сара ақын екеніне көзін жетпей,  
Осында қайдан білдің қармануды-ай.  
Найманнан жылда тойып кетсөн-дағы,  
Коймайсын жылда келіп жалмануды-ай.  
Елу күң ғайып білген сұсты құспын,  
Білмеймін әкеннен де алдануды-ай.  
Өзінді ата қылдын, құс та қылдын,  
Жайымды адам күймен атайын мен.  
Өнерге екі жағым бәрі бірдей,  
Құр босқа бөгелемін келіспей нем?  
Сайраған бүтін Найман бұлбұлымын.  
Ұрғашы ғой демесен қай жерім кем?  
Құдай талап бермесе сүйегіне,  
Жабайы тұлпар болмас жегенмен жем.  
Арғымак ғиялының артығымын,  
Он күндей тынбай шапсам бір алмас дем.  
Өз басы ұрғашының қара тілі,  
Иранбак бет бітісім қызыл гүлі.  
Біржан сал, құдай айдал өзің келдін,  
Іздеуге ойланып ем өткен жылы.  
Майысып нәзік белім бұран қакқан,  
Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан.

Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,  
Сықылды қәуіар сағат нақыс шапқан.  
Ажымсыз он саусағым бәрі де аппақ,  
Болғанда аузым сағат, ернім қақбақ.  
Міні жок отыз тісім меруерттей,  
Ерінбей тіздіргендей адамзатқа-ак.  
Мойыным сұнғағындай жүзген кудын,  
Лебізім шырынындай шәрбат судын.  
Қакқанда төңкөрілген қас бітімім,  
Ашылған айбатындай жібек тудын.  
Қырмызы қызыл жібек мандайым кен,  
Арғынның құдай, кәне, қай қызы тен.  
Тал бойым ұзын да емес, қыска да емес,  
Азар дұшпан болсан да қай жерім кем?  
Тамағым жас баланың білегіндей,  
Иығым нақ сандалдың тірегіндей.  
Бет алдым қоныр каздың қеудесіндей,  
Тал бойым жолбарыстың жүргегіндей.  
Арғынды мақтасаң да артық Найман,  
Бұралқы елге сіңген күшік иттей,  
Бай болсан мұнда, Біржан, келдің қайдан?  
Найманның Арғын жетпес қоғамына,  
Қаласың бекер мактап обалына.  
Базарда қымыз сатып күн көресін,  
Естімін таянды деп жоғалуға.  
Мақтанып жоқ нәрсенді айтпа маған,  
Рас, жаным ашиды, Біржан, саған.  
Сөз білесін, көп таласпа меніменен,  
Алысып күр қу даумен қалмас баған.  
Ей, Біржан, шыдамаймын қылышына,  
Мақтанба Құсбек, Сартай ұлығына.  
Үстіне Жамантайды содап коссан,  
Барактың пар келмейді сынығына.  
Ұстаған Тобықтыға дүре соғып,  
Аққан кан ат суарған тұнығына.

Капанның Байқарамен косы қонса,  
Жетпеген калын тоғай қорығына.  
Қазбек Құнанбайды найзалаған,  
Төрем түгіл Төленгүт, жорығына.  
Садыrbай, Жаманбала, Арқабайым,  
Төл емген екі енені марқадайын.  
Есілге, Едіреймен қамалған кү,  
Көкмайса жерін бар ма Арқадайын.  
Ақ Найман Қожамбетке Арғын жетпес,  
Төрт ру Қаратайдан казақ өтпес.  
Көкжарлы Сары, Жомарттай қай сының бар,  
Қызығы Мысыр, Шамдай естен кетпес.  
Есігі іргенекті жатыр талай,  
Ойласан есін шығар санай-санай.  
Бора батыр көптігі толық дуан,  
Атасы әулие өткен ер Қонақбай.  
Дәuletке Бора-дағы артық аскан,  
Кім баймын дегенменен жағаласкан.  
Жаяубайлар көрді ғой малдан ыза,  
Қозғалып көшіп жұртқа жете алмастан.  
Қайсы Арғын жетеді Аман, Қөшеріме,  
Мен дайын сөзді қалай десеріне.  
Кен қолтық өзім тендес кез болмаса,  
Алтайдың көзім толмас есеріне.  
Түйкі мен Жоламандай тумас казақ,  
Дұшпаның беттепеген жұндей сабап.  
Менімен айтысуға қайда жеттін,  
Жыл сайын мұжуші едін сүйек қажап.  
Конырға жан тенелмес Бәкешпенен,  
Құр айғай түк өнбейді егеспенен.  
Түнеп қыдыр конбаған Ұбырайға:  
Күн өтті деген өнешпенен.  
Ел арытпас Серікбайдың жарлығынан,  
Құт болды бас қыдыры барлығынан.  
Мактаған Ұбырайың дәнене емес,  
Бұлінді бар Тобықты пандығынан.

Наймандай, Арғын болмас қоңыр майда,  
Ел токтар бір мінез жоқ Үбырайда.  
Қазакта өнері аскан ер болғанда  
Бағланы Жігітектің кетті қайдада?!

---

---

---

Сал Біржан, мақтансаңшы түбін ойлай,  
Арғынның бәрін білем бірін қоймай.  
Күнінде-ақ болып тұрған ел бұлінді,  
Тобықты быт-шыт болды үріккен қойдай.  
Быт-шыт қып Тобықтыны тентіретті,  
Түбіне аяғында түгел жетті.  
Елге құт, берекелі кісі болса,  
Манғазы Шекетайың қайда кетті.  
Өнердің күш көрерсің өкімінен,  
Сезімнің түйсөн керек секілінен.  
Жарыған жалғыз Арғын көрінбейді,  
Жас қызын ұстап берген қекілінен.  
Түйеше құр бойына сенесің сен,  
Қара керей Матайға жау болған жоқ.  
Барактың артық кайрат етуінен,  
Ісін жоқ Найман қып жетуінен.  
Тойғұлының асында бәйге тікті,  
Тоғыз қызы Арғын берген жетімінен.  
Төлеуші ең бір түйе ұрлап екі бала,  
Антұрған ұялмайсың бітімінен.  
Құтырмай жайына жұр жынды делбе,  
Келіп кісі болмассың біздің елге.  
Сыр білмейтін жеріне мақтан бер,  
Бұл жақта құр айғайың кетер желге.  
Ей, Біржан, көнілінді тындырайын,  
Аруақ пенен құдайға ұрдырайын.  
Найманда түлеп ұшқан ақыықпын,  
Топшынды қанатыммен сындырайын.  
Құнанбай не себепті Омбы барған,  
Ер еді өз басы әділ қылды жарған.

Ел тоқтап сасқан кезде үйытқы болар,  
Баласы жоқ ақ дейді онды болған.  
Ей, Біржан, бұ да жетер бір басына,  
Құл болып одандағы тұр қасыма.  
Сен дағы жас күнінен ардакерсін,  
Құрбың мен жеткізбеген құрдасына.  
Әуенін жez сырнайдың көмейіндей,  
Әніннің қазақ жетпес бұрмасына.  
Ақын емес, жігітсін әнгімешіл,  
Мұныңмен шыға алмайсың қыр басына.  
Он Жанақ, он Орынбай жолдас алсан,  
Мен кепіл сен жеңілмей тұрмасына.  
Есің болса, осымен токта, Біржан,  
Арғынды бос қаздырмай ұрғашыға.

*Сонда Біржанның айтқан жауабы:*  
Құтыма тіл тигізбе, ер Құнанбай,  
Алашқа аты шыққан кер бұландаі,  
Ескермес он ақынды есіл басым,  
Қадалдың маған, Сара, сұр жыландаі.  
Сен тұғіл, жеткен емес ерекк қуып,  
Төмен болған жерім жоқ, өзім туып.  
Шынымен жайнан қағып самғағанда,  
Тұсыма келген емес адам жуық.  
Менсінбей қапы болып өкінермін,  
Ыңғарлы көрінеді сөзің сұық.  
Болдырып түстен кейін сандырарсын,  
Байталсын қапелімшіл бір жел қуык.  
Барынша өнеріннің аянбай сал,  
Көңілімді көтермей-ак сөзбен жуып.  
Мені қалай, сен бала, кемітесін,  
Жорғамын сарынымен самғайтұғын.  
Бәйге аты серпілімді шалмайтұғын.  
Әнімді он екі взвод жіберемін,  
Есіннен өле-өлгенше қалмайтұғын.  
Ежелден құлаш мойын көк айылмын,  
Ылауға жеті күнге талмайтұғын.

Болатпын екіжүзді жетем кұрыш,  
Күйсейін шапкан түье танбайтұғын.  
Гауһармын бозбалаға сәуле берген,  
Дәндеме жаманынан жанбайтұғын.  
Ой желке, камыс құлак кара көкпін,  
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.  
Ұрғашылық қылмасан бір басыма,  
Қазақ жок Біржан десе нанбайтұғын.  
Дауысымның жаңа түсті кәрі жыны,  
Дәуірлеп барған сайын бармайтұғын.  
Қақабат, Қарақожа ата-бабам,  
Осындай ерегісте қолдайтұғын.  
Қырымға қарайтұғын қара кермін,  
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.  
Айнымас қанды балак ақиыклын,  
Тұяғым тиген қасқыр онбайтұғын.  
Асылмын аспандағы құс болғанда,  
Қантарда қалышылдаған тонбайтұғын.  
Тұлпармын «Көрүғылының» Пырағындай,  
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын.  
Рұстем-Дастандаймын дәл өнерге,  
Менгеріп кісі билеп алмайтұғын.  
Бір итке елін неге берем дейді?  
Алаштан лайықсың таңдайтұғын.  
Он бестен ұрғашыға саятшымын,  
Құн сайын қанжығамды қандайтұғын.  
Аңдал бас аяғынды, байғұс Сара,  
Мен сенің кісін емес алдайтұғын.

### *Сараның айтқан жауабы:*

Қазақ жок хан Баракқа тенгерілген,  
Күшімен Арғын – Найман менгерілген.  
Есіл ер, аруақ біткен заманында,  
Токтыдай сан Тобықты өнгерілген.  
Еркек жок өз басыма тенгерілген,  
Сөз пірім он жасымнан менгерілген.

Небір көзге олқы боп көрінсем де,  
Сан жүйрік койдан онай өңгерілген.  
Ұшырған тәрбиелеп ақ түйғынын,  
Матайдың Қаракерей сенгерінен.  
Даусыма аспандағы құс айналар,  
Құбылып тотықұстай төнкерілген.  
Антұрған, құдай, қане, жасырмай айт,  
Сөзім жоқ бір кісіден кем көрінген.  
Сайраған мен бір Найман бұлбұлымын,  
Қапаста жел тигізбей жем берілген.  
Жұрт сыншы, өзі білмес екі даугер,  
Белгі жоқ алдымында тенгерілген.  
Мақтанғаным болмаса осы қеудем,  
Он Арғын шалымынан кем көрінген.  
Бірінен-бірі дамып асып түсер,  
Даусым алтын тудай шаң көрінген.

***Біржанның айтқан жауабы:***

Жарайды, жаным Сара, осы сөзін,  
Тас түлек тұрымтайдай екі көзін.  
Сөз айттар қандай адам деген кезде,  
Алдымнан құдай айдал келді кезін.  
Бір асканға бір тосқан бар-ак деген,  
Талайдың кисық деуші ем құрган тезін.  
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысын,  
Сөйлейсің алтындей ғып сөздін жезін.  
Қанатын күн шалмаған ақ түйғынның,  
Жапалақ иемденер басқан ізін.  
Қор болдын бір қортыққа, Сара қалкам,  
Армансыз қылар кімнің үйі-түзін,  
Дені сау адам емес Тастанбегін,  
Жұр екен тастай алмай о да қызын.  
Біліп ем, Сара, сенің сынарынды,  
Баса алмай армандамын құмарымды.  
Ақ үйден айғай салып шакқан кезде-ак,  
Білгенмін сөзге қайрат қыларынды.

Сұмдықпен бит ішіне қан құясын,  
Білмейсің неден зар боп жыларынды.  
Майыскан сегіз қырлы жүйрік-ақсын,  
Қай жерден болжамайсың тынарынды.  
Шақыртып күйеуінді осында алдырт,  
Көрейін таңдап қосқан сынарынды.  
Тез алдырт күйеуінді, Сара саңлақ,  
Көрейін еркегінді тиғен таңдап.  
Рас жаны ашыса Тұрысбектің,  
Белгісі білінеді келсе сонда-ак.  
Шыбықтай жігіт шығар өні нұрлы,  
Өнері өзің тендес сегіз қырлы.  
Шеберден мін алатын мініскермін,  
Ер шығар тотықұстай неше түрлі.  
«Жақсыны көрмек үшін» деген, Сара,  
Өзін түгіл, ел қамын жеген, Сара.  
Мырзанды ит Жиенқұл шапшаң шакырт,  
Ұялып бөгелесін неге, Сара?

*Сонда Сараның Найманның жақсыларына  
шагынып айтқаны:*

Ханжеке-аяу, мынау қалай ақырады,  
Жиенқұл тез келсін деп шақырады.  
Көруге асылынды әпкеліндер,  
Аулында ол келгенше отырады.  
Арғынға жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей, қор боп ұшқан қызыл ғұлім.  
Сіздерден ұялғаннан ұндеуеші ем,  
Есекке қосактаулы өтті күнім.  
Өзі білер деуші едім жақсылардың,  
Ақыры қайғы болды енді мұным.  
Алтайдың санлағымен сөйлессем де,  
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным.  
Сіздерге сенетүғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім.

Өздерің Жиенқұлды көріп едін,  
Құдайдан корықпай шыдап беріп едін.  
Отырған «Найман шалдың» аруағына,  
Бәріне қыз да болсам серік едім.  
Біржанға көрсетіндер Жиенқұлды,  
Бар жұртқа онын сыры аян болды.  
Ұяттан кісі өлмейді, сағы сынар,  
Қайтейін құдай қосып ием болды.  
Итінді келмесе де келтір байлад,  
Өлмесін зығырданым күнде қайнап.  
Ағалар нәсіліне дұрыс болса,  
Құдайға тапсырамын «Қаптағайлап».  
Хажеке-аяу, көріп келдің хактың үйін,  
Мен түгіл, ботана да зорлық қыын.  
Жиенқұл ерім болып тұрап ма скен?  
Күнінде танда махшар болса жиын.  
Көзімді аш, көнілімді ала қылмай,  
Кетсен де өкпеледім бала қылмай.  
Сыртынан өлеңменен шақырайын,  
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай.  
Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай,  
Келуге шошынады неден батпай?  
Әркімнің қолда бары өзіне алтын,  
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.  
Көрінсін Біржан салға ай сықылды,  
Ақ құйрық көніл ашар шай сықылды.  
Ұсынса кол жетпейтін арғымағым,  
Арғынға баламаймын тай сықылды.  
Тез келіп амандассын Біржан салға,  
Көрінсін айбаттанып Арғын шалға.  
«Әркім теке қояды өз лағын»,  
Әйтеуір мені сатып алды малға.  
Бермесін дұшпаныма намысымды,  
Біледі Арғын-Найман дабысымды.  
Бар болса шыбын жаны шапшаш жетсін,  
Ел таныр арғымақтай шабысымды.

Қылмасын дос Жиекем сөзге сынық,  
Шарбаттай ағып жатқан сөзім тұнық.  
Қамалдан тартынбайтын қайран басым,  
Көлге кеп қойып кетсін көзді жұмып.  
Асылым құдай берген өз бағыма,  
Тенәлмес жеті Біржан тырнағына.  
Найманда ұлы дария саяткерім,  
Балық боп ілінгемнін кармағына.  
Бағының зор екенін көрсін Арғын,  
Сықылды салтанатым батыр Тарғын.  
Көрмеп пе Біржан ондай болам десе,  
Сескенбей шапшан жетсін біздің балғын.  
Бесіннен қалмай жетсін жаны болса,  
Бөгелмей жете көрсін әлі болса.  
Елден қайыр сұраған кедей Біржан,  
Алмай ма мендей қызды малы болса.  
Көрінсін саясатпен менің серім,  
Сол еді құдай қосқан бараС жерім.  
Кедейге қонақ асы тай әкелсін,  
Талабы Тәттімбеттей асыл серім.

*Біржан сөйлейді:*

Көрейін кісі жібер күйеуіңе,  
Көнбейді жаман болса сүйенуге.  
Күйеуін қандай екен, көзім көрсін,  
Адамның таласасын біреуіне.  
Жасырмай көрсет көзге келтіріп-ак,  
Сөзбенен жүдettін ғой өлтіріп-ак,  
Ұялмай осы топка көріне ме?  
Өнерсіз жігері жоқ жетпегір-ак.

*Сараның айтқан сөзі:*

Хажеке-ау, кісі жібер балаңызға.  
Әзәзіл болды Біржан арамызға.  
Сыртынан мақтасам да керек болды,  
Көрсетпей жігітті ұрлап қаламыз ба?

Өзіннің қула жорғаң барсын оған,  
Жиекем «Бижан» ерін салсын оған.  
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,  
Құдайым мені жар ғып қосты соған.  
Хажеке-ау, алдыртыныз қонақ кетпей,  
Біржан түр көремін деп сөзге бітпей.  
Ажал да кісі тандап алады екен,  
Сол итті неге қойған алып кетпей.  
Қонжиып мінер құла жорға барса,  
Келе алмас сол шіркінің қорғаласа,  
Рас бізді масқара қылар сонда,  
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.  
Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,  
Ер бияз елсіз тауға шыққандай-ақ.  
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,  
Он мата арқасына тыққандай-ақ.  
Бар еді ұлы-қызың, хажы аға,  
Қалдым ғой Біржан деген беймазаға,  
Өзіннің болып тұрған заманында,  
Дені сау кез болмадым бір тазаға.  
Арғында бір дәңгелек деп едініз,  
Мен түгіл, Найман қамын жеп едініз.  
Мекке мен зиярат қылып Байтулланы,  
Бақытыма аман-есен кеп едініз.  
Көрмейсіз неге менің көз жасымды...

***Сол жерде Біржан тоқтап сөз басылды.***

Жиылған «Қаптағайдың» жақсылары,  
Басқаға айырып бер өз басымды.  
Алдырып не қылады оны Біржан,  
Көруге ынтық емес соны Біржан.  
Арғыннан асып кеткен бай болмайды,  
Жеткенмен Жиенқұлға қолы Біржан.

## *Сонда Біржанның айтқаны:*

Шырағым, Сара, сендей тумас бала,  
Шежіре туармысын мұндай дана.  
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,  
Жігітін жөндеу екен, ей, бейшара.  
Ел-жұртын корықса керек көз жасыннан,  
Киып кеткім келмейді мен қасыннан.  
Кемітер қай жерінді дүшпан шіркін,  
Адамзат озар емес бір басыннан.  
Жіберме Жиенқұлға шақыруды,  
Өнерсіз үйде білер аһ ұруды.  
Қайнайды зығырданым көргеннен соң,  
Алдырма бекер мұнда кәпірінді.  
Білесін, Арғын-Найман тегіс затын,  
Алашқа шығып еді Біржан атым.  
Кісіге сен сықылды малын шашпай,  
Қазақ та қылады екен итті қатын.  
Дүшпаның жамандайды не деп сені,  
Белгіге жарап саған берсем нені,  
Бір басты адам болмас, сен өнерлі,  
Айбатың әлемге аян ай бедерлі.  
Садаға тырнағыннан кетсін, Сара,  
Сан жүйрік көріп едім мен не дүрді. –  
Сонда Біржан сөз айтты біздің жакқа:  
– Ұмытпан, Сара, сені әр уакытта,  
Қайырған сөзben жетіп есіл шіркін,  
Көрермін қайта айналып қайсы уакытта?  
Есімбек бокка сатпа асылынды,  
Сыйлай көр қыз да болса нәсілінді  
Ұқпасан, Арғын жоқты айтты дерсін,  
Есеке-ау, құлағына ал осынымды.  
Қылайын көп ұзатпай сөзді қыска,  
Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста.  
Аты ұрғашы демесен қарындастын,  
Адамның артығы екен осы тұста.  
Шынымен бапты күнде дүға салса,

Ілеспес ақын түгіл, ұшқан құс та,  
Обал түрған орнында жауап табар,  
Жиенқұл тең емес қой бұл байғұсқа.  
Законда зорлық болмас жанды адамға,  
Жақсыны қор қып болмас бір наданға.  
Және де аят пenen хадис те бар,  
Жылатып берме деген еш адамға.  
Хажы барған «Қаптағайдын» арыстаны,  
Жалғыз сіз осы күнде данышпаны,  
Өзіне құдай беріп түрған кезде,  
Дүшпанның топ етеді алысқаны.  
Көрмеп пе Сарадай қыз теңін тапса,  
Ішінен өнер қысар аузын ашса.  
Қор болып Жиенқұлға жібергенше,  
Қытайша он есе артық басын шапса,  
Тұрысбек, Есімбектен сау тұр Маман,  
Таянды қайтар уақыттым енді маған.  
Айналып ендігі жыл бір келермін,  
Тыскары топырақтан болсам аман.  
Сараны Жиенқұлға бере көрме,  
Қызы түгіл, ер құнына келер шаман.  
Бар болса сүйегінде ойларсындар,  
«Өлі тілін тірі алмас» деген заман.  
Байлаулы бала құстай Сара сорлы,  
Жоқ екен осы күнде мұнан жаман.

Әлқисса, Сара күйеуінен ұялып, Жиенқұлды  
Біржанға көрсете алмай, жамиғи Найман токтады, қыз  
әм «токтадым» деді. «Намыс жақсыларым, Жиенқұлдан  
айырар ма деп, болмаса айттар сөзім басқа еді», – деді.

*Енді Сараның өзінің айтқан сөзі:*  
Сал Біржан, жүріп кетті амандастып,  
Екі күн арпалыстым табандастып.  
Шіркінге қимағаннан жорға бердім,  
Басында сөйлессем де жамандастып.

«Хош Біржан, сау бол, – дедім, – сағым – керім,  
Арда күрен жігітің әлім-берім.  
Қашан өзің өлгенше есіл көзел,  
Күнде той, күнде жының жұрген жерін.  
Жүре көр акын Біржан бізді сұрай,  
Тыскары топырақтан қылса құдай.  
Аптығып Арғынсынып сандырама,  
Көзіңе қызы көрінсе мұнан былай.  
Жолықтым атағына құмар едім,  
Болмаса келмestей ғып сығар едім.  
Сыйладым сағын жерде қалмасын деп,  
Аттатпай адымыңды қияр едім.  
Боп қалды бір көргенім көз таныстай,  
Сен дағы жол бермедин бір қалыспай.  
Есекем керек болса бере қалмас,  
Кісідей қарапайым бір салыспай».  
Тәмам тәмам.

*Бастыруши Жұсінбек Шайхисламұлы.  
Қазан, 1898 жыл*

## **БІРЖАННЫҢ НҰРҒАЙША ҚЫЗБЕН ҚАҒЫСУЫ<sup>61</sup>**

Біржан қасында жолдастарымен бір ауылға жақын-дағанда, Қарағайлы деген өзеннің тасалау жерінде үш бойжеткен қызы суға шомылып жатыр екен. Байқаусызда үстіне келіп қалған кісілерді көріп, шыға алмай отыра бе-ріпті. Қасындағы жолдастары: «Біржан, мына қыздарға бірдене десейші», – дегендеге, Біржан:

*Бауры Қекшетаудың қарағайлы,  
Қар кеткен соң болады малға жайлы.  
Ішінде адап да бар, арам да бар,  
Ей, қыздар, шығарыңдар судың лайын, –*

дейді. Қыздардың ішінен Нұрғайша деген бір қыз судан басын көтеріп алып, былай деп жауап қайырады:

*Ұшады аққу көлден сабаланып,  
Біз қалдық сіздің сөзге назаланып.  
Келед деп иғі жақсы алдымызға,  
Шомылып жатыр едік тазаланып.*

Біржан қыздың беталысын көрген соң, ат үстінен аманда-сып жүріп кеткен екен.

## **БІРЖАННЫҢ БІР ҚЫЗБЕН ҚАҒЫСУЫ<sup>62</sup>**

Біржан сал жолаушылап бір кедей адамның үйіне кез-деседі. Сол үйдің қызы Біржанға қатықсыз қара көже құйып берсе, ол ернін ғана тигізіп қайтарады. Сонда қыз айтады:

*Байлардың жейтін асы – жая мен жал,  
Шығады нақ кедейден осындай сал.  
Қыс аяғы шаруаға күйзеу болды,  
Көжеге кекіреймей ерніңді мал!*

Біржан:

*Атанған ақындықпен Біржан сері,  
Серінің күнде думан журген жері.  
Қарындастым, ағаңа сөзің өтті,  
Көженәнді басып-басып әкел бері.*



Біржан салға арналған сәүлед мемориалды кешені.  
Ақмола облысы Степняк қаласы



Еңбекшілдер ауданындағы Біржан сал атындағы музика  
мектебіне Біржан салға арналған ескерткіш орнатылды.  
2012 жыл, мамыр



«Біржан сал» фильмі



Біржан рөлінде Досқан Жолжақсынов



Гүлшат Тұтова – «Біржан сал» фильміндегі Әпіш рөлінде



Аша Матай – «Біржан сал» фильміндегі Ләйлім рөлінде



«Біржан – Сара» операсы – «Астана Опера» театрының алғашқы  
көйылымы. Басты рөлдерде – ҚР халық әртісі Нұржамал  
Үсенбаева мен Ресейдін енбек сінірген әртісі,  
Татарстанның халық әртісі Ахмед Агади

ЖАҢА  
**Жүлдөздар отбасы**

**Аныз адам**

Журнал Аз №14 (99) 10 мамыр 2014 жыл

КАЗАҚЫН  
ХАЛЫҚ АҚЫНЫ  
әнші, композитор

БІРЖАН САЛ  
КОЖАҒҰЛЫ

Біржан сал «Аныз адам» журналының кезекті санында

## **БІРЖАННЫҢ ШӨЖЕ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУЫ<sup>63</sup>**

Біржан бір кездे Шөже ақынмен кездесіп, Шөжені сөзбен қажай беріпті. Сонда Шөже өлеңмен былай депті:

### ***Шөже:***

Ай, Біржан, маған берші азды дат,  
Аяңа жоқ нәрсенің бәрі де хат.  
Сасық күзен секілді шақылдама,  
Сенен бұрын туғанмын, тілінді тарт.

Біржан-ау, осы емес-ті көрген жерім,  
Еншалла жаңылмаса көрген көзім.  
«Ұлмұлқұра» деген Алладан аят келді,  
Соны тапсан, сен мені женген жерін.

### ***Біржан:***

Жақынды алыс қылар жүрмелеген сон,  
Мереке – қызық болмайды құлмелеген сон.  
«Аталы сөзге арсыз таласады»,  
Шөжеге шорқақ едім білмелеген сон.

### ***Шөже:***

Әкесі Қожағұл Ақсарыға үлгі берген,  
Бұл неге теріс кетсін үлгі көрген.  
Арсыз болса, жанжалға салар еді,  
Бұ-дағы келіп қалды даңғыл жолмен, –

дейді.

Біржан әрі қарай жауап қайтармайды.

## **БІРЖАННЫҢ ТЕЗЕКБАЙ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУЫ<sup>64</sup>**

Біржан сал Тезекбай ақынмен замандас болған сон әр уақыт кездесіп әзілдесіп, қағысып жүреді екен. Бір кездескенде екеуі былайша қағысып қалыпты:

### ***Тезекбай:***

Бұл өнерді кім берді, Біржан, саған,  
Өнер берген кісінді айтшы маған.  
Өнер берген кісінді айта алмасан,  
Сенің өлең айтуың тіпті арам.

### ***Біржан:***

Жаратқан бәрімізді бір құдайым,  
Абзал қылып жаратқан күн мен айын.  
Өнердің бойға біткен арқасында,  
Тезеке-ау, салдық құрмай не қылайын?

### ***Тезекбай:***

Рас, бәрімізді жаратқан бір құдай-ды,  
Абзал қылып жаратқан күн мен айды.  
Бір құдайдың бірлігін хақ деп білсен,  
Неше сипатпен танисың бір құдайды?

### ***Біржан:***

Өзің молла, оқисын жазған хатты,  
Сері қайдан біледі шарифтты.  
Әкем Қожағұл болғанда, өзім – салмын,  
Мен сізден сұрамаймын насиҳатты.

### ***Тезекбай:***

Олай болса, отырғанда, ақын мен ой таба бер,  
Күндіз-түні жүрсөң де жол таба бер.

Орта жүздін баласы «Темір Қақпан,  
Байғұлыбай» деп, әне, зарлап түр ғой.  
Қыз-келіншекке айтып, тана-моншақ жиып:  
Сонымен жолығысып мал таба бер, –  
деп батасын беріпті.

## **БІРЖАН, ОРЫНБАЙ, ШӘЖЕ АҚЫНДАРДЫҢ АЙТҚЫРЛЫҚТАРЫ**

Кедей Сағынайдың асына сауын айтылып, жан-жактан жүрт жиналады. Сол аста басқа кедейлермен бірге, ақындар бәйгесі де тігіледі. Ақындардан Сағынайдың байлық-салтанаттық дәрежесін кімде-кім бір ауызға сыйғызып жақсы өлең шығарып айтса, соған бас бәйге берілмекші. Жиылған ақындардың ішінен Орынбай, Шәже, Біржан сал өлең бәйгесіне түседі. Бірінші сөзді Керей баласы деп Біржанға береді, онан кейін Орынбай, Шәже айтады.

### ***Біржан:***

Сағынай, Мәті-Дәулен, жайындайсын,  
Тел өскен, сен қысырдың тайындайсын.  
Дәuletін жеті атаңнан арылмаған,  
Киіктін даладағы лағындайсын.

### ***Орынбай:***

Керейде Сағынай мен Мәті-Дәулен,  
Көркін көпке, күндей болып түсер сәулен.  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Жүрмісің есен-аман, өнкей сәулем?

### ***Шәже:***

Сағынай, Мәті-Дәулен – егізімсін,  
Кол жетпес қабырғана семізімсін.

Жеті атан жеті руға жетім берген,  
Сонда да таусылмайтын теңізімсін.

## БАБАЙ МЕН ҚАСҚЫРДЫҢ АЙТЫСЫ<sup>65</sup>

Бабекен қарсақ аулап жүрген екен,  
Астына буаз бие мінген екен.  
Жартастың өзенінде келе жатса,  
Алдында қасқыр ізін көрген екен.

Сол кезде қылау жауып ізді басты.  
Кәрілік кетіп Бабекен болды жас-ты.  
Бір қурайды пана қып жатыр екен,  
Дәл үстіне келгенде тұра кашты.

Бабекен үйден шықты белін буып,  
Мұндай қызық көрген жоқ өзі туып.  
Буаз бие құлынын елемей-ак,  
Жартастың өзенінде жетті куып.

Жүрегі Бабекенің кетті суып,  
Тартады төс айылын белін буып.  
Буаз бие мінгенін елемей-ак,  
Құрығын көлденен әп кетті куып.

Кику сап дем алғызбай қуған бетпен,  
«Жартастың» өзенінде куып жеткен.  
Ақшамның акырында екі көкжал,  
Айтысып қайымдасып кенес еткен.

### *Бабай:*

Аузында тіс, арқанда жұн бар екен,  
Кеуден жаксы, бөксенде мін бар екен.  
Талай малды жеп едін, бәлем, қасқыр,  
Саған да жететүғын күн бар екен.

**Қасқыр:**

Бабеке, ішін толған амал екен,  
Кер биен өзі буаз, шабан екен.  
Тәселіп бұрынғыдай қаша алмадым,  
Жұрт қарғысын көп алған жаман екен.

**Бабай:**

Мекен қылып жатыпсың мидай дала,  
Курайдың қылып жаттың несін пана?  
Осы мұз осы бойы жата қалса,  
Талайыңды қылармын қызыл ала.

**Қасқыр:**

Сені маған жеткізген жаббар ием,  
Ұрған сайын босайды жүйе-жүйем.  
Бәрімізді қырам деп жүргенінде,  
Құлын тастап кетпесін буаз биен.

**Бабай:**

Қасқыр-ау, көріп пе едің бұдан қыын,  
Аллаға арызың жетсе сен де сыйын.  
Сендей кәрі тірсекті жүгіртпейтін,  
Баһауддинге айтамын жеті тыын.

**Қасқыр:**

Бабеке, сөзінде айтқан жоқ қой ката,  
Байсары моллан «жолың болсын» деп берген бата.  
Мен-дағы қашқанымда сыйынып ем,  
Еш қайла қыла алмады «сыңсыма ата».

**Бабай:**

Шектерін талай малдың шұбыртқансын,  
Жығып беріп баланды қуантқансын.  
Соның-дағы обалы жіберсін бе,  
Ақ сүтін талай малдың суалтқансын.

**Қасқыр:**

Үйінен шығып едің өлең айта,  
Кұлышын көп жұрт едің қоян қарта.  
Жиын сайын төбелес қылушы едің,  
Сен нағып тиыш жүрсің «Майлы-балта»?

**Бабай:**

Ұрмайтын мінезің жок уәм жығылып,  
Болар деп ойлап па едің мұндай қылық?  
Жанғозының жеп кеттің құр дөненін,  
Сақалымен жылады-ау шөпті жұлып.

**Қасқыр:**

Мекен ғып жатыр едім сайды деймін,  
Елінді ақтап, тілініз майда деймін.  
Мен жесем өлімтігі жатпас па еді,  
Даманың көк биесі қайда деймін.

**Бабай:**

Сен жүйрік жеткізбессін арғымаққа,  
Мына мұз жатып қалды біздің баққа.  
Өзенде қаптаған су, казған құдық,  
Жығылып қалған болар шұғанаққа.

**Қасқыр:**

Сен маған жетіп қалдың нағып онай,  
Кіретүғын болмады қалың тоғай.  
Еліне дәненені жолатпайсын,  
Бабекен, қайда кетті екі ноғай.

**Бабай:**

Сен неге шықтың енген тоғайыннан,  
Мені-ак жеңе қоярсың онайыннан.  
Елу кісі ант беріп былтырғы жыл,  
Құтылғамыз сол жала ноғайыннан.

**Қасқыр:**

Елінді актап, тілініз тым-ақ майда,  
Балаларым кек алар келер айда.  
Жала қылған ноғайдан құтылыпсын,  
Бабеке, Жұмабай мен Қодар кайда?

**Бабай:**

Осы күнде жетіп тұр саған әлім,  
Елуте жеткен шығар жеген малын.  
Қайда тентіреп жүргенін кім біледі,  
О да сендей қаңғырған екі залым.

**Қасқыр:**

Жақсы деп кете алмайсың қонысыннан,  
Ішке айдаса корқасың ұры сүмнан.  
Екі жерде өлімнен алып қапты,  
Үш айналсаң болмай ма болысыннан?

**Бабай:**

Қасқыр, сенің тілінде сенім бар ма,  
Қыпшақтан жақсы көрер елім бар ма?  
Аузына келген сөзді оттай бердің,  
Болысымды тастап жүрген жерім бар ма?

**Қасқыр:**

Оқитұғын менде жок кітап, құран,  
Құшатұғын дәуренім қайда тұрған.  
Күнәдан арылатын жерін бар ма,  
Ағасының жағадан ап інісі ұрған.

**Бабай:**

Сен жылқыны көп жегенде қуанасын,  
Жұнің қалын, аязға жылынасын.  
Сен-дағы ол жағына құлгенің не?  
Ененің байы болып ұлығансын.

**Қасқыр:**

Елініз мен кеткесін бие саусын,  
Қой құзеткен балалар қояр даусын.  
Ойнас жағын көп айттыссан женер едім,  
Бабеке не қылсан да женген жаусын.

**Бабай:**

Күн кеш болды өлеңді қояйын да,  
Құрықпенен тәбенді ояйын да.  
Екі жылда жеп едің он жылқымды,  
Жаның шықтай терінді сояйын да.

**Қасқыр:**

Кеш болды деп өлеңді қойғаның ба,  
Құрықпенен тәбемді ойғаның ба?  
Елінді ұры дегенге намыстанып,  
Үш сом үшін терімді сойғаның ба?

Мен өзім жүгіре алмай қайран қалдым,  
Қаның ұрттап ішуші ем талай малдын.  
Ұрғаныңнан барады сөзің өтіп,  
Ақ шекпенді бүкішке мен таңдандым.

\* \* \*

Бабаның қатты шықты абының тери,  
Осындай қасқыр сокты Бабай сері.  
Таксыр-аяу, өз айтты деп сөгө көрме,  
Кеш болып әбден тәмам болған жері.



Үшінші бөлім  
**Естеліктер мен естігендер**



## «ЛӘЙЛІМ ШЫРАҚ» ӘНІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Өзі өлсе де, сөзі өлмей, қазақ халқының ән атасы болған Біржан жөнінде талайлар қалам тартып, оның асқақ әндері жан дүниесіне нәрлі азық бергені жөнінде аз айтылған жок. Сондықтан да ескерусіз, әлде елеусіз келе жаткан бір ғана нәрсені оқырмандар есіне салғанмын.

Атақты Абай:

*«Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсөң, менше сүй!» –*

деп еді-ау! Дәл осы Абайша сүйген Ләйлі туралы бір аныз әңгімені 1946 жылы Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданындағы алтын кені Степняк тұрғыны қарт Мұқаннан естідім. Бұл жер – әнші Біржанның кіндік кесіп, кірін жуған жер. Оның топырағы да сол жерде. Қабірін көріп, қатты ойда тұрған маған қарт Мұқан:

– Балам, жасым 87-де, марқұм Біржанның қырық шакты әнін де білем, бірақ бәрінен маған қымбатты да, қасиеттісі – «Ләйлім шырак» әні, бұл әнді Біржан бозбала күнінде Жолдызек бойындағы Қарауыл елінде салдық құрып жүрген жас шағында бір қызыға ғашық болып шығарған екен. Сол қызben көніл қосқан Біржан қолға түсіп, аяқ-қолы байлаулы байдың ас-сұы тұратын қараша үйіне камалады. Кеше ғана оның айналасын қоршаған жігіт-желен, қыз-келіншектерден қадірменді құрбысына жан тартқан біреулері қолын шешіп, босатып жібергенде атына барса, бұрынғы шідері жок, атының аяғы тұсаулы екен. Қара тұнде ауылдың сыртында атын

ерттеп, шылбырынан ұстап отырып, осы әнге басқан екен.

Ән шыккан жаққа жүгірген жастар Біржанды көріп, ауылға шақырады. Ол сол ауылдағы қадірлі бір адамдарына, қыздың жақын ағалары Көлбай мен Жанбайға апаруын өтінеді. Есіктен кіргенде «дат» дейді.

— Айт, не дәтін бар? — дейді Көлбай.

Сонда Біржан:

— Атымның аяғынан алтын шідерім ұрланды, оны сениң қарындасын Ләйлі алды. Шідерім қымбат еді, ен кем қойғанда қырық қысырапқ еді, — деп түспалдайды.

Шіркін, ғашықтық-ай десенізші! Ол тоскауыл, тоқырау дегенді елеген бе? «Ғашықтықпен ойнама» атты пьеса жазған испан халқының атақты драматургі Кальдерон де ла Барка (1600-1681) өзінің досына қыншылықтан қорқып, ғашықтықтан тартынған бір фактіні сен айта алмайсын, кедергіні кесіп өткен немесе өтпекші болған мына мен айта аламын деген екен. Солай бола тұrsa да қазақ қоғамының өткен өмірінде ғашықтық деген шығыс халықтарында болған дәрменсіз күйреуік, жылап-сықтау арқылы аяушылық, кайыр-кайырым іздеу, Алласының атымен арыз айту сиякты нәрсе кемде-кем болған.

Патриархал-феодалдық дәуірдің өзінде ғашық болған қазақ жастары әрекетсіз қалған емес, жалынды жарып, түнектің тұнығын шайқап, үстінде ойнаған ажал оғын серпіп тастап, мақсатына ұмтылғанда Біржанның:

«Жайланаң Жолдызекті көп қарауыл,  
Қызды ауыл – қымызды ауыл, қызықты ауыл.  
Талпынған ғашығына от жүректің,  
Жалынын сөндіре алмас соқса дауыл», —

дегені (Мұқанның айтуынша) де осыған дәлел бола алады.

Сондағы Ләйліге арналған ән осылай басталады екен.

Мұны Қарауылдың атақты әншісі Жұсіпбек Қасым-ұлының ауызынан да естігенім бар-ды (ол 1924 жылы жетпістен асып өлген әнші).

*Көлбай, Жанбай дегенге, Көлбай, Жанбай,  
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай?!  
Шідерімнің балағы алтын еді-ау,  
Барамын сол себептен шыдай алмай!*

Қайырмасы:

*Хәләлім Ләйлім-ай-ай!*

*Ләйлім шырақ дегенге, Ләйлім шырақ  
Таудан аққан құм қайрақ сен бір үзілік,  
Алтын болсын, жez болсын өзіме бер,  
Бағасы шідерімнің қырық қысырақ!*

Қайырмасы.

«Ләйлім шырақ» әні осылай туады. Қызға ғашық болса да айтатын өтіл таба алмай, шідерді сылтау еткенін түсінген, жастық емтиханынан өткен қыз ағалары:

— Осы жігіт бір қызға татиды, теңі келсе, тегін бер деген емес пе, — деп Ләйліні Біржанға береді. Той тарқағасын аттандырады, бірақ қызды ертіп аппаратын кісі болмайды. Өйткені қалыңсыз берген қызға нокта байладап келген құда болмағасын, апарып салуға болмайды, аяқтай өздері кетуі керек.

Біржан мен Ләйлі арада екі қонып, үшінші күні Шағалалы (Степняктан он сегіз шақырым) басында отырған ауылына жақындау жерге Ләйліні түсіріп, озып ауылға келіп, женгелері, жастар Ләйліні келін түсіру дәстүрі бойынша ауылға әкелген екен.

— «Ләйлі» әні басында ұзак бір ауыз өлең-ді, Біржаның өзі үшке бөліп, үш түрлі әнмен айтатын еді, — дейтін Мұқан карт.

Тегінде содан болса керек: «Ләйлім шырак», «Шідер», «Көлбай-Жанбай» атты үш ән болып жүр. Бірақ бұлардың мазмұны бір ғана – «ұрланған» шідері арқылы Ләйліні сұрау.

Текстің өзінде де ала-құлалық, сан құбылған жаңсактық та аз емес. Әсіресе әннің қайырмасы хәләлім, ләйлім – нюанс мәнінде екішты мағына береді. Мұны, Мұқан карттың түсінігінше, арабша хәләл-әйелім деп меншіктеу, яғни, менің әйелім деген мағынада айтылды деуге де болады. Болмаса, әшейін халық ауыз әдебиетінде әлеуләй мәнінде айтылған деуге де болады. Біздін байқауымызша, осының алғашқысы көкейге қонымды сиякты.

Сонымен қатар қалыңсыз қызы беру сонау ерте заманнан келе жаткан, ғұрып-әдептің сарқыны сиякты. Олай дейтініміз – қазақ халқында кейінгі екі-үш ғасыр бойында қалыңсыз қызы берілгені туралы дерек жок, онан бұрынырак та елден ерекше шыққан батырға, өнерпазға қалыңсыз қызды берген фактіні жиі кездестіреміз.

Әнді қай халық жек көрді десенізші! Сонда басқа халықтардың көшілігі музыканы асыра бағалайды да, әнді соның тасасында қалдырады. Ал қазақ халқы ән дегенді музыкасымен коса түсініп, рухани мәдениеттің ең жоғарғы сатысына көтереді. Шарықтап қалқып, құдия құйылған асқақ ән қаны қарайып, көзі қанталаған қаһарлы қолдың қылышын қағып тастап, жауының жүргегіне жол тауып, ашудың алмасын да ерітеді. Біржан әннінің бірі – «Ләйлім шырак» та оның өз орындауында дәл осылай болған ғой! Қалың ел Қарауылды жападан жалғыз жүріп женіп, аруын алып кетуі сырлы әннің сиқырлы күші ғой. «Жақсы ән мен қүйге бір сәтке болса да қызған корғасындаі балқымайтын катал жан жер үстінде кездеспейді», – дейді Шекспир. Сондай бір сәтті кезге, жүйрік тіл, ұшқыр киял, асқан өнер Біржанды да бір кияға шығарған.

Шіркін, Біржан, қандай абзал жан едін!

## БІРЖАНДЫ КӨРГЕНИМ

1939 жылы шілде айында Аманжолов екеуміз Көкшетауды араладық. Көкшенің сұлу жерлерімен бірге Біржанның, Шолактың, Бекахметтің, Әпіш ақындардың туған жерлерінде болып, солар жайындағы елдің ауыз әнгімелерін көп естіп, тындадық. Әнші Тілеубайдың Ахметжаны, Еркесарының Мұқаны, Асантай күйші, Үсмайыл, Үскак деген қариялар, Шолактың қызы мен баласы, Біржанның ағайын-жакындары – бәрі бізге неше түрлі қызық әнгіме, өнер жәрменкесін ашкандаі болды. Қасым толып жатқан жана ән-күйді жаттап қайтатын болса, мен қариялардың бірқатар әнгімелерін жазып алғып едім. Олар Біржанның туған-өлген жылдарын, ататегін таратып айтып берді. Жетісуға Найманға барып, Сарамен айтысқаны жөнінде бірталай деректерді анықтап, әнгімені бабына келтіріп, майын тамызып шебер айтатын Тұран баласы Үсмайыл қария да сол кезде жетпістің ішінде, онымен құрбы Үскак қалжындал, Үсмайылдың әнгімесін макұлдалап, толыктырып, не сынап-мінеп отырады.

Үсмайыл былай деді:

– Біржан Сарыарқадағы жәрменкенің барлығын арапап, орыс, қазактың бәріне бірдей әнін шырқап салған адам ғой. Қоянды, Атбасар, Тайынша, Ботау, Ірбіт жәрменкелерін, Омбы, Семей, Ақмола, Қызылжар, Орынбор қалаларын да талай арапап көріп, сайран салған сабазын емес пе? Біржан орыстың, ноғай, башқұрт, қырғыз, шұршіт, тағы басқа жұрттардың әндерін де билетін. Қояндыға барса, тез оралмайды. Алтай, Куандық, Қарекесек, Сүйіндік, Найман, Тобыкты елдерін арапап, ән салып жүретін. Қасындағы жолдас-жорасымен түгел олжалағы болып қайтатын. Бір жолы Қояндыға барғаннан қайтпай, бірнеше ай тобыкты Құнанбай ауылында болып, келер жылғы жәрменкеге қайта қатынасып елге келген. Құнанбайдың баласы Абайды осы жолы мақтап қайтқан

екен. Сараның даңқын да Қоянды жәрменкесінде естіп, біліп келіп, қасына елден таңдал бір топ нөкер ертіп Сарамен айтысып жеңіп қайтыпты. Қасына ергендердің ішінде ағасы Нұржанның баласы Ахметжан, Атығай, Токабай дегендер болса керек.

Сарамен айтысқаны жөнінде Біржанның өзінің:

— Ондай ақын қызды өмірімде көрмедім, басы байлаулы әйел болғасын тосыла берді ғой. Әйтпесе алдыратын емес. Шаңын көрсетпес санлак еді. Кеудеге, есерлікке басып жендік деп кеттім, әйтпесе Сараға тен түсер адам жоқ, — деп әлденеше рет айтқанын жақсы білемін.

Біржанның салған әнін бала кезімнен бастап естідім. Ол керемет әнші болатын. Біржанның дауысы он-он бес шақырым отырған ауылға жетіп, даланы жаңғырықтырып жіберуші еді, шырқап ән салғанда тамағы, кенірдегі ісініп толып, бас терісі, бет-ауыздары тегіс өзгеріп, басында да такиясы бір орында тұрмай әрі-бері қозғалып билеп жүретіндей көрінетін. Мұндай құшті, зор дауысты естігеніміз жоқ, ақырын шырқағанда аспан асты, жер үсті қалтырағандай жер-тау қозғалып, көл шайқалғандай болушы еді.

Байлаулы жатқанда Біржанды әлденеше рет көрдім, жылап-еніреп өлеңін айтып, қалжырап барып ұйықтап кетеді. Шошып оянып, тағы да өлең айтатын. Есі бірде бар, бірде жоқ сиякты. Жұдеу, сақал-шашы ағарған, алынбаған, көзімен ежіре耶 қарағанда өткір еді, өнменінен өтіп кете жаздайды. Біз, жас жігіттер, сонысынан қорқып, шыдай алмай шығып кететін едік. Бір барғанымда қасында екі-үш шал, бір кемпір отыр екен. Жайбаракат әнгімелесіп, жасындағы көрген қызығын есіне түсіріп, ел жайын сұрап, алыстан жолаушылап қайтып, өзінің ағайын, ел-жұртының жайын білгісі келгендей халінде екен. Шалдар берген сұрағына тиісті жауабын айтады. Бір кезде жалынып аяқ-қолын шешкізді, онда да тыныш отырды, өзімен-өзі сырласқандай, домбырасымен сөйлескендей күбірлеп отырды. Шалдың бірі сыйырлап: «Тағы бұлдірмесе жарап еді», — деп еді,

соны құлағы шалып қалды да, Біржан: «Иә, бұлдірем, дүниені бұлдіріп-ақ келгенмін, бұлдіріп кетем де», – деп қолына түскен нәрсені лақтырып қирата бастады. Шалдар: «Сорлы-ай! Бейшара-ай», – деп, ауру Біржанды қоршап, қайтадан кол-аяғын байладап тасталды. Біржан ешкіммен тіл қатпай сұлық түсіп жатты. Шалдар: «Енді тимендер, тынықсын», – деп шығып кетті. Біз де бірге шыктық.

Біржан ауырып жынданды десе де, төнірегіндегі елге қадірлі болды. Оның көнілін сұраған жұрт ағылып келіп жатты.

Керей мен елток елі құдандалы: ауыл арасы жакынғой. Біздің төніректе Біржанды мінеген адамды көргеміз жок, бәрі де өнерін асыра мактап, соңғы кезде ауруға шалдықканын айтып аятын еді. Жанбота тұқымымен Біржан, оның ағайындары тату-тәтті құдандалы еді. Бұлардың арасында араздық болған емес, қайта олар оның балалары бәрі Біржан арқылы Қожағұл әулетімен дос болып кетті. Біржан ел аралап, әсіресе біздің Елтоқ ішіне келгенде қасына бір топ нөкері болушы еді. Бір-екі рет сол топтың ішінде, Шолак бәрі келді. Ол кезде Біржан қария ел ағасы сияқты да, Шолак жас жігіт, есер, мактанып сөйлейді. Бірак Біржанның алдында кішілік, сыпайылық сактайтын. Ал Біржан жасына карай, салмақты міnez көрсеткен жок. Сол Шолакпен қасындағы нөкер жігіттермен замандастар, құбылырындаі құліп-ойнап, әзілдесіп отырғандығын елде жасы үлкен кариялары ұнатпады. Пайғамбар жасына келсе де, мынаның жыны басылмаған екен, жын-шайтан билеген адамға дауа болмас деген сөздерді естігенім бар. Қасындағы Шолак тағы басқа жастардың қыз-келіншекке айтатын қылжак сөздерді көбірек айтса, Біржанның қышыған жеріне тиетіндей; жаны кіріп балаша мәз болып отырады. Біржан картайғанда, өте сыпайы, сәнді киінетін. Ол есер емес, тәкаппар да емес, сәнді-салтанатты адам болатын. Ауыл аралас, қой қоралас отырған жапсарлас Керей

мен Майлышалта елінің арасында дау-жанжал, барымта, партия тартыстары бірде өршіп, бірде бәсендеп жүріп жатқан мезгілдерде Біржан ондай тартыстардың ешбіріне мән бермей, халықтың бәрімен де тату-тәтті достасып, өзінің ойын-сауық, әндерімен шұғылданып, күліп-ойнап жүре береді екен. Осы мінезіне карап, Керейдін кейбір шонжарлары ел намысын жоктай білмес есуас деп Біржанды талай рет кінәлапты.

Біздің төніректе дәл Біржанның өзіне пар келер өнерпазды көре алмадым. Шолак алдыменен палуан ғой, Керей ішінде Бекеннін Хамиті, Сары балаларынан Бекахмет пен Мариям, біздің елдегі Мұқан – бәрі де сол асылдың сынығындай әншілер ғой.

*Жазып алған Есмағамбет Ісмайилов*

## ЕСТУШІЛЕРДЕН

Көкшетауда «Қазақстан» деген совхозда тұратын Мейір-банұлы Ілияс аксакал Біржан туралы әңгімесін былайша бағтайды:

— Менің жиырмаға толмаған бала кезім еді. Бір күні біздің ағамыздың отауының алдына үш атты адам келіп сөйлес қылып түсе қалды. Жайланаңып қымыз ішіп алған соң қонағымыздың бірі төрде керегенің басында ілулі тұрған домбыраны алып безілдетіп тарта бастады. Бұрын ол домбыраның дыбысы ондай шығып көрмеген еді. Біз таныркайтындал қалдық. Жөн сұрасак, Біржан екен. Отау кәрі-жасы, ер-әйел демей лық толды да кетті. Біржанның бұрын атын естіп, жүзін көрмеген жұрт бір-бірінен сүйінші сұрағандай болды. Көпшілік бір-екі ән салуын сұрады. Ол кісі басқаларша бөгелген, маңызданған жок. Орнынан қозғалып көтеріліп қойды да, «Бурылтай», тағы басқа бірнеше әнге салып кетті. Отаудың манағы толғаны толған ба, тамашалаған жұрт үйді көтеріп кететіндей

болды. Бір кезде үлкен үйден біреу келіп қонактарды сонда шакырды. Жастар жібергісі келмей, есікті босатпай тұрып алды. Өйткені үлкен үйге барса, өлең-ән болмайды ғой. Әрі-беріден кейін әкем келіп:

— Ашындар есікті, кейін тұрындар, — деп айғай салды да, үйге кіріп жас қонактармен амандасты да: — Үлкен үде алыстан келіп жатқан қонақтар бар, сонда барып әнгімелесейік, — деп Біржанды ертіп алып шыкты.

### Жастарға:

— Энші бүгін аттанбайды, осы ауылда өлең айтады, ән салады, тындандар, қапы қалмандар, — деді.

Біржан бір жұма қонақ болып ән салғанда, бір өлеңін, әнін қайталамады десті елдегілер. Бір жұмадан кейін, біздің ел де, Әжібай елі де Біржанды жаксы сыйлап аттандырды. Ол кісі мал алмайды екен, алатыны үлкендерден киім, шапан, жастардан орамал, тана моншак, күміс сақина-жүзік екен десті.

Біржандар бір күн бұрын аттанды. Артынан сөз болғанда Ораз атамыз былай деді:

— Біржан, Ақандар өнерге, өлеңге, ән-күйге бола жаралған адамдар ғой, осы мына Біржанның бойында қызуы бар екен, — дегені есімде.

Содан кейін мен Біржанды екі-үш рет көрдім, сонда Ораз атамыздың Біржанның әншілігіне сүйсініп айтқаны күні бүгінгідей құлағымда тұр.

— Біржан маған орта бойлы, аш өнді, ақ құба селдір шоқша сақалды, қара мұртты, қырғи қабакты, қара қасты, өні күлімдей қарайтын адам көрінді. Ал үстіндегі киімі сол кездегі адамдардың киінгендерінен тіпті өзгеше болатын. Кен жағалы ақ көйлек, дөңгелек етекті օқалы қамзол, сыртында көк ала қаптал шапан, басында үкілі құндыз бөрік, үкісі бұлғак-бұлғак етеді. Қалтасында күрен шұға тақиясы бар екен.

## **БІРЖАННЫҢ БАЛАЛАРЫ – ТЕМІРТАС ПЕН ҚАЛКЕН**

Көкшенің шығыс жақ етегінде, Бурабай көлінің жағасында, шамасы, 1901-1904 жылдары ағылшының Боргул деген капиталисі консерв зауытын ашып, сол маңын өнбекке жараған адамдары зауыттың жұмысын істеді. Біз де көп жыл заводта жұмыс істедік. Біржанның баласы Теміртас 1916 жылы осында жұмысқа түсті. 1918 жылдан бастап осы жерде милиционер болып істеді. Теміртас келісімен елмен танысып, араласып кетті. Жастардың ойын-сауық тойынан қалмайтын, сүйікті адам болыш алды.

Теміртас ұзын бойлы, сида, ашық өнді, кең мандай, қара қасты, қыр қабакты, мойны ұзын, жарау кара торы жігіт еді. Мінезі сыпайы, сөзге шорқактау, сөйлегенде орысшаны араластырып отыруши еді.

Теміртасты құрметтеп, бір күні біздің үй қонакқа шақырды. Ол қасына екі жолдасын ертіп келді. Сонда менін әкем Теміртасқа:

— Кешегі жаксының баласы екенсін, әкен Біржан әкемізben дос еді, жыл сайын келіп, өлең айтып, ән салып, думан қылып кетуші еді, мына төр әкен отырған орын, енді сен отырсын. «Атадан ұл туса еді, ата жолын қуса еді» деген сөз бар, атана тартып жақсы бол, талабын қайырлы болсын, — деді.

Теміртас бұл жерде салмақты, сыпайы сөйлесіп отырды. Бір кезде: «Салдың баласы қонақ кәде айтсын!» деген ұсыныс болды. Сол-ақ екен, отырғандар Біржанның әндерін сөз етіп кетті. «Сал әнін төмен бастап, көтеретін жеріне келгенде, әнімен өзі де көтеріліп, дөнгеленіп, өлеңі біткен сон, орнына қайта келіп отыруши еді» десті. «Даусының күштілігі сонша, терезе зіркілдеп, ілулі тұрған поднос, от басындағы құман-легендер бірге күніреніп тұруши еді» дегенді де айттысып жатыр. Біреулер: «Біржанның шырқаған даусы естілгенде, мал сауып

отырғандар сауынын коя қойып, малдарын исіндіріп алушы еді», — деді. Біржанның «Акқайын», «Бұрылтай», «Қөлбай-Жанбай», «Ләйлім шырақ», «Көкейкесті» әндері сөз болып, әңгіменің өзі думанға айналды.

Теміртасқа өлең айттыру деген сөз қайта басталды. Бір кезде, Теміртас қысылып, көптің тілегінен құтыла алмайтын болған соң:

— Менің өлеңмен зауқым жоқ еді, алайда бірдене айттын, — деп, жаңа әнмен жаңаша бірнеше ауыз өлең айтты.

Оның бұл өлеңі бұрын біз естімеген, оны біз қызығып жазып үйреніп алып, елге таратып та жібердік.

Теміртас бұл қызметінде екі-үш жыл істеп, сонда жүріп, бізге жақын Сатай деген кісінің Күлжәмила деген қызын алып, сліне көшіп кетіп еді. Содан кейін 1924 жылы қызмет бабымен сол елге барып, жатар үйім Теміртастың үйі болды.

Мен үш жылдай осы елде қызметте тұрып қалдым. Бұл кезде сауатымыз ашылып, сана-сезіміміз көтеріле бастаған кез еді, мен Біржанның өмірі, балалары, басқа туыстарымен таныса бастадым...

Теміртас әйелімен бірге 1935-36 жылдары қайтыс болды. Біз Теміртаспен өмірінің акырғы кезіне дейін дос болып, байланысып жүрдік. Теміртастан үш ұл: Шәріп, Мұхамметқали, Мұхаметжан және Жамал атты болды. Қазір Мұхамметқали мен Жамал үйлі-барапанды болып отыр.

Біржанның сүт кенжесі – Қалкен. Біреулер Біржан елдерінде Қалкенді коспау себебі не еken деген сұрау қояды. Сол елде Қалкеннің туғанын білетін адамдар былай дейді. Қалкен Біржан барында туған, бірақ Қалкенді Біржанға көрсетпепті, өйткені ол кезде Біржанның сырқатка ұшыраған шағы еken. Қалкеннің түсін көрген карттар: «Япырай, салдың аузынан түсіп қалған, мандайы, ерні, көзі, көз қарасы, нағыз Біржан», — деп танырқап отырушы еді.

Қалкен орта бойлы, аш өнді, жұқа ерінді, қара қасты, келте мұрын, қыр қабакты, ак құба жігіт еді. Қалкенмен замандастар болып, кей кезде ойнағанда: «Салдың сүт кенжесі, салдың бар асылы сенде қалған болар, қане, өлең айт, ән сал», — деуші едік. Қалкеннің ойын-сауықпен әуестігі жок еді де, ол жағына келгенде азар да безер болып қашуши еді. Қалкен отырғанда шынтақтап, бүйірін таянып салдарша отыратын еді. Оның ол отырысына да біз салдың өзі болдың деп қалжындайтынбыз.

Қалкен шамасы, 1896-97 жылдары туған болар деп шамалаймын.

Қалкеннің мінезі өте сыпайы, қырмызы жібектей қырық оралушы еді. Оның өмірі жетімдік, жоқшылық, жетіспеушілікпен өтті. 1923-24 жылдардан бастап «Степняк» алтын зауытының «Ермовка» деген бөлімінде смотритель болып істеді. Ол кезде өндіріс жағдайы жақсы емес, алтын жуатын жері шаң-тозаң болып, алтын жуған кезде, кислотаның көк жалыны тұман болып тұратын. Басқа уақытта су, дымқыл болып жататын. Сондай жағдайда Қалкен сырқатқа шалдығып қайтыс болды. Одан тұқым калмады.

## **БІРЖАН МЕН БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ КЕЗДЕСҮІ**

Атақты Балуан Шолактың баласы Құдайберген Шолаков Біржан мен өз әкесі туралы (1964 ж.) мынадай әңгіме айтты:

— Сыркеттанип жатыр деп естіп әкем әдейі барған соң, Біржан разы болып көнілденіп, масайрай бастапты. Әкем сол елде қасына Біржанды ертіп қыдырып тоғыз күн жүріпті. Ауырды, шалықты деген Біржан бір сыр білдірмей, кезегі келген жерде өлең айтып, ән де салыпты.

Әкеме қайтарда:

— Эй, қарағым, Шолак-ай, келгенің өте жақсы болды-ау. Шіркін-ай, жұрттың бәрі сендей болмады-ау! — деп разы болып аттандырып қала беріпті.

Бұлар аттанып кетіп бір жерге қонып отырғанда, артынан шапқын келіпті: «Біржан қайта сырқаттанды, сізді шакыра жіберді», — деп.

Әкем:

— Алдымда барайын деген жұмысым бар еді, екі-үш күннен кейін барам, — деп қайырыпты.

Біржанның сырқаты содан мендей ауырлай беріпті. Оны әкем сырттан естіп: «Мендең кеткен сырқат кой, енді болмас», — деп, қайыра оралмапты.

## БІРЖАННЫҢ ЖҰБАЙЫ ӘПІШ ТУРАЛЫ

Біржанның Нұржан деген туған ағасының Сыздық деген баласына қосылған Рахия деген келіні (казірде Павлодарда тұрады) мына әнгімені есіне алып маған жазып жіберді.

«Мен 1914 жылы Сыздыққа қосылдым. Сонда біздің үйлердің үлкені Әпіш женгеміз бен өз шешем (Нұржанның әйелі) болатын. Әпіш шешеміз ұзын бойлы, сұнғақты, ат жақты, қыр қабақты, қара торы адам еді. Теміртастың бойы, өні, кас-қабағы шешесіне тартқан болатын. Шешеміз ақыл иесі, терен ойлы адам еді, оның ондай қасиетін бертін келгенде үлкен адамдар қадірлеп айтып отыратын: «Осы Әпіштің ақыл-ойы адамнан артық, шыққан тегі жаман адам емес, осы төркінінің жоғына қарағанда, перінің заты болар», — дейтін. Осы шешеміздің айтқаны бойынша мына бір оқиғалар есімде қалыпты.

Атамыз Біржан серілік-салдықпен ел кезіп, «Қыр» еліне барыпты. Бір жерде өлең айтып, ән салып, тыңдаған халықтың құлак құрышын, мерейін қандырып, ойын

тарқар кезінде шешемізді көріп қалады. Ол бойжетіп отырған қыз екен. Екеуі ымменен сырласыпты. Ауызба-ауыз сөйлесуге көтпен қаймығып тарасыпты. Сол кезде бір ауылда ойын болып, бұлар сонда барыпты. Сол жерде сөйлесіп, бірін-бірі сүйеттінін айтыпты. Солай бола тұрса да, қалың елдің ішінен жалғыз жүрген әнші қалай қыз әкетеді, соның есебін таба алмай дағдарысып қалған кезде Әпіш шешеміз ойлап ақыл тауыпты:

— Сері, мына ел көшеді. Бұл жерден ұзайды. Сен де бұл елден кет те, бір жұмада мені мына моладан тап. Мен сонда келем, тірі болсам сенімен кетем, сенімен кетпесем, өлсем осы молада өлем. Менің орным осы мола болып қалсын, — депті.

Атамыз елден аттанып кеткен болады да, ана ел көшіп, екі-үш күндік жерге кеткенде, төрт күннен кейін оралып келсе, анамыз Әпіш сол молада отыр екен. Бұл жерге келгеніме екі күн болды депті. Сол бойда екеуі тұнделетіп жол жүріп, күндіз жапан тұзді панарап ел шетіне жетіпти. Шешеміз содан кейін ел-жұртын көрмепті, оны ізден ешкім келмепті. Ол: «Менің ел-жұртым, туған-туысқаным осы — сері ғой. Бір деп білегінен, екі деп етегінен ұстап келдім ғой, мені жұрт не десе о десін!» — деп отыратын. Шешеміздің көnlіне қарап, ел-жұртын біз сұрамайтынбыз, осыдан басқаны ол кісі айтпайтын.

Біржан атамыз бертін келе Сараны екінші рет тағы ізден бармакшы болыпты.

— Мына әйелінді, көрінген балаларды қайтесін, бір жерде қанғырып жүріп өліп қаласын, — деп Нұржан атамыз разылық бермепті.

Сонда Әпіш шешеміз ақылға жендіріп, рұқсат әперіпті.  
Атамызға:

— Мен Салдың атағын күтіп, жас бөбектерді бағып отырам. Сал өлең-әнге бола жаралған адам ғой, жолы болсын, — депті.

Бірак жолдың ұзактығынан, қолының қысқалығынан Біржан атамыз елден шыға алмапты.

## **БІРЖАН САЛІҒА МҰСА БЕГЕНҰЛЫНЫҢ АҚЫЛ БЕРУІ**

Біржан сал алыстан Сараның ақындық-айтқырлық даңқын естіп, қайткенде ізден барып онымен айтысуды арман етеді. Жол алыс, ел шалғай, оған мықты жолбасшы адам, атыс жолға талмайтын көлік керек болады. Бұл екі араға сауда жолымен жүретін керуендер күз кетіп, келер жылды жаз қайтады екен. Жолдың алыстығын, жолдағы шөлейт сұзыз даланың қындығын ел жақсы билетін де еститін. Біржанға еріп ит арқасы қиянға бірден мен барам деп жолдас шыға қоймайды.

Осы дағдарыспен арада екі-үш жыл өтеді, бірақ барам деуден Біржан қайтпайды. Барам дегенін ақылдаскан ел адамдары макұлдай да қоймайды. Өйткені алыстағы Найман елінің Біржан елімен еш байланысы жоқ. Сарамен айтыссын, женсін-женілсін, ол елге түсер пайда жоқ. Өйткені Найман – алыстағы ел. Бірақ әуелгі ниетінен қайтпай, Біржанның елден жалғыз шығып кетіп бара жатқанын көріп амалсыздан немере туысы Ахметжан еріп шығады. Бұл екеуі Ақмолаға дейін келіп, одан аса Куандық – Сүйіндік, Алтай – Тоқаны аралай отырып, руы Жаяар Мұса Бегенұлының үйіне келіп түседі. Ол жасынан бекетші болып ұлыктардан сый алған адам екен. Мұса көп елді аралап, көп жүрген адам екен. Үйіне кондырып, Біржанның өлең-әнін естіп жөн сұрайды. Ақыры бір жұма үйіне жатқызып ақыл айтады. Мұсаның ақылы былай болады:

– Найманға тұра барам деме, жолдың алыстығына қарамай ел аралап, Ертіс жағалап, Семейлетіп Аягөз арқылы бар.

Ол елдің шетіне барған сон, Сарамен айтысуға келемін деп жар шашпа. Қайткенде тар жерде, ойланбай қапылыста соктық.

Руым Керей елімін деме, Орта жүзде Керей аз ел. Онда женілесін. Орта жүздің аруағын көтере, Арқаның

бұлбұлымын де, Арқаның басты адамдарын, байларын біліп алып, Найманның ер азamatтарымен ерлік дәрежелерін жарыстыр. Найманның басты адамдарын біліп алып, Сараның кіммен айтысып, кімнен жеңіліп, кімді жеңді, мактаныш ететін қандай адамдары бар екенін біліп ал.

Біржан елден жеке шығып кетсе де, Сарамен айтысып жеңіп қайтуына, Мұсаның ақылы да себепші болды. «Біз елдетіп жүрмесек, жалғыз атпен Найманға жете алмас едік те, Найманның ақыны Сараны жеңе алмайтын да едік. Біржанның руым Керей демей, жалпы Орта жүздін атақты адамдарын, байлығын мактан ету себебі де, осы Мұсаның ақылы болды», – дейді Ахметжан.

Әрі қарай Біржанның жол серігі былай депті:

– Біз елден екеу шықсақ-тағы, жүре бере, Найман елінің шетіне барған сон, әр жерден адамдар қосылып, Найманға жеткенде жиырма-отыз адам болып кеттік.

Ел шетіне барған сон Мұсаның айтқанын істеп, Сараның өсегіне дейін сұрастырыңық. Сөйтіп, жиналып барып Сарамен айтысты. Біз бұл жолы көп олжамен қайттық. Олжаның басын әдейі бұрылып барып Мұсаға қалдырыңық, бірақ Мұса үйінде жоқ болды.

Осы сапардан қайтып келген кезде, қоныстас отырған Атығай-Керей жерге таласып араздаса бастады. Мұндай жағдайда Біржан елді тастап, безіп, көршілес ауылдарға кетіп жүрді. Берекесі кетіп, дау қуған ел Біржанның салдық мерейін көтере де қоймады, нем-құрайды карады. «Шамның жарығы тубіне түспей, маңына түседі» деген бар ғой. Біржанның өлең-әндері туған елінен де манайдағы елге көп тарау себебі де осы, – дейтін.

Әңгіме етіп айтушы – Кенжеболат Қосмағамбетұлы, Біржанның аталасы Мырзахмет Мұсағұлы (90 жаста) және Аскarov. Мұсаның туған жиені халық ақыны Хафиз Аскарұлы (60 жаста).

## **БІРЖАН, ШЫНҒОЖА,<sup>1</sup> ШОЛАҚ БАЛУАН ТУРАЛЫ**

Бекахмет Байғожаұлы деген әнші болған. Ол Біржанның шәкірті, жерлесі болатын. Кейін Біржан әндерін көп айтып елге таратушылардың бірі болған. Сол кісі айтып отыруши еді деген мына әңгімені Бекахметтің құласы Қасен Қожағметұлы баяндап берді.

— Менің жігіт кезім. Шағала қөлінің бойына Сухотин қаласы (қазіргі Тайша станциясы) түсіп, сол жерден шілде айында жәрменке ашылды. Жәрменкеге үлкендерге еріп мен де бардым. Күндіз базар аралаған ел кешке орындарына келіп орналасқан соң, олар өз іштеріндегі неше түрлі ақындарды, сөз білгіш шешендерді, әнші өнер-паздарын айтыстырып, нағыз қызық осында болады екен. Бір кезде бір үйден өлең айтқан дауыс шықты, соны тыңдай бергенімізде, екінші үйден бір үн аспанға көтерілді. Жиылған жұрт сол үйге ағылды, солардың арасында мен де барып үлгердім. Қарасам, төрде тоты құстай түрленіп, кос шекті домбыраны безілдетіп, ак көйлектің жағасын ағытып жіберген, үстінде жамылып отырған көк торғын қаптал шапаны бар, ак пайы орамалмен терін сүртіп біреу отыр. «Бұл – Біржан, Біржан сал!» – деседі. Біржанның он жағында өзіміздің Шынғожа (Шікен) отыр. Ол біздің бұрын елде көріп жүрген Шікен сықылды емес. Біржан ән салып токтаған кезінде қолындағы домбырасын баптап шертіп, қоныр күйге, зарлы сарынға басып, кен дарияда қалқып жүзген ақкудай шалқып отыр.

Одан төменірек, денесі кесек жұп-жұмыр, тұғырда отырған алғыр бүркіттей қомданып жас біреу отыр. Ол Шолақ балуан екен. Бір кезде ол да жуан қоныр дауыска салып әнді коя берді. Сол кезде тыстағылар үйді жығатын болған соң, әншілер сыртқа шығып, кезек-кезек ән салды, күй тартты. Сөйтіп, тан атқанша далада отырды. Жұрт алқа-котан отырып алған, басқа ойын-құлқі жок,

тұс-тұстан: «Ай, пәле, көп жаса!» деп көтеріп жатыр. Сол өлең айту, ән салумен отырғанда тан да атты.

Келер күні жан-жағымызыдағы көрші ауылдардан ән-өлең, күй тындаушылар жиналып келіп, қаптап отырып алысты. Тағы думан. Інірде Шолак балуан ат ойынын көрсетті, артынан тағы өлең, ән, күй тартылды, тағы тан атты. Бір кезде көптін арасынан біреу орнынан тұрып:

— Уа, сабаздар, міне, бірнеше күн болды. Тайшанын жәрменкесін думан қылдындар, көп жасандар! Шіркін-ай, Біржаны, Шынғожасы, Шолак балуаны бар ел қандай көрікті, — деп дуылдасты. Бүгін жәрменке тарайды, сіздер топтарынмен біздің ауылға жүріндер! — деді.

— Бұл кім? — деп сұрап едім.

— Бұл — Махамбет<sup>1</sup>, — деді жұрт.

Келесі күні жәрменке таرارда, елдің аузында Махамбеттің айтқан жалынды сөзі болды. Осы сөзді айтып жұрт ауыздан-ауызға таратады жөнелді. Содан кейін бұл сөз елге мақал болып кетті.

Бұл жәрменкеден мен де олжасыз қайтқам жок: бұрын көрмеген Біржан мен Шолак балуанды көріп, әндерін естідім. «Ағайынның қадірі жок» дегендей, Шікең елдес болған сон, қадірін білмейді еkenбіз. Біржан мен Шолактың қасында отырып зарлатып күй тартқанда Шікеңнің жекеше қасиетін сонда көрдім. Бұл жәрменкедегі екі-үш күн көрген қызығым маған бір жыл оқып үйренгенмен тен болды. Мені жұрт әнші дейді, міне, мен сол әншілерден үйрендім, бұл әнді сондай өнерпаздарды көрген мен айтпағанда, кім айтады! — деп әрдайым осы әнгімені Бекахмет әнші айтып отыруши еді.

Біржан өзінің әдеті бойынша ел аралап, сауық-сайран құрып келе жатып Байғожа дегеннің үйіне інірде қонуға рұқсат сұрап түсе калады. Күн жауын екен. Үй иесі Байғожа ықыласты болмай, «үйде конактар бар еді, қонсан қон» дей салады. Аты-жөнін сұрамайды. Біржан үйге кірсе, шынында үйінде конактары бар екен.

Қонақтардың үлкендері домбыра тарттырып, өнерлі өлең білетіндеріне өлең айтқызып гулесіп жатады. Бір өлеңшінің домбыра тартқанда бір-екі пернесі орнында болмай бөгет жасайды, дыбысы тұзу шыклайды, оған қараған әнші болмайды, қызыл кенірдек болып өлең мен әнді төпей бастайды. Отырғандар «Уай, пәле!» деп көтеріп, мактауларын беріп жатады. Сонда біреуі:

— Жігітім, домбыраның үні келіспей отыр, мынау айтып отырғаның — Біржан салдың өлеңі мен әні ғой, оған келтіре алмай отырсың, — дейді.

Өлең айтушы оған намыстанып:

— Ой, Біржаның кім еді, былтыр Атбасардың базарында мен оны әннен отырғызып кеткем, — деп мактанып көпіреді.

Біржанда үн-тұн жок. Бір сәтін күтіп отыра береді. Бір кезде отырғандар желпінуге далаға шығады. Сол кезде Біржан домбыраны ала сала:

— Біржанды әннен тоқтатқан әншінің домбырасы! — деп пернені түзеп, домбыраны тартып-тартып жіберіп, орнына коя кояды. Оны сол үйдін әйелі байқап қалады.

Қонақтар үйге кіріп домбыраны қайта тартса, манайдай емес, үні басқа шығады. Отырғандар:

— Е-е, жана түзелді ғой, калай түзедін? — деп гулеседі.

Біреулер:

— Міне, Біржан осылай тартатын, — деп сүйінеді.

Әнгіменің бәрін естіп бағып отырған әйел күйеуіне, отырғандарға:

— Мына конакқа да бір кезек келген болар, домбыраны берініз, — дейді.

Біржанға домбыра тиген сон, әнді шырқап жібергенде отырған үйге жұрт лық толып кеткенін ешкім анғармай қалады. Басқа әнгіме, ішілетін ас — бәрі ұмытылып қалады. Ызалаңып алған Біржан ән мен өленнен тоқтамайды. Адам да, шырқалған дауыс та үйге сыймай, тарылып дем алу киынға айналған кезде, Біржан шаршап, домбырасын коя салады. Жөн сұрасак, Біржан екен, үй

иесі жаман маскара болып ұялып, бұрынғы қонақтардың көбін басқа үйге шығарып, Біржанды құрметке бөлейді. Манағы өлең айтып мактанып отырған әнші ұялып тұнде аттанып та кетеді.

Отырғандар Біржанға:

– Қалай шыдап отырдың? – деп сұрапты.

Біржан:

– Қайдан шыдап отырайын? Үйде пана болмады, далаға бірнеше шығып кірдім. Олар өлең айтқанда, дөлем қозып шығып кетем, өлеңдері койылған кезде үйге кірем. Тұншыққан адамша булығып әрен шыдадым, – депті.

## БІРЖАННЫҢ ҰНІ, ДАУСЫ ТУРАЛЫ

Біржанның ұні, даусы туралы ел ішінде мынадай аныздар көп айтылады.

Біржанды он бес-жырма жасында көрген 92 жастағы Айтжан Қонды баласы былай дейді:

– Бір жылы ел жаз Шағала көліне көшіп шығып, төл аяқтандырып отырған маусым еді. Бір күні кешке кенеттен бір үн, аныз естілді. Мал сауып отырған сауыншы сауынын коя қойып, отын ұсақтап отырған адамдар балтасын көтерген күйі тұра қалып, мал қайырған адамдар да тоқтап тындай қалыпты. Бұрыннан даусына, үніне таныс адамдар: «Мынау – Біржанның даусы, әнді қайда салып тұр екен? Мұнда келе жатыр ма екен?» – деп жорамалдап жатты. Біраздан кейін даусы алыстай бастады, оның үні әркімнің құлағында қалғандай болды. Сол түні кәрі-жастың, барлық ауылдың әнгімесі «Біржан қай ауылда, кімнің үйінде ән салып отыр екен?» деумен болды. Осы жоғарыда айтылған Шағала көлінің күнбатысында Қотыр, Сейтен, Жабағы, Қатық, Қонды, Қөшербай ауылдары деген орманды жағалай аралары төрт-бес шақырымдай қашықтықта отыратын ауылдар

болатын. Біржанның осы салған әні осылардын бәріне естіліпті. Бәрі таңырқапты. Артынан сұрастырысак, сол күні Біржан үлкен қара жолмен Жабағы ауылына өтіп бара жатып ән салған екен. Сол жолдан мына айтылған ауылдар он-он бес шақырымдай болады.

1925 жылы сексеннің ішіне мол кірген Бейсеннің Коркытбайы деген адам былай деді:

— Қазіргі Конды жұрты мен Көшербайдың ауылының екі арасы қалың орман еді. Иса ауылында бір жұмысымыз болып, жанымда Шәйтім деген інім бар, келе жатыр едік.

— Жол қыскарсын, Шәйтім, өлең айт, — дедім.

Шәйтім сол күнде жаңа шығып жүрген Біржанның «Қаудірлеттім»<sup>1</sup> деген әнін айтып келе жатты. Кенеттен, скінші жақтан, алдымызда екі атты адам көрініп, бізді тосып тұрды. Біз жақындал келіп, сәлем бердік, біздің сәлемемізді алды. Бірі — Біржан екен, ол басқа сөзге келмей:

— Эй, «Қаудірлетке» басып келе жатқан қайсын? — деді.

Мен:

— Мынау менің інім еді, — дедім.

Сонда Біржан:

— Эй, сенің қарәкөкті жылқында менің не жұмысым бар, ал енді менің «Қаудірлеттімде» сенің не жұмысың бар? «Қаудірлетке» бассан, былай бас, — деп, шырқап кеп жіберіп еді, қалың орман, сыңсыған тоғай жаңғырып кетті.

Содан соң Біржан:

— Ал, кош болындар! — деп жүріп кетті.

Шәйтімге карасам, кара терге түсіп, қарадай булығып тұр екен, «үһ» деп демін алды.

## **БІРЖАННЫҢ БІР АТАЛАСЫНЫҢ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ӘҢГІМЕСІ**

Бірде әкем Сүлеймен Біржан туралы, оның даусы мен әншілігі туралы әңгімелеп отырды.

— Эке, сіз Біржанды білесіз бе? — дедім.

— Е, неге білмеймін, көрдім де, бірінші көруім былай болды, — деді. — Қанжығалы елі мен Керей арасында құдалық болып, сонда мені балуан құресіне шығарды. Ол жактың балуаны түйе балуаны екен, алғызбады. Бір сәтте, абырой болып, жамбасқа алып соғып жіберіп, үстіне шыққанымда, ызаланып үстінен босатпай құшақтаң тұрғызбады. Біз сөйтіп арпалысып жатқанымызда, бір адам топтан шығып, ашы дауыспен:

— Ысмайышы! Ысмайыл! Эй, сені тапқан шешенен айналайын! — деп жетіп келіп, мені балуанның үстінен жулып алды. Мен оны танымай, сөзіне түсінбей, артынан «бұл кім еді» деп әкем Құлакеннен сұрағанымда, ол «Біржан сал» деді. Сонда ол кісі:

— Біз Аксары-Құрсары Ысмайылдан тараймыз, соны ұран қылған ғой, — деді.

*Әкесі Сулеймен Құлеке баласынан естүи  
бойынша әңгімелегуші Қантарбайұлы Қөпен*

## ПОШТАБАЙДАН ЕЛДІҢ КЕК АЛУЫ

Атығай ішінде Ақжолбайдың Айжан деген қызын Азнабайдың руласы Махамбетке айттырады. Бір жолы Біржан сол Ақжолбайдың үйіне келіп қонып, Айжаның құрметіне риза болып, «Айжанның разы болым құрметіне» деген өлеңін шығарады. Осы өлең Азнабай мен Махамбетке жетіп, олар Біржанға наразы болады. Сонымен бірге Азнабайдың руласы Балғожаны Біржаның өлеңмен өлтіріп кеткені тағы бар. Осыларға намыстынып, олар Біржаннан кек алмақшы болып поштабай Сайлыбайды жұмсайды. Поштабай Біржанды ұрмақшы болады. Біржан бұған назаланып Жанботаға өлеңмен назын айтса, Жанбота оны тыңдалап, Біржаның намысын жоктамайды. Біржаның ренішіне себеп осы болған

деседі. Бұл оқиғаға Атығай – Керей елі наразы болады екен. Келесі жылы Азнабай Атығай, Қожағұлды, Бейсенді конакқа шакырады. Олар шакырған жерге «Кү Сүлеймен» атанған ел адамын ертіп ала барады. Құрметті қонақтар түрлі сый-сияптын көріп жатқанда, Сүлеймен тысқа шығып, баяғы Біржанды ұрған поштабайдан Біржанның кегін алу үшін жекелеп шакырады. Аңқау есер поштабай жетіп келеді. Қараса, поштабайдың түрі сары бұжыр, шегір шүнірәйген көк көзі, кошқар мұрын, ұзын бойлы адам екен.

Сүлеймен:

– Жігітім, аман жүрмісін? Өзің мықты, алғыр, шабытты жігіт екенсін. Сені тапқан шешене болайын. Жігітім, осы сенің туысында бір көркемдік бар болар, шешен қандай адам еді? – дейді.

Аңқау поштабай:

– Я, шешем көркем сұлу адам еді, біраз жыл болды қайтыс болды, – депті.

Сүлеймен жұлып алғандай:

– Бәсе, «шөптің басы жел болмаса кимылдамайды ғой», тегін кісі таз бола ма? Осы Азнабай да тегін адам емес қой, сенің шешен қөңіл қосып сені поштабай сайлап ұстап жүргені сол деседі ғой, – дегенде поштабай ашууланып жарылып кетердей болыпты.

Сонда Сүлеймен шарт жүгініп отыра қалып, осылай дейді:

– Қане, жұрт, міне, өздерін көріп отырсындар, осы біз, Атығай – Керейдің баласы, осы Азнабай мен онын мына жынды поштабайы үшін туыппыз ба? Былтыр қан базарда Атығай – Керейдің ардагер еркесі Біржанды ұрып зарлатты. Жанбота құдалығына сатылып, Біржанның жоғын жоқтамады, ол намыс Атығай – Керейдің намысы еді. Ал, міне, көз алдарында, мені ұрам деп тап-тап береді, басқа жерде не іstemейді? Ал, жұрт, мені арашаламандар, өлтірсін, Біржаннан артық емеспін, – деп поштабайға өкпені көрсетіп қояды.

Көпшілік, сөзден тосылып:

— Поштабай, сенікі теріс, — деп айып кесіп, поштабайдың атын Сүлейменге әперіпті.

Отырғандар:

— Сен, поштабай, тартар айыбынды тарттын, бұл саған не қылды? — десе, поштабай айтпайды.

— Ал, «ку», сен айтшы, бұл саған неге өшікті? — дейді Сүлейменнен.

— Жұрт-ай, мен бұған не қылыштын, түк жазығым жоқ, көріп отырсындар ғой, бұл есер поштабай, елге не істемей жүр, мен сонын бір ғана кінәсін айтып едім, — дегенде, поштабай үйден шыға жөнеліпті.

Сүлеймен оған:

— Сен, батыр, қашпа, қызық әлі алда, — деп кешегіден бергі сөз қайдан, қалай басталды бәрін айтқанда, отырғандар шек-сілесі қатып күліп, мәз-мейрам болып, қызыққа кенеліпті.

Поштабай ашууланып, олар аттанғанша жоламай койыпты. Елдің жігітері поштабайды іздел таба алмапты. Естіген Атығай — Керейдің адамдары: «Біржанның Жанбота жоктамаған кегін Сүлеймен іздел алды», — деп разы болыпты.

Сүлеймен осы ісі елге жайылып кетіп, поштабай сол елге тұра алмай, көшіп кетіпті деп әнгіме қылыш айтушы Кожахметтін Қасені деген кісі еді.

### *Жазып алған Қарта Қаңтарбаев*

## **«ЖАНБОТА» ӘНІ ТУРАЛЫ ЕСТИГЕНІМ**

Бір мәжілісте Біржанның «Жанбота» әні шырқалып айтылған еді, ішінде Үбырай мен Сұраған әншілер бар еді.

— Апрыым-ай, Азнабайдың поштабайына бір зауал болмады ма екен? — деген сұрау туып қалып еді, сонда Үбырай жұлыш алғандай:

— Пәлі, поштабайға сол жында дүре соғылып, бір ал - шапан төленіпті, — деді.

Бір қария отырып:

— Ібекендікі дұрыс, мен де осылай естіп едім, — деді.

Бірақ Үбырай әңгімені одан әрі жалғап, «Жанбота» әнінің қалай шыққанын, Аз nabай мен Жанбота арасында қандай жанжал туғанын Біржанның өз аузынан естігенін және Өрекеннен, Шынғыс баласы Жақыптан тағы бірнеше ішінде болған адамдардан естіп-біліп, Жанбота Біржан туралы әңгімені мен өзім Өрекен баласы Омардан, Тілембайдын Оспанынан, Бағасының Назарынан, Сердәлінің Жәмшишінен естіген едім, сол естіген әңгімелердің түйіні жоғарғы Үбырай айтқан шындыққа соғады. Аға сұлтандық жойылып Көкшетау уезд болған заманда, болыстардың, билердің бас қосқан ұлкен жиналысы Көкшетау қаласының дәл желкесіндегі, Қылшакты өзенінің бойында өтіпті. Ол жерде ұлыктар түсетін қызыл үй бар екен. Елден келгендер киіз үйлерді, сойыс малдарды көшіріп әкеліп өзен жағасына орнатып тастапты. Сол жынға Атығай, Керейдің болысы Жанбота қасында бір топ нөкери, атақты әнші Біржан сал да келіпті. Эр болыстың мықтылары осылай келіп өзіне тігілген арнаулы үйге түсіпті. Біржан қалың жынның бір бөлігін өзінің шырқаған әнімен жиып алып, босатпай, басталатын бір бөлек мәжіліске бөгет жасапты. Қылды Қарауылдың болысы Аз nabайға мәжіліске жұртты түгел жинап келтіру тапсырылыпты. Аз nabай поштабайын жұмсап, жұртты шақыртса, Біржан думанды қыздыра берсе керек. Поштабай екі рет сөзін тыңдата алмай, болысқа қайтып барғанда, Аз nabай ашуланып:

— Бұйрықты неге орында майсың? — деп үйден боктап шығарыпты.

— Біржан деген қайдан шықкан құдай? Тоқтатпайсың ба? — деп поштабай осы бетімен бара Біржанның домбырасын тартып алып, қамшымен ұрамын деген жерінен жұрт айырып алыпты. Отырған жұрт поштабайдың бұл

қылышына ызаланып, Біржанмен бірге намыс қылышп, бұған Атығай-Керей қосыла ұран шақырыпты. Үлкен жанжал туып кетеді. Міне, осы ашу-ызаның үстінде Біржан өзінің болысы Жанботаға келіп өкпе-назын, поштабайдан көрген корлығын айттыпты, ол жерде Біржанның айтқан өлеңі көп дейді. Атамыздың және Ұбырайдың айтуына Караганда, ән дәл сол жанжал үстінде емес, кейінірек шығарылып таралса керек. Біржанның және қалың Атығайдың, Карапылдың болысына деген мұндайлық ашулы наразылығы Жанботаға да онай тимеген. Онда өзінің елдің ынғайымен Аз nabайға қарсы салмақ салып:

— Мына бұзакы поштабайын тыя ма, тыймаса Атығайдың қолы бос, тұрысатын жерін айтсын, — депті.

Аз nabай жағын қолдаушылар аз болып, жанжалдың арты насырға шабатынын сезіп, Аз nabай амалсыз бітімге келіпті. Поштабайға дүре соктырып, бір ат, бір шапан айып төлепті. Аз nabай осы жиында поштабайының бұзакылығынан опық жеп, оның үстінеге артынан Біржанның өлеңі елге таралып кетіп, көпке дейін Атығай — Керейдің бірқатар адамдарымен, Біржанмен араз болып жүрсе керек. «Жанбота» әні туралы мұның бұрынғы қариялардан естіп есімде қалғаны осылар. Мен өзім Ұбырайдың айтқанына, атамыз Омардың айтқандарына имандай сенем. Сол сенгендігімнен бұл айтқандарым түгел шындық деп білем.

*Жазып берген Ержанұлы Молдахмет*

## БІРЖАН ЖӨНІНДЕ ЕСТИГЕНДЕРІМ

Мен 1925-1930 жылдары қызмет бабымен Керей елінде тұрып, Біржанды көрген, жақсы білген адамдардың талайымен кездесіп, соның ішінде акынның баласы Теміртаспен, атақты ақын, әнші Хамитпен жақын арасынан жүріп, солардың айтқан талай қызық әнгімелері

мен салған әндерін тыңдап едім. Бірақ ол кезде Біржан өлеңдері керек болады-ау деп, ескеріп жинаған жок едім. Солай бола тұрса да жақсы адамның өнері кімді де болса қызықтырмай қоймайды ғой. Сол естіген әнгімелердің кейбірінен есімде қалғандары.

1928 жылы «Ақкөл» бойында отырған Теміртас үйінде басымыз қосылды. Арамыздағы халық әндерін өте әсем орындайтын белгілі әнші Бәкеннің Хамиті, тағы бір топ жастардың әнгімесі Біржан төңірегінде болды. Біздің ниетімізге орай Теміртастың айтқан әнгімесі де көніл бөлерлік еді.

— Әкем өлгенде, шешемнің қолында бірнеше бала қалдық. Олар: екі қыз — Асыл, Ақық, үлдан Қалкен екеуіміз. Інім Қалкен ержетіп, биыл отызға шығып отыр. Асыл, Ақық ерге шығып, балалы-шағалы болып, егде тартып қайтыс болған. Мен 1916 жылы 27 жасымда солдаттықа алышып, 1917 жылы қайтып келдім. Мынау отырған Гүлжамилаға сол қайтып келген жылы қосылдым, кішкене інілерін Мұхаметқали биыл жетіге келді, — деп ұлының басын сипады. — Осыдан бірер жыл бұрын қайтыс болған шешеміздің әнгімелері мол еді. Оның үстіне бала болсам да ауырып жатқан әкемді ұмытқам жок. Әкем шақырып алып маңдайымнан сипап жыласа, біз шырылдап қоса жылаушы едік. Ол байлаулы жатқанына ыза болып, даусын қатты шығаратын. Өлер алдында жұрт оны жындандыға санаған. Науқастанып жүрсе де, кейде домбырасын қолынан тастамай, өзінің әншілік өмірі есіне түсіп, орынсыз уакытта айғайлап шу көтеріп, ән салып жұрттың мазасын ала берген соң, оны ағалары домбырасын тартып алып өлең айтқызбайды екен. Әкеміздің әншілігін үлкен-кішінің бәрі айтып келеді. Осы үйге де сіздерді сол кісінің атағы әкеліп отыр ғой. Бір өкініштісі, біздің Атығай — Керейдің ішінде Біржанның жолына түсіп, сондай ән салатын әншілер қайда? — деп ренжігендей болды.

— Біржанның жолын ұстап, оның әндерін айтып жүрген шөбересі, мына отырған Хамит бар емес пе? — дедік біз.

— Иә, ендігі үміт ететін осы Хамитіміз ғой, — деді.

— Шешеміздің айтуынша, — деп, тағы бастады Теміртас әңгімесін, — әкеміз орта бойлы, қызыл шырайлы, келбетті кісі екен, оның үстіне киімді де өте сұлу киген. Әкеміздің араламаған, бармаған жері шамалы, кейде ол ел аралап ұзак жолға шыққанда екі-үш айда әрен қайтып келетінін шешеміз айтып отыруши еді.

Манадан бері домбырасын шертіп, жүйрік аттай құлшынып отырған Хамитқа бір қарап қалған ол:

— Әңгімені тағы айта жатармын, алдымен Біржанның бір-екі әнін салып жібер, — деп тілек етуі мүн екен, Хамит іркілместен Біржанның «Айтбай», «Ләйлім шырак», «Жанбота», «Жамбас сипар», «Көкек», «Екі жирен», «Жиырма бес» әндерін бірінін артынан бірін шырқап айта берді.

Хамиттің салған әндеріне разы болған жастармен бірге Теміртас та:

— Па, шіркін! — деп бір көтеріліп қойып, сөзін қайта бастады. — Хамиттің салған әнінен шешеміздің тағы бір айтқан сөзі есіме түсті. Көршілес ауылда бір жынын той болып, сонда әкеміз жұрттың сұрауымен осы «Айтбай» әнін айтады, өлеңді айтып болған сон, көпшіліктің арасынан орта жасқа келген бір ажарлы әйел Біржанмен қалжындастып:

— Біржан-ай, өле-өлгенше атымды елге жайып кеттің-ау, — депті.

Артынан сұрастырып білсем, Біржанның жас кезінде өлең шығарған Айтбай деген қызы осы екен. Ал енді «Жанбота» әні, би-болыстардың Біржанға істеген киянатынан шыққан ән дейді. Біржан мен Қарауыл Азнабай және Жанбота араларында болған араздық осы әннін шығуына себеп болды деп айтушы еді шешеміз. Әкеміз шаруаға салак екен, атамыздың бар дәuletін шашып,

төгілті. Кейін шешем: «Құдай әкелеріннің серлігін бермесін, марқұм үнемі үйде отырмай, шаруасына көзін салмай, маған сеніп, ұдайы ел кезіп кете беруші еді», – деуші еді. Бір жылы Тобықты, Каракесек аталаық Қаптағай елдерін аралап отырып Найман ішіне барыпты, сонда жүріп Сара деген қызбен айттысып жеңіп қайтқанын шешем де, ауылдағы қариялар да есіне түсіріп айтып берген еді. Шешеміздің айтқан әңгімелерінің көбі есімізден шығып қалыпты. Біржанды көрген, жасы келген қариялардан осы Керей ішінде – Тоқсанбайдың Сыздығы, бір кезде домбыра тартып, ән айтқан Еле-байдың Ержаны. Қисықтың Каасы, Есімнің Ақаны, тағы басқалар жақсы біледі деп естімін. Экем жөнінде осылар айтып берер, – деп сөзін бітіріп, Хамитке тағы да ән салдырыды.

Мен кейін Теміртас атаған адамдардың бірталайымен әңгімелестім. Сыздық Жанботаның, Аз nabайдың, Қожағұл әuletінің тарихын түгел таратып айтып берді. Ал Ержан Біржан әндерінің калай шықканынан, әсіресе жастық, серлік дәурен күрғанынан бірталай әңгімелер де қозғады, өзі домбыра тартып ән салуға бейім адам еді, шырқап салмаса да ән мен қүйдің бабын біletіn. Ал оның баласы Рамазан гармон тартатын еді. Рамазанның қандайлық композитор болып ержеткені жүртшылыққа аян. Біржан жөнінде аныз әңгіменің ұшы-киры жок, мол Қекшетау елі түгіл, Карқаралыдағы Каракесек руынан шыққан 76 жасқа келген Тәнекенов Ыскак, 80 жасқа келген Мәлібеков Токан да қызық деректер келтіреді.

– Жас кезім, – дейді Ыскак, – Біржанды Қоянды жәрменкесінде ән салып сайрандал жүргенде бір көргенім бар еді. Біржан орта бойлы, сұлу келбетті кісі еді, даусы өте зор, тынысы кен, әнді екпіндете түрлендіріп шырқап салғанда, базарға келгендердің бәрі касына жиналды, оның салған әнін естігенде құлағыңың құрышы қанып, іштегі қайғы-шерін тарап, кен дүниені еркін аралағандай болатын едік. Одан кейін де талай жерлерде ән салған

әншілерді көрдім, бірақ Біржандай әнді бабына келтіріп салған әншілерді көрмедім.

Біржан жөнінде билетіндерімді жас кезімде өлең қызып жина масам да, кейін біліп әркімдердің айтқан әнгімелерінен есіме түсіріп жазып алған деректерім көп еді. Осыны ескеріп, 1956 жылы «Лениншіл жас» газетіне (№5) «Біржан мұрасы жете зерттелсін» және 1957 жылы «Қазак әдебиеті» газетінде «Біржан ел аузында» деген мақалалар жаздым. Бұл менің газетке жариялаған деректерімді Ахмет Жұбанов та «Замана бұлбұлдары» атты кітабында, Ғ. Әбетов те (Қазак әдебиетінің тарихы, II том) ғылыми енбектерінің керегіне жаратыпты. Сол сияқты осы кітапты құрастырушылар да мен жинаған деректерді пайдаланғандығын жасырмайды. Біржан жөнінде жинаған азды-көпті деректеріміз үлкен кітаптардың бір керегіне жараса енбегімнің еш болмағаны ғой.

*Есім Байболов*

## **БІРЖАН МЕН САРАНЫҢ АЙТЫСЫ**

Қазактағы айтыс өлеңдерінің ішінде айрықша орын алатыны, көркемдік дәрежесі жоғарысы – Біржан мен Сараның айтысы. Және ол казак еліне ертеден таныс, көп тараған айтыстың біріне саналады. Бұл айтыстың идеясында аздаған қайшылық-кемшіліктер бола тұрса да, төңкеріске дейінгі қазақ поэзиясының ең сұлу, асылдарының бірі болып табылады.

Казан төңкерісіне дейін қазақ ақындарының айтыс өлеңдері негізінде ауызша сакталып келді. Бірен-сарандаган айтыстар болмаса, көпшілігі баспа жүзін көрген емес-ті. Сол кезде өз алдына кітап болып шықканы Біржан мен Сараның айтысы (1900 және 1912 жылдар басылған) болатын. Ал кеңестік дәүірде бұл айтыс бірнеше рет басылып шыкты да, халыққа көптеп тарады.

Біржан мен Сараның айтысына талдау берместен бұрын қысқаша түрде осы екі ақынның кім екендігін баяндай кетелік.

Біржан Қожағұлұлы қазіргі Көкшетау облысына қарасты Енбекшілдер ауданындағы (Степняк қаласы) «Қожағұл бұлағы» деген жерде туған. Сәбит Мұқановтың айтуына қарағанда<sup>1</sup>, Біржан 1825 жылы туып, 1887 жылы өлген, профессор Ахмет Жұбановтың мәліметтеріне сүйенсек<sup>2</sup>, Біржан 1831 жылы туып, 1894 жылы алпыс үш жасында қайтыс болған. Ал «Қазақ КСР тарихында» Біржан 1832 жылы туып, 1895 жылы өлді делінген<sup>3</sup>. Бұл үш фактінің қайсысы дұрыс екендігін дәлдеп айту киын. Өйткені Біржанның өмірбаяны әлі күнге дейін толық зерттеліп жазылған емес.

Біржанның әкесі Тұрлыбай (Қожағұл Біржанның атасы) кедей шаруа болыпты. Біржанның «Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға» деуі ақындық шалқу үстінде

айтылған сөз, анығында Қожағұл да, Тұрлыбай да әлді-аукатты кісілер болмаған. Тұрлыбайдың Ержан, Нұржан, Біржан атты үш баласы болыпты.

Алдында ағалары болғандыктан, Біржан шаруашылықпен айналыспайды, шаруа жайын Ержан мен Нұржан басқарады.

Біржан жас кезінен-ак өлең мен әнге үйір болады. Қайда ойын-сауық болса ол соған катысады: асқан әнші, өлеңші, домбыраши атанады. Ол қай жерде болса да халықтың, әсіресе жастардың құрметтейтін, сағынып құтетін адамы болады. Ол әнді де, өлеңді де өзі шығарып жүреді. Өлеңінен гөрі әншілігі, ән шығарғыштығы басым келеді. Ән мен өлеңді сүйгіш, соған құмар жастар осыдан былай Біржанды аға тұтады, атакты әнші, әрі композитор, әрі ақын Біржаннан жас өнерпаздар көп үлгі, өнеге алып отырады. Сол кездерде елге атағы шыққан Ақан сері, Жарылқапберді, Құлтума, Иман Жұсіп, Мәди, Балуан Шолак, Мұса сиякты әнші, ақындар Біржан айналасына жинала бастайды.

Біржанның әншілік, ақындық данқы қазақ еліне жағылып, тарай береді. Ол енді ақын Біржан, әнші Біржан, сал Біржан, қысқасы, барлық өнер бойына жиналған өнерпаз атанады. Ол ел аралап, жер таниды, журген же-рінің бәрінде оның өнеріне сүйсінген халықтың алғысын алып отырады. Бір кезде ол Абайдың аулында болып, ұлы ақынмен дидарласады. Қөркем өнерді артықша түсінетін Абай Біржанның өнерін аса жоғары бағалайды, екеуі айнымас дос болып кетеді. Және Абай Біржанға достық көнілмен көптеген ақыл-кеңес береді, Біржан шығармашылығының жаңа бағытта дамуын, халық тілегін орындаі беру үшін не істеуі керектігін айтады. Осыған орай ол өз шығармашылығына асқан ұқыптылық, жауаптылықпен қарап, бір әнінен екіншісін асыра шығаруға, халықтың эстетикалық тілегін орындаі беруге ұмтылады.

Ел ардақтаған, халық қадірлеген Біржанды қазақтың байлары, кожа-моддалары, болыс-әкімдері көре алмай күндейтін болады. Бірақ оларды Біржан адам екен деп те есептемейді, халық арасында болып, барлық өнерін халыққа арнайды. Бұған ызаланған болыстар мен әкімдер Біржанның сарай ақыны, сарай әншісі болмай, халық жағына шығып кетуін қорлық деп есептеп жүреді. Сондықтан да олар өздерінің күштілігін білдіріп, Біржанды жуасытып алу жағын қарастырады. Бұл ойдың іске асатын сәті түсे кетеді. Бір жылы бір үлкен ас болады, оған көп ел жиналады. Қасына ығай мен сығайларын, әкімдерін ертіп, асқа Жанбота, Азынабай сияқты болыстар да келеді. Жиналған ел ішінде Біржан да болады, ол асқақтаған әдемі әндерімен халықты сүйсіндіріп отырады. Осы кезде Азынабайдың почтовойы болыстардың намысын қорғамак болып, Біржанға қамшы соғады, оның домбырасын тартып алып, ардагер әншінің үнін өшірмек болады. Елден асқан бұл қылыққа шыдамаған Біржан табан аузында өзінің ызалы әнін шығарады.

*Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боктығына көмген жерің?  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статьяда көрген жерің<sup>1</sup>, –*

дейді. Біржанның бұл әні, кейіннен, «Жанбота» атанип, елге тараپ кетеді.

Осы сияқты Біржанның «Ләйлім» дейтін әнінің де шығу тарихы бар. Ол былай. Жанбай, Көлбай дейтін ағайынды байлар болыпты, жас жағынан олар Біржанмен құрдас болса керек. Байлық дәрежесіне сүйенген Жанбай мен Көлбай Біржанды менсінбей, өздерінен кем тұтып жүреді. Және олар Біржанды өсектеп, сөз де таратады. Мұның бәрінен хабары бар Біржан бір күні жанағы екі байдың аулына келеді. Біржанның келе жатканын көріп,

ұнатпаған Жанбай мен Көлбай үйлерінен кетіп қалады. Біржан басқа біреудің үйіне барып тұседі. Ол менменсінген екі байдың есінен кетпестей етіп масқаралаудың жайын қарастырады, қалай тиісерін білмей аласұрады. Ертеңіне атқосшысы аттарына кетеді, Біржан есік алдына шығып қарап тұрса, Жанбай мен Көлбайдың қарындасы Ләйлім су әкеle жатады, ода Біржанмен салқын ғана амандасады. Осы кезде Біржанның атқосшысы келіп, атының шідері жоғалғанын білдіреді. Жанбай мен Көлбайға қалай тиісу амалын таба алмай тұрған Біржанды бұл хабар қатты қуантады. Сол жерде Біржан Ләйлімге тесіле қарап тиісе кетеді, шідерімді ұрладын деп жабыса тұседі. Шырқалған әнге ел жиналып қалады, Көлбай мен Жанбай да келеді. Сонда Біржан ол екеуіне қарап:

*Көлбай, Жанбай,  
Шідерімді кім алды Ләйлім алмай?  
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,  
Күйігіне отырмын шыдай алмай....  
Ләйлім шырақ,  
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ.  
Тиеқтерін алтынмен жалатып ем,  
Қолқа қылып бермен ем төре сұрап...  
Асыл тасым,  
Көлбай, Жанбай, бірге өскен замандасым,  
Келген жоқ көктен пері, жерден шайтан,  
Шідерімді ұрлаған қарындасың...!<sup>1</sup> –*

деп, екі байға төне тұседі, қыспаққа алады. Көлбай мен Жанбай Біржанның аяғына жығылып, кешірім сұрайды, айып төлейді. Бұл ән «Ләйлім» атандып елге тарайды.

Біржанның шығарған әндері бұлар ғана емес. Ол – әнді көп шығарған композитор. Оның «Көкшетау», «Жамбас сипар», «Айтбай», «Адасқақ», «Тентек», тағы бірнеше әндері бар. Ол әндеріне мәтіндік өлеңді де өзі шығарған.

Барлық композиторлық, ақындық талантын халыққа арнаған Біржан өмірінің соңғы кезінде қалың қасірет-қайғыға душар болады: «Жынданды, есінен ауысты» деген өсек-әңгімелер көбейеді. Соның салдарынан ағайын-туыстары Біржанды үйден шығармай, қол-аяғын байлап тастайды. Осындай ауыр күйге түскен Біржан құрбы-құрдас, жолдастарына арнап:

*Бұл күнде арық қойдан бағам төмен,  
Үш жүздің ортасында Біржан едім<sup>1</sup>, –*

деп зарланады, көніліндегі қайғы-мұнын шағым етеді. Теміртас, Асыл, Ақық атты өзінен туған балаларына:

*... Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,  
Қинауга салады еken адамзатты,  
Үкідей желтіндірген, қарақтарым,  
Шешсөңі, білегіме арқан батты...<sup>2</sup> –*

деп мұнын айтып, көмек сұрайды. Осындай ауыр қасіретке ұшыраған, үш жыл бойына қол-аяғы байланған, казак халқының ұлы әнші-акыны Біржан алпыс үш жасқа келіп азаппен қайтыс болады. Оның денесі өзінің туған жеріне қойылады.

Ал Біржанмен айтысқа түскен Сара жайында баспа жүзіне шыққан өмірбаяндық материалдар жок, тек ел әнгімелері бар. Олардың айтуына қарағанда, Сара әрі әнші, әрі алғыр ақын, сан айтыстарға қатысып жүлде алған жүйрік болған. Сараны 1911 жылдар шамасында қайтыс болған деседі.

Біржан мен Сараның атақты ақын болғандықтарын олардың айтысы көрсетеді. Бірақ бұл айтыс жайында әлі ғылымда дәлелденбеген, тек ел аузында жүрген бір әнгімелер де бар. Оған құлақ тұрсек, Біржан мен Сараның айтысы болмапты, оны Әріп Тәнірбергенов деген ақын шығарыпты-мыс. Әріптің белгілі ақыны болғаны рас,

оның Біржан мен Сара айтысын естуі, білуі де мүмкін. Эйткенмен Эріптің осы айтысқа қатысы қандай, ол жинаушы немесе баспаға даярлап беруші ретінде қатысты ма, ол арасын айту кын. Сондықтан біз мұны Біржан мен Сараның шығарған айтысы деп қараймыз. Сондай-ак, бұл айтыс алғашқы қалпын сактаған ба, кейінгілердің қосқан, өндеген жері жок па дегенді де айта алмаймыз. Өйткені өткен заманда ақындар айтысын табан аузында жазып алу болған емес. Айтыстардың қайсысы болса да ақындардың кейіннен өз айтуымен тараған, кейде айтыстың ішінде болып естігендер, оны ұғып алушылар таратқан. Ал «Біржан мен Сара айтысы» айтыстың болып өткен кезінен көп кейін Сараның өз аузынан жазылып алынған<sup>3</sup>.

«Біржан мен Сара айтысын» зерттеушілердің қайсысы болса да, бұл айтыстың шынында да болғандығын дәлелдейді. Ол былай болады: Найман-Матайда (казіргі Талдыкорған облысы) Сара дейтін әрі әнші, әрі атақты ақын қыздың бар екенін, оның сан жүйріктерді сөзбен буғандығын Біржан естиді. Ал Біржан жайын, оның қандай әнші, ақын екендігін Сара да естіген болады. Бұлар бір-бірін көріп біліспесе де, сырттай таныс, дидарласып көрісуді арман етіп жүреді... Бір жылы қасына бірнеше жолдастарын ертіп, Біржан Сараның еліне келеді, ондағы ойы: атақты ақын қызбен танысу, өнер салыстырып айтысу, ақындық-әншілік күш байкасу. Біржан келсе, Сара үйінде жок екен. Біржанның алдынан Сараның шешесі мен сінлісі шығады, олармен бір-екі ауыз сез қағыстырады. Олар Сараның Хажы аулына кеткенін айтады, Сараны іздел сол ауылға Біржан да тартады.

Бұл кезде Сара жиналған көпшіліктің алдында, Хажы атасына:

...Сіз мені айып етпе зарлағанға,  
Түңғиық сырым терең барлағанға.  
Мінекей, он жетіге биыл келдім,  
Сан жүйрік ілескен жок самғағанда...

*Хажеке, сізге айтарлық арызым сол,  
Қапамын бастап билік алмағанға...<sup>1</sup>*

деп мұнын шағып отыр екен. Осы тұста Біржан келіп: «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері», – деп хабар салады, жұрт жиналып қалады, екі ақынның айтысы басталып кетеді. Біржанның:

*Адымым күні бүгін қалыбында,  
Екі жыл отыз беске келгеніме<sup>2</sup>, –*

деуіне қарағанда, Біржан Сарамен отыз жеті жасында айтыскан.

Сәбіттің айтуынша, бұл айтыс 1862 жылы, Ахмет Жұбановтың айтуынша, 1868 жылы болған.

Біржан мен Сара әнгімені амандастып көрісуден бастап, ұзак айтысады. Екеуі де елге атағы шықкан алғыр, азулы ақын екендігін таныта, бір-бірін қорқыта, үрейлендіре сөйлейді:

Біржан:

*...Қырандай аспандаймын желді күнгі,  
Даусымның көтерілер шықса тері.  
Болжаган жер шарасын майталманмын,  
Жасымнан маған мәлім қызы не дері.  
Алтын менен құмістің нақысындаи,  
Міні жсоқ бізден шығар сөз бедері...  
Ақ иық мұз балақының жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақтың алқымы іспес<sup>3</sup>, –*

деп, өзін көкке самғаған көк дауылпаз қыранға немесе алғыр ағындағы ақ иыққа теңейді. Енді бір сәтте «акқумен аспандағы» ән қосады, тағы да шарықтап жоғары көтеріледі, «қанды көз, май жеп алғыш ақ иықтай» сұылдайды. Ол өз өнерін, ақындық-әншілік қүштілігін осы-

лай суреттей отырып, Сараның адымын аттаптай, аузын ашырмай апшысын қырмақ болады, ақын қызды сескендіре сөйлейді. Бірақ Сара Біржанның айбарынан үрейленбейді, одан өзінің ақындық-әншілік өнерін артық болмаса, кем деп білмейді. Сарамен айтысқалы отырған жалғыз Біржан емес. Ол бұдан бұрын да талай ақындармен: «Бәйгімді шаптай бер», – деп ірлік көрсете келген сан жүйріктермен кездескен болатын. Солардың бәрін есінен қалмастай етіп женген де еді. Мұны еске алған Сара:

*Арыстан, сал Ниязбек іздең келіп,  
Шошынған жүгірістен танбағанға...  
Жанақ та қобызбенен түк қылған жоқ,  
Оңай ма сендей сорлы бейшараға.  
Орынбай іздең келіп, кеткен қаңғып,  
Жеңген жоқ Кеншімбайдың о да аңдып!*, –

дейді. Айтыста осынша ақындарды женген Сара Біржанға да құштілік білдіреді. «Келгенің жаксы болды, әйтпесе өзім іздең барғалы отыр едім», – дегенді ескерте келіп:

*...Найманда екіжүзді наркескенмін,  
Желкенді қимақ үшін қойған саптан.  
Тозаңың анда-санда бұрқ-бұрқ етер,  
Сабасам бейпіл тілді екі жақтап...  
Жалының жанып тұрган нөсерге өшпес,  
Болаттың екіжүзді алмас кеспес<sup>2</sup>,* –

дейді Сара.

Айтыс майданында бір-бірін осылай шошытпак болып сөз бастаған екі ақын, айтыс дәстүрі бойынша, енді бір сәтте әрқайсысы өз еліндегі бай мен болыстарды, әкімдерді мактайды. Оларды халық қамын ойлаған адамдар етіп көрсетуге тырысады. Бұл, әрине, тарихи шындықты бұрмалаушылық, қанаушы тап адамдарын

ракымшыл, халыққа жаны ашитындар етіп көрсетушілік болып табылады. Айтыста аталған Мұса, Шорман, Құнанбай, Кенжекүл, Байтоқы, тағы басқалары үстем тап өкілдері болатын. Бұларды мактап, дәріптеу «Біржан мен Сара айтысының» басты қайшылығы-кемшілігі еді. Осы аталған адамдардың қасына Абайды апарып қосулары айтыстын тағы бір кемшілігі деп ұғыну керек. Рас, алдыңғыларына қарағанда, Біржан Абайды бөліп алады. Ол Абайды:

...*Ыбырай жас жолбарыс жүректенген,  
Дүшпанға арыстандай білектенген...*  
*Ей, Сара, кісің бар ма оған жетер,  
Өнерін көрген жансың есі кетер...*  
*Орта жуз Абай қойды атын батпай,  
Үйіне ояз кірмес жауап қатпай....*  
*Зейіні түпсіз дария көзің жетпес...*  
*Дос көрген олар заһит ғалымдарды,  
Момынға зәбір, жана қыласың деп,  
Жіберген жер аударып залымдарды', –*

деп ардактайды. Абайдың халық ұлы, елдің ер-азаматы екендігін суреттейді. Ұлы ақынның адамгершілігін, ақылын, білімін, халық камын ойлап қызмет етушілігін мактан етеді.

Айтыска түскен екі ақын бірін-бірі жену, мұдіртіп мерт ету максатымен көп алысады, орай шауып оза тартады. Эр жерде бір түйреп, шабуыл жасайды. Бірақ тал бойларынан мін, сөздерінен сызық табылмайды, бір-біріне ақындық, әншілік өнері барабар келеді. Сараның сұлулығына, ақындық-әншілік өнеріне көнілі толып, оны жоғары бағалаған Біржан:

*Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,  
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің...  
Шіркін-ай, мұндай жүйрік тұармысың,  
Сөйлейсің алтындағы ғып сөздің жезін.*

*Қанатын күн шалмаған ақ түйғынның  
Жапалақ иемденер басқан ізін...  
Кемітер дұшпан шіркін қай жеріңді,  
Адамзат озар емес бір басынан<sup>2</sup>, –*

деп сүйсіне мактайды.

Біржан Сараны ардақтай, мактай отырып, осындай өрлі өнері бар ақын қызды ағайын-жұртының қалай бағалайтынын, өзі секілді теңіне берген-бермененін білу мақсатымен үлкен бір әнгімені бастап кетеді. Елден ерен шықкан ардақты Сараны ағайын-жұрты қандай адамға күйеуге бергелі отырғанын айқындаған болады. Біржанның мұнысы Сараны мұқатып жену үшін емес, оның ағайын-туысын сынау ойынан туған болады. Осы мақсатпен ол Сараға:

*Шақыртып осында алдырт күйеуіңді,  
Көрейін таңдан қосқан сыңарыңды,<sup>3</sup> –*

дейді. Сан жүйрікті сөзбен бұған Сараның қауіптенетін жері де осы еді. «Күйеуінді алдырт», – деген Біржан сөзі Сараға атылған оқтан кем тимей, жауап сөзден тосылып қалады. Сараның ағайын-туыстары қалың малды матап алғып, Сараны Жиенқұл дейтін бір жаманға атастырып қойған болатын. Бұған Сара аса наразы, өз басында тендік болмай, сүймеген кортыққа байлаулы болғанына ызаланып жүретін. Құрбы-құрдастарымен әзілдескенде болсын, ақындармен айтысқанда болсын, Сара сол Жиенқұлдан қорлана беретін. «Күйеуінді алдырт, ағайын-туыстарыңның таңдап атастырған адамын көрсет», – дегенде Сара қайғыға ұшырайды да, өзін малға саткан, теңіне қоспаған туыстарына қарап, ызамен:

*Хажеке, күні құрсын ұрғашының,  
Билігі болмаған соң бір басының.  
Берген соң тері-терсек им те алады,  
Пұлындаій берекесіз арбашиның...*

*Адамға жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей желліп үшқан қызыл гүлім  
Сіздерден үялғаннан жүрүші едім,  
Есекке қосақтаулы өтті күнім.  
Өзі білер деуші едім жақсылардың,  
Ақыры қайғы болды енді мұным...  
Сіздерге сенетүғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім...  
Жиылған қаптағайдың жақсылары,  
Олжама айырып бер өз басымды, —*

деп, катты қамығады, басына теңдік беруін сұрайды. Бұл жалғыз Сараның ғана мұны-шері, қайғы-зары, тілегі емес еді. Ол сол кездегі қалың малға сатылған казақ қыздарының касіреті еді.

Сараның аянышты халіне Біржан да көніл аударып, аяушылық білдіреді. Сараның қайғы-зары оған да катты батады; елге данқы шыққан, ақыл-ойы озат, ақындық-әншілік өнері аскан Сараның теңіне бара алмай, бір жаманға қосақталып отырғанына Біржан да ауыр күйінеді. Сондықтан да ол Сараның қайғысына ортактаса отырып:

*Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,  
Күйеуің жаман екен, ей, бейшара<sup>2</sup>, —*

деп аяушылық білдіреді. Сараның ауыр күйзеліске түсіп отырғанын білген сезімтал Біржан жығылған үстіне жұдырық болмасын деген оймен: «Жиенқұлды алдырма, Сараның тырнағынан садаға кетсін», — дейді. Және ол Есмібек пен Тұрысбекке: «Сараны жылатпай, теңіне қосындар», «ардақты ақынның обалына қалмандар» деп ақыл айтады.

Сөйтіп, «Біржан мен Сараның айтысы» атакты екі ақынның өнер жарысы, сөз шарпысы ғана болмай, бүкіл казак ауыз әдебиетінде әлеуметтік мәні бар тың тақырыпты, яғни әйел теңдігі мәселесін көтерген айтыс

болды. Бұл айтыста казак қыздарының аянышты ауыр халі, сүйгеніне бара алмай жас өмірін қайғы-зармен, жылаумен өткізгені, ескі әдет-ғұрыптың құрбаны болғаны суреттеледі. Олардың мұндай ауыр халге тұсуіне феодалдар, байлар, хажылар кінәлі, оған Есімбек, Тұрысбек сияқты жуандар айыпты екендігін көрсетеді.

Айтыста Сара сөзден ұтылып, ақындық өнерден жеңілген жоқ. Біржан да оны женіп шықтым демейді. Бұл айтыста женілгендер – Сараның ағайын-туыстары. Сара сияқты санлақты малға саткан, теңіне бермей, бір жаманға кор қылған Есімбек, Тұрысбектер женілді. Айтыста соларға деген халық қарғысы айтылады. Қазак қыздарының бас бостандығына тұсау болған, сор болып жабысқан қалың мал екендігі жиіркенішті түрде әшкере етіледі. Айтыстың әлеуметтік мәні де осында. Сондықтан да біз «Біржан мен Сара айтысын» аздаған қайшылығы бола тұrsa да халықтық сипаты мол көркем айтыстың бірі деп караймыз.

### Айтыстың көркемдігі

Ақындар айтысының ішінде ең көркемі, ақындық тілге байы, сұлуы да – «Біржан мен Сараның айтысы». Бұл жағынан алғанда, ол шын мәніндегі көркем шығарманың біріне саналады. Айтыска қатысқан екі ақынның қайсысы болса да халықтың тіл байлығын молынан пайдалана отырып, неше түрлі әдемі тенеу, сөз образдарын жасайды, айтайын дегенін әрі ашық, әрі терен мағыналы етіп жеткізеді.

Бұл айтыстан ұздік тенеу, әдемі сөз айшықтары, эпитет, метафоралар жиі ұшырасып отырады:

*Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.*

Немесе:

*Қырандай желді күнгі аспандаймын, –*

дейтіндер әдемі әпитет, метафора болып табылады. Мұнда ақын өзін «желді күнгі қыранға», «кен қолтық арғымакқа» балай отырып, үздік әпитет, әдемі метафора жасайды. Бұл ретте оның өзіне тән бір ерекшелігі күрделі метафора, яғни метафораның ұлғайған түрін жасаудың<sup>1</sup>. Мәселен:

*Жорғамын шаршы топта самғайтұғын,  
Бәйгі аттай серпінімді шалмайтұғын,  
Әнімді он екі взвод жіберейін,  
Есіңен өле-өлгенше қалмайтұғын.  
Ежелден құлаш мойын көк айылмын,  
Ылауға алты күнге талмайтұғын.  
Болаттын екі жүзді, жетем құрыш  
Шапса да қара тасқа таймайтұғын...  
Ой желке, қамыс құлақ, қара көкпін,  
Тұнықтан жүзін ішпей қанбайтұғын, —*

деп, Біржан әрі күрделі, әрі ұлғайған метафора тудырады. Мұндай үздік метафоралар, сөз образдары, теңеулер Сараның сөздерінен де орын алады. Сара өзін сипаттағанда:

*Тамағым жас баланың білегіндей,  
Иығым тік сандалдың тірегіндей.  
Бет алдым кеудесіндей қоңыр қаздың,  
Тал бойым жолбарыстың жүргегіндей, —*

дейді.

Біржан мен Сараның ақындық тіліндегі ерекшелік бұл ғана емес. Олар ақындық тілдің бір түрі болып табылатын ирония мен сарказмды да орынды және әдемі қолданады<sup>1</sup>. Мәселен, осы ирония, сарказм арқылы Жиенқұл бейнесі шебер суреттеледі. Мысалы, Біржан: «Жиенқұлды шақырт», — дегенде, Сараның айтқан сөзі ирония мен сарказмге құрылады. Онда Сара:

*Көрінсін Біржан салға ай секілді,  
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді.  
Ұсынса қол жетпейтін, арғымағым,  
Біржанға баламаймын тай секілді....  
Асылым, құдай берген өз бағыма,  
Теңелмес жеті Біржан тырнағына.  
Найманда ұлы дария саяткерім,  
Балық бол ілінгенмін қармағыңа, –*

дейді. Бұл үзіндіде сырт қарағанда, Сара Жиенқұлды мактап отырған сиякты. Бірақ ол мактау емес, Жиенқұлды кекетіп, шенеу, ирония арқылы оның кескін-пішінін әжуга етеді. Иронияның өзі бір нәрсенің жаман екендігін мактау арқылы білдіретін құрал болады. Ал сарказм олай емес. Мұндай ой ашық, турасынан айтылады. Сара Жиенқұлды жаны сүймейтіндігін, жек көретіндігін жа-сырмайды, ашып айтады:

*Құнжыып мінер құла жорға барса,  
Келе алмас, ол шіркін қорғаласа.  
Рас, бізді масқара қылар сонда,  
Корс етіп, «бармаймын» деп үйде қалса.  
Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,  
Ербиер ессіз тауға шыққандай-ақ,  
Жиенқұл күжірейіп келер ме еken  
Он матта арқасына тыққандай-ақ', –*

деп Жиенқұлдың кім екендігін сарказм арқылы ашып айтады.

Корыта келгенде, «Біржан мен Сара айтысы» – айтыс өлеңдерінін ішінде елеулі орын алатын күрделі, көркем айтыстың бірі болып табылады.

## ТҮСІНІКТЕР

### Ән, өлеңдер

1. «Баласы Қожағұлдың Біржан салмын» – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні КР Ұлттық Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті Қазақ әдебиеті кафедрасы 1962 жылы шығарған (жалпы редакциясын басқарған Ы.Т. Дүйсенбаев) «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы» бойынша баспаға ұсынылды. Бұл өлең алғашкы рет А. Жұбановтың 1942 жылы баспадан шыққан «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» атты кітабында жарияланды. Одан кейін Б. Ерзакович құрастырған «Қазақстанның халық әндері» атты 1955 жылғы жинакқа, Ы.Т. Дүйсенбаев құрастырған 1965 жылы жарыққа шыққан «Үш ғасыр жырлайды» жинағына енді. Халық ақыны Молдакмет Тырбиевтің айту нұсқасы алынyp отыр.

2. «Айтбай» («Атымның қак тұрады сауырына») – ән өлеңі, мәтіні 1965 жылғы жинакқа сүйеніп берілді. Өлең 1962, 1965 жылғы жинактарда және 1959 жылы Б. Ерзакович пен М. Майчекин бастырып шығарған «Біржанның әндері» деп аталатын өз шығармалар жинағында жарияланды.

«Айтбай» әнін Е. Байболовтың және Қекшетау облысы Енбекшілдер ауданында тұратын 70 жастағы Қерім қарияның айтуына қарағанда, Біржан Айтбай деген сұлу қызыға ғашық болып шығарса керек. Екеуі косылуды арман етіп, кейін «Ғашығым», «Ғашық жар» деген әндер шығарады.

3. «Қаламқас» («Мен жаздым сәлемдеме Қаламқасқа») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні алғаш 1955 жылғы жинағында басылды.

4. «Алтын балдак» («Қолыма асынғаным алтын балдак») – ән өлеңі, мәтіні 1955, 1962, 1965 жылғы жинақтарда жарық көрді.

5. «Ақсеркеш» («Бір атты сатып міндім елу беске») – ән өлеңі. Өлең 1955-1959, 1962, 1965 жылғы жинақтардың негізінде алынды.

Біржанның бұл әні ел арасында «Ақеркеш» деп те аталды, бұл жинақта «Ақсеркеш» деп жіберіліп отыр.

6. «Сокпа-ай сок» («Мінезі жүйрік аттың – сокпа-ай-сокпа») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1955, 1962, 1965 жылғы жинақтарға сүйеніп берілді.

7. «Керекіл («Астымда Керекілім бұланғайды») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні Біржан шығармаларының жинағы және 1963 жылғы «Қазак әндері» жинағы бойынша баспа бетіне ұсынылып отыр.

8. «Бірлән» («Қарағым, айналайын, көз көргенім») – ән өлеңі, мәтіні 1955, 1959, 1962, 1965 жылғы жинақ бойынша баспаға ұсынылды.

9. «Ғашығым» («Дариға, дүниеге неге келдім-ай») – ән өлеңі, мәтіні 1955-1965 жылғы жинақ бойынша алынды.

10. «Ғашық жар» («Қыын екен жалғанда сүйген ғашық») – ән өлеңі, мәтіні 1955-1963 жылғы жинақ негізінде жіберіліп отыр.

11. «Жайма-шуақ» («Көл жағалай бітеді көкше құрак») – ән өлеңі, мәтіні ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша баспаға ұсынылып отыр. Өлеңнің бұл нұсқасы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) кітабында және 1963-1965 жылғы жинақта жарияланған.

12. «Жонып алды» («Аты еді бұл әнімнің «Жонып алды») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні Біржанның шығармалар жинағы негізінде баспаға жіберілді. 1965 жылғы жинақта жарияланды.

13. «Сырғакты» («Ақ түйғын құс қолымда сырғактым ай») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1955 жылы жинақ негізінде алынды, кейін Біржанның шығармалар жинағына және 1963 жылғы жинаққа енді.

14. «Аққошқар» («Өрісім өрдегі Алтай Қуандықты») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні Біржанның шығармалар жинағы және 1963 жылғы жинақ негізінде алынып отыр.

15. «Ақтентек» («Кызы едін Ақтентектің Шұға, Макпал») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1955, 1962, 1963, 1965 жылдардағы жинактар бойынша берілді.

Қантарбаев Қартаның айтудынша, бұл Атығай ішінде Есімбек – Маныс руынан шықкан адам. Ән Шағырайдың Макпал, Ажар деген қыздарына арналса керек, бір сапарында Шағырай бұлағына Біржанның аты сүрініп жығылыпты. Сонда Біржан мына «Ақтентек», «Макпал» деген өлеңдерді шығарған екен.

16. «Макпал» («Сайына Шағырайдың-ай-ау ағып кеттім») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні ел аузында айтудын жүрген нұсқасы бойынша тұнғыш жарияланып отыр.

17. («Жігітке кедейшілік ол – сергелден») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні А. Затаевичтің жинағы («500 казахских песен и кюев», Алма-Ата, 1931, 104-ән) бойынша берілді. Өлең 1962, 1965 жылғы жинактарда басылды.

18. «Бурылтай» («Танбасы-ай жок, ені-ай жок Буралтайдың») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні Біржан шығармаларының жинағы негізінде алынды. Өлең 1955, 1962, 1965 жылғы жинактарда басылды.

«Бурылтай» мәтінінің әні ел аузында үш түрлі айтудады, бұл жинаққа сол үш түрлінің үшеуі де жіберіліп отыр.

19. «Көкек» («Аты жок құс болады көкек деген») – ән өлеңі, мәтіні 1962, 1965 жылғы жинактар бойынша алынды. Өлеңі алғаш 1965 жылғы жинақта жарияланды, Біржанның шығармалар жинағына, 1963 жылғы жинаққа енді.

20. «Телқоныр» («Телқоныр қайтып кетті елге та-  
ман») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1962, 1965 жылғы  
жинақтар негізінде алынды. 1955, 1963 жылғы жинақ-  
тарда, Біржан шығармалар жинағында басылды.

«Телқоныр» әнінің төрт түрі бар, сол төртеуінін де  
мәтіндері түгел беріліп отыр.

21. «Ләйлім шырак» («Ләйлім шырак дегенде, Ләйлім  
шырак») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1962, 1965 жылғы  
жинақтарнегізінде жіберіліп отыр. Өлеңалғаш С. Мұқанов  
пен К. Бекхожин құрастырған әдебиет хрестоматиясында  
(1939 ж.), 1940 жылы «Пионер» журналында (№11) жарық  
көрді. Одан кейін К. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті» (1942,  
1949, 1950), А. Жұбановтың «Қазақ композиторларының  
өмірі мен творчествоны» (1942) атты кітаптыңда, 1955,  
1963 жылғы жинақтарда, «Біржанның шығармалар  
жинағында», «Ақын жырлары» (1958) атты жинақта,  
М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты  
оку құралында (1958, 1964) басылды.

С. Мұқанов пен А. Жұбанов, К. Қантарбаев, Е. Байбо-  
ловтардың айтуына қарағанда, өлең Қөлбай, Жанбай  
деген дәүлетті адамдардың карындасына әзілдеп шыға-  
рылса керек.

22. «Қөлбай-Жанбай» («Атакты отыратын Қөлбай-  
Жанбай») – мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтың негізінде  
баспаға ұсынылып отыр.

23. «Шідер» («Қөлбай-Жанбай дегенге, Қөлбай-Жан-  
бай») – ән өлеңі, мәтіні 1955 жылғы жинаққа сүйеніп  
баспаға ұсынылды. Біржан шығармаларының жина-  
ғында, 1963 жинакта басылды.

24. «Айжан қызға» («Айжанның разы болдым құр-  
метіне») – өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып, алғаш  
жарияланып отыр.

Бұл өлеңді Қарта Қантарбаев Қожахметтің Қасені  
деген карттан 1940 жылы жазып алады. Ол карттардың  
айтқанын Айжанның інілері Бәйештің Омары деген кісі  
де растайды.

Акжол байдың бюджетіп отырған кызы Айжан Біржан салды өзі шығып үйіне аттан түсіріп, сый-құрмет көрсетеді. Осыған Айжанды айттырып қойған жері Азнабай болыстың жақыны Махамбет жанжал шығарады. Осы әнгіменің аяғы Азнабай болыстың Біржанға өшігуіне әкеліп соғады.

25. Біржанның Омбыда бір қызға айтқаны («Сіз бұрын естіп пе едіңіз Біржан ерді») – ән өлеңі, әні «Шалқыма» деп аталады. Өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып, Тілеубаев Хамит ақсакалдың айтуы бойынша баспаға ұсынылып отыр.

Бұл әннің шығу тарихы жайында Сандыбаев Ыбырай ақынның (Үкілі Ыбырай) айтқандарын Тілеубаев Хамит ақсақал байлайша әнгімелейді.

– Омбы қаласында бірнеше дуан елдің бас қосқан жиылды болды. Патшаның баласы келеді, соған ақындар да барады деген лақап тарады, менің есерсок жігіт кезім, бетім ашылып, топқа кірген жоқпын да, даусым ашылып өлең айтып, ән салып топқа түсе бастамағанмын. Біржанның қалың жиын үстінде кеп әнін естідім, әндерін тындалым. Астына ак боз ат мінген, басында үкілі бөрік, колында үкілі домбыра, үстінде қаптал шапан, мойнында ак торғын орамал, ұзын бойлы, әдемі келген, қыр мұрынды, аксұр адам екен, егде тартып қалыпты. Бір орында тұра алмадым, айналып теңселе берсем керек, әркім мені қағып қыса бастады.

Бір кезде әлгі үйден екі-үш әйел мен атақты сұлу қыз шығып, Біржанды аттан түсіріп, алып кетті. Содан кейін ат үстінде тұрып шырқаған «Шалқыма» әнін Үкілі Ыбырай үйреніп айтып таратыпты.

«Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,  
Қорғасындаи денеңді балқытайын,  
Біржаннан алып қалған аңыз еді,  
Толқындаи «Шалқымамды» шалқытайын».

Іібырай ақынның бұл өлеңін ең алғаш С. Мұқанов та мектеп хрестоматиясына енгізген болатын. (С. Мұқанов, К. Бекхожин. Әдебиет хрестоматиясы. Орта мектептін 8 класына арналған. Алматы, Қазмемкөркем әдеббас, 1938, 182-бет).

26. «Атым Біржан» («Алтынмен тен түспейді інжу-маржан») өлеңін мәтіні ел аузынан жиналып тұнғыш басылып отыр. Бұл өлеңді Қарта Қантарбаев 1960 жылы Қасеннің Сатыбайы деген адамнан жазып алады.

Біржан ел аралап жүріп құздің бір сұрғылт құнінде белгілі сері Байғожаның Бекахметі дегеннің үйіне түседі. Үйдегі бұрынғы қонақтар Біржанды ешкім танымаған сон, елемейді. Әнімді Біржаннан да асырғанмын деп мақтаныпты. Біржан бір кезегі келгенде домбыраны бабына келтіріп, шырқай салған әнімен өзін танытыпты. Манағы Біржаннан ән асырдым деп бөскен қонақ үялғанынан тұн ішінде аттанып кетіпті.

27. «Орынтай» («Дегенге Орынтай-ды, Орынтай-ды») – ән өлеңі, мәтіні ел аузынан жиналып басылды. Өлеңді айтушы Солтүстік Қазақстан облысы бұрынғы Совет ауданы В.И. Ленин атындағы совхоздың тұрғыны Аждар Исаұлы былай депті: «1921-1922 жылдары Ақсары Керейдің іші бүліншілікке ұшырап, біздің Қекбайдың Қөнейі, Тоқбайдың Еншігі, т.б. он шакты үй көшіп келген болатын. Сол көшіп келгендердің жастары Біржан салдың жас кезінде Молдабайдың қызы Орынтай дегенге шығарған әні деп айтатын еді».

«Орынтай» әнінің ел ішінде айтылып жүргенін осы өлеңді жинаушы Қарта Қантарбаев та костайды.

28. «Қалқама» («Қалқама хат жаздырдым алакандай») – ән өлеңі. Өлең мәтіні Құрманғазы атындағы Өнер институтының фольклор кабинетінен алынып, тұнғыш жарияланып отыр. Тапсырған – Солтүстік Қазақстан облысы бұрынғы Октябрь ауданының тұрғыны, ақын, әнші Әлібаев Игібай.

29. «Пар жектім» («Пар жектім қос күренді сүмендетіп») – ән өлеңі. Мәтіні Құрманғазы атындағы Өнер институтының фольклор кабинетінен алғыншылды. Бұл да жоғарыда көрсетілген Әлібаев Игібай әншіден алғынды.

30. «Қараша» («Қараша – қыстың басы болады күз») – ән өлеңі, мәтіні Өнер институтының фольклор кабинетінен алғынды. Өлеңді тапсырған – жоғарыда көрсетілген Әлібаев Игібай әнші, өлең баспа бетіне тұнғыш ұсынышып отыр.

31. Он екі взвод («Қара нар жұқ көтермес, бел кеткен сон») – ән өлеңі, баспа бетіне тұнғыш жарияланып отыр.

Өлеңнің бірінші түрі Құрманғазы атындағы Өнер институтының фолькор кабинетінен алғынды, тапсырушы – жоғарыда аталған Әлібаев Игібай әнші.

Өлеңнің екінші түрін тапсырған бұрынғы Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкері Садық Қасиманов екен. Ол Біржанның бұл әні жайында былай дейді:

– Біржан Тобықты елін аралап жүріп Абай аулына келіп сауық-сайран құрып жүргенінде, бұл елден Біржанның қасына Майбасардың Мұхаметжаны, Құсайын, Смағұл дегендер жаз бойы еріп жүріп жолдас болады. Біржан қайтқанша бірге болып, өлең-әндерін үйреніпті. Бұл үшеуінің ішінен өлеңге, әнге Мұхаметжан басым екен де, өзінше ән шығарған адам болыпты. Оның «Қонырғы», «Әкелу» деген әндерін ел іші осы күнге дейін айтып жүреді.

Құсайын осы жолы Біржан мен Мұхаметжаннан көп өлең-ән үйреніп, өз репертуарының ең бір аяулысы есебінде өмір бойына орындап өткен, солардың көбін Құсайынның баласы Бағыбай ақсақал осы күні өзі айтып отырады.

Біржанның әндері деп ел ішінде айтып жүрген бірнеше әндері бар. Солардың бірі – «Он екі взвод» дейтін әні,

Бағыбайдың орындауында өзгеше бір нәзік ән. Бұл әнді 1943 жылы Б.Г. Ерзакович notaғa түсіріп алды.

32. Axay, ари-айдай («Axayға мен салайын ариайдай») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып тұнғыш баспа жүзіне ұсынылды. Бұл өленді 1942 жылы Бәйіштің Омарынан жазып алған Қарта Қантарбаев.

33. «Орынбор» («Жігітке жарамайды ызакорлық») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтар бойынша басылып отыр. 1955, 1963 жылғы жинақтарда, Біржанның шығармалар жинағында басылды.

34. «Талай заман» («Мен Біржан болғалы талай заман») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтар негізінде алынды.

Бұл әнді Біржан ақын қызы Сарамен айтысып еліне оралғаннан кейін, сол сапарына арнап шығарады.

35. «Жетісу» («Мен өзім Жетісуға барып қайттым») – өлең мәтінінің негізі етіп ел аузында айтылып жүрген нұсқасы алынды. Бұл өлең Бекеш Исаұлының айтуы бойынша баспа бетіне алғаш ұсынылып отыр. Өлеңді 1963 жылы Қарта Қантарбаев жазып алды.

36. «Акжорғажан» («Басында кәмшат бөрік қиғашырақ») – ән өлеңі. Өлең ел аузынан жиналып, алғаш басылып отыр. Жинаушы бұрынғы Қазак КСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкері Садық Қасимановтың айтуынша өлең Ақтай деген бір сұлу өлеңші, әнші қызға арналған.

37. «Жастарға» («Ер жігіт дүниені кезгені артық») – өлеңнің мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтар негізінде берілді. Өлеңнің бір нұсқасы «Қазак әдебиеті» газетінде (1960 жыл, 27 май, №22) басылды.

Бұл өлеңнің шығу тарихы жайлы Балғожаұлы Есмамбет былайша әңгімелейді:

– Біржан серлік-салдық құрып бір кетсе, үйіне айлап, жылдап жүріп оралатын болыпты. Біржанның мұнысина туыстары, Біржанның ағасы Нұржан, басқалары да:

— Сен ел кезіп кетесің де қоясын, артында әйелін, балаларын зарығып отырғаны. «Жаман айтпай жаксы жок», бір жерде ауырып-сырқап қалсан, масқара болғанымыз ғой. Енді токта, бала-шағана, мына дәuletінде баскөз болып отыр, жыл сайын, ай сайын келген қонағынды, қыс соғым, жаз сусынынды біз көтеріп отырайық, — деп ақыл айтқанда Біржаннын шығарған өлеңі еді.

38. «Қосдәuletке» («Үйімде жатыр едім көрінбей-ақ») — өлеңнің бірінші шумағы ел аузынан жиналып басылып жарияланып отыр, жинаушы — Қарта Қантарбаев. Бұл шумактың бір нұсқасы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабында басылды, ол нұсқасы мынау:

*«Мен өзім жатыр едім көрінбей-ақ,  
Шіркін тіл, сөйлесейші ерінбей-ақ.  
Жастық жел жоқшылыққа қаратама ма,  
Ақын-әнші дегендер өзімдей-ақ».*

Өлеңнің екінші шумағы «Қазақ әдебиеті тарихынын» екінші томының бірінші кітабында (XVIII-XIX ғасырлардағы казақ әдебиеті) жарық көрді.

39. «Қасенге» («Кетейін сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде») — өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналған нұсқасы бойынша алдынып, тұнғыш жарияланып отыр. 1949 жылы Сағынай Амантайұлынан жазып алған — Қарта Қантарбаев.

Күшен Қарауыл елінде Қасен Ниязұлы дегеннің баласы туғанда үлкен той жасап, сол тойға Біржан да барыпты. Тойдың көркі — Біржан кезек келгенде иесіне осы өлеңді шығарып арнай айтады. Тойға жиылған жұрт: «Біржан төрт аяғын түгел айтты», — деп катты разы болады. Ертеңіне Біржанды жол-жорамен аттандырады.

40. «Байпакқа» («Ей, Байпак, өлең айта келдім саған») — өлеңнің мәтіні ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша берілді. Бұл өлеңді 1963 жылы Шәкәрім

деген карттан жазып алған – Қарта Қантарбаев. Өлөн баспа бетінде тұнғыш жарияланып отыр.

Ешкімге ешнәрсе бермейтін Байпак деген бір сарап бай бар екен. Жұрт Байпактан ешнәрсе сұрап ала алмайсын деп Біржанды еліктіреді. Көпшілік жұмсаған сон, Біржан жұрттың көнілін қалдырмай, берсе, бермесе де, атағын шығарып кетейін деп байға келіп осы өлеңді айтады. Байпак: «А-а, бір сом ба?» – деп, жанын қармапты да, алып беріпті. Біржан бір сомды алып қасындағы жолдастарына қарап: «Сендер, бейкүнә біреудін обалына қалдындар, бұл саран болса, берер ме еді, міне, көрдіңдер ме? Айткан бір сомды берді», – деп бір сомды отырғандарға әкеліп беріпті. Отырғандар: «Қалауын тапса қар да жанады» деген осы-ау», – деп ан-тан болып, Біржанға разы болыпты.

41. «Күлен-Маймаққа» («Сен өзін туғаныннан Маймак едін») – өлеңнің мәтіні Балуан Шолактың баласы Құдайбергеннің айтуы бойынша тұнғыш рет басылып отыр. 1964 жылы жазып алған – Қарта Қантарбаев.

«Күлен-Маймақ» – Күлен және Маймақ деген ағайынды екі адамның аты, екеуі де бай болып елге атағы шығады. Олар Петропавл қаласының төңірегін мекендеген Совет ауданының адамдары, ру жағынан алғанда Атығай ішіндегі Бабасан. Күлен-Маймақ о баста кедей болып, кейін саудамен байиды.

Бұл өлеңнің шығу тарихын Құдайберген әкем Балуан Шолақтан естіп едім дейді.

42. «Шорманның Мұсасына» («Ассаллаумағалей-күм, атын Мұса») – өлеңнің мәтіні КР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры (461 п.) негізінде алғаш жарияланып отыр.

Керей Мәті-Дәулен, Нұрлыбек (советник), Сағынайдың Нұрмаямбеті бір жерде бас қосыпты. Мұсаның аға сұлтан кезі екен, көпке қосылмай басқа үйде отырыпты.

Біржанның әнін естіп, құмарынан шығып отырғанынан кейін Біржанға: «Енді барып Мұсаға өлең айт, бірақ Мұса өленді көп ұнатпайды, оның рұқсатына қарамай, өленді қоя бер», – дейді. Біржан Мұса отырған үйге кіріп барып, өленді кідірмей қоя береді екен. Бұл өлең Біржанның сондағы айтқан өлеңі.

43. «Балғожаға айтқаны» («Балғожа, сенің әкен Құдайберген») – өлеңінің мәтіні «Қазақ әдебиеті» газетінде (1960, 2), «Жұлдыз» журналында (1963, №6) басылған нұсқасы негізінде алғынып отыр.

Балғожаға карауыл елінде Азнабай болыстың жақыны хатшы болып тұрған кезінде Біржан келіпті. Біржанның келгенін көрген, естіген адамдар: «Біржанға өлең айттырамыз, ән естіміз», – деп жалыныпты. Балғожа Біржанның келгенін де, көптің жиналғанын да ұнатпай: «Біржанның әнін әрқашан есітіп жүрсіндер ғой», – деп жүртты таратып жіберіпті. Ертеңіне Балғожа шай ішіп болған соң: «Мынау жолыңыз», – деп бес сом акша беріпті. Біржан ақшаны алғып, қалтасына салмай, өзі отырған көрпенің астына тыға салыпты. Мұны көріп отырған Балғожа: «Біржан, сен ақын емес дегенге ренжіп отырған боларсын, ал ақын болсан, кане, қолма-қол шығарып өлең айта койшы», – депті. Тұні бойы өлең айтпай, құса болып іші жарылғандай болып отырған Біржан қолына домбырасын алғып шырқағанда, кешеден зарығып, құмартып жүрген жұрт Балғожаның үйіне тұра жүгірісіпті. Біржан да жұрт жиналсын дегендей биік әнге басып шырқай беріп, енді жұрт жиналған кезде, осы өлеңін айттыпты. Сонда Балғожа: «Япырмай, Біржан ақын екенсің ғой, мен білмеген екемнін, ақынға ат-шапан айыбым», – деп ішік жауып, ат мінгізген екен.

44. «Тұрлыбекке айтканы» («Әуелі сөз сейлесейік бір құдайдан») – өлең мәтіні КР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры (461 п.) негізінде алғынып, тұнғыш басылыш отыр.

Тұрлыбек Күшенұлы Құлсары Керей руынан, бұрынғы Ақмола уезінің адамы. Тұрлыбек өз кезінде ірі бай, оның үстіне Ақмола дуанының советнигі болып, патшадан күміс медаль алған адам.

Біржан сал да ру жағынан алғанда Тұрлыбекпен рулас Керей болады.

45. «Алтын қызыға («Алтынжан, сен де Керей, мен де Керей») – өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып алғаш жарияланып отыр. Жинаушы Қарта Қантарбаев, ол бұл өлеңді алғаш 1935 жылы шамасында Мұсаның Шаймердені деген ақсакалдан есітіп жазып алады. Артынан Ұбырайұлы Эбдірахман деген кісі де айтып береді.

46. «Жанбота» («Жанбота, осы ма еді өлген жерім») – ән өлеңі, мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтарға сүйеніп беріліп отыр. Өлең С. Мұкановтың «Қазактың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) атты зерттеуіне, Қ. Жұмалиевтің «Қазак композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942), М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958, 1964) атты кітаптарына, 1955, 1958, 1963 жылғы жинақтарға, Біржанның шығармалар жинағына енген.

Жанбота – Қарпық баласы, арғы атасы – Сарықызы, руы Атығай ішінде Елток. Котыркөл төңірегіндегі Атығай, Керей елінің болысы болады. Ал Азынабай Қонырқұлжа баласы Қарауыл руынан, Қылды Қарауыл елінің болысы болады. Азынабай болыстың поштабайы Сайлыбай деген пысық жігіт екен.

Әннің шығу тарихы мынадай: Көкшетау қаласында жиналған жұрт Біржан салға ән салдырып отырады. Бір кезде: «Біржан әнін тоқтатсын, губернатордың келетін уақыты болды», – деп Жанбота мен Аз nabай болыстар бұйрық етеді. Эйтсе де жиылған халық тарамайды, қызып алған Біржан да әнін тоқтатпайды. Осыны сылтау етіп, бұрыннан өшігіп жүрген Аз nabай болыс өзінің поштабайын жіберіп, Біржанға қол жұмсатады. Осы оқиғаға байланысты, топ ішінде қол іс көрген Біржан

ашынып, «Жанбота», «Адасқақ» әндерін табан астында сұрып салып шығарады. Бұл туралы Біржан жайында естеліктегі материалдарды караныз, сонда толық жазылған.

47. «Адасқақ» («Созады Біржан дауысын қоныр қаздай») – ән өлеңі, мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтарға сүйеніп жіберілді. А. Жұбановтың «Қазак композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты кітабында, 1955, 1958, 1963 жылғы жинақтарда, Біржанын жинағында жарық көрді.

Бұл өлең Біржанның «Жанбота» әніне жалғас сұрып салып айтқан өзінің мәтіні. Ол жайында «Жанбота» әніне берілген алдыңғы түсінікті қараныз.

48. «Жанботаға» («Жанбота, жоқтамадын, кетті кегім») – өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналған нұсқасы бойынша тұнғыш басылды. Өлеңді жинаушы – Қарта Қантарбаев, 1966 жылы Аждар Исаұлынан жазып алған.

Бұл өлеңде айтылып отырған Иса Керей руынан шыққан, Біржанмен ағайындас адам, әкесінің аты – Нарке. Атығай, Керей еліне Жанботадан кейін болыстық осы Исаға тиеді, Біржан соны еске алып отыр. О баста өлең ұзак болса керек, есте қалғаны тек осы ғана.

49. Жанботаға тағы да бір айтқаны («Бұрынғының биіндей би қалмады») өлеңінің мәтіні А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) кітабы бойынша алынып, басылып отыр. Бұл өлең 1963 жылғы жинаққа енді.

50. Әйелі Әпіш туралы айтқаны («Үш жүзге бойың жеткен биік аршын») – өлең мәтінінің алғашкы екі шумағы ел аузындағы нұсқасы бойынша берілді. Бұл шумактарды 1963 жылы Қантарбев Қарта 95 жастағы Конды баласы Айтжан аксақалдан жазып алған. Соңғы бір ауызы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабынан алынды.

Әпіш – Біржан салдың сүйікті жұбайы. Әпіштің әкесінің аты, кай елдің қызы екені белгісіз. Өйткені оны Біржан сал басқа бір алыс елден жасырып алған қашып

келген екен. Ел аузындағы аныз-әңгімелерге қарағанда, Әпіш сұнғақ бойлы, парасатты, ибалы, үлгілі адам болған деседі. Бұл жайында Әпіш туралы айтылған естелікті караныз.

51. Атығай елінің адамдарына айтқаны («Атығай, қайран елім, қоныстасым») өлеңінің мәтіні ел аузынан алынды, 1960 жылы Шақатұлы Дәбеттен жазылып алынған.

Атығай – Арғын руының бір атасы. Атығай елінің бір бөлек рулары Біржанның руы Ақсары Кереймен қоныстас, іргелес отырған, аралары төрт-бес шакырымдай-ақ болған. Атығай мен Керей елі кашанда тату-тәтті көрші ел екен. Бір себеппен екі елдің арасына дау-жанжал түсіп, араздасады. Соның салдарынан Біржан бұрынғыдай екі елдің еркесі болып сайрандап жүре алмайтын болады. Бұл кезең Біржанның қәрілік мендеп, сырқатқа айналған шағы еді. Бұл өлеңді Біржан сол кезде шығарады.

52. «Жамбас сипар» («Ұшына орамалдың түйдім сұсар») – ән өлеңі, мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтардың негізіне сүйеніп жіберілді. Өлең алғаш А. Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты кітабында жарияланды, онан кейін 1955, 1958, 1963 жылғы жинақтарда басылды.

Өлеңнің соңғы шумағының екі және төрт тармактары:

*«Бала мен ағайынға жақпас болдық,  
Ойланып адам ебін таппас болдық», –*

деп, ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша жіберілді, басылған жарық көрген нұсқаларында бұл тармактар:

*«Келін мен балаға да жақпас болдық,  
Таппайтын адам ебін қақпас болдық», –*

делініп келген еді.

«Жамбас сипар» әні – Біржанның серлікті салтқа айналдырыған жас кезіндегі әндерінің бірі. Әйтсе де әннің алғашқы мәтіні сакталмай, көрілкітің көрілігі баяндайтын мәтінінен айтқан нұсқасы ғана ел аузында қалған.

53. «Көкейкесті» («Ай қаранғы қөрінер, солған са-йын») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып алғаш басылып отыр. Өлеңнің бүл нұсқасын 1964 жылы токсан жастағы Жұмабек ақсақалдан жазып алған – Қарта Қантарбаев.

54. «Жақсы мен жаман» («Біреудің аспанда жүр дара-жасы») – өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып, тұнғыш басылып отыр. Жинаған – Есім Байболов.

55. «Бүркітті» («Бүркітті асуыннан талай өттім») – ән өлеңі, мәтіні ел аузында айтылып жүрген нұсқасы бойынша алынып, баспа бетіне алғаш ұсынылып отыр. Бұл ән мәтінін 1964 жылы Біржанның ағайыны Макашұлы Ақан қарттан жазып алған – Қантарбаев Қарта.

Бүркітті – Көкшетау облысы Енбекшілдер ауданындағы Жөкей қөлінің батыс бетіндегі қалың орманның ортасындағы шоқының аты. Патша отаршылығы кезінде жергілікті қазак шаруалары, соның ішінде Біржан салдың ауылы да ата қонысынан ығыстырылады. Осы оқиғаға байланысты Біржан сал өзінің ата мекенін ансан, осы «Бүркітті» әнін шығарады.

56. «Мәті-Дәулен» («Ар жақта Керей, Уак, Мәті-Дәу-лен») – ән өлеңі, мәтіні 1962, 1965 жылғы жинақтардан алынды. 1955, 1963 жылғы жинақтарда да жарияланған.

Бұл өлеңдегі аталып отырған Керей, Уак – Орта жүздегі ру аттары, Мәті-Дәулен – сол рулардың басты адамдары.

57. «Теміртас» («Біржан деп атым шықты алты алаш-қа») – ән өлеңі. Өлеңнің мәтіні А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабынан алынды.

«Теміртас» – Біржанның қартайып науқаска шалдықкан кезінде айтқан әндерінің бірі.

Бұл өлеңде Біржанның жасы 65-те деп көрсетілген, дұрысында Біржан 66 жасқа карағанда қайтыс болған.

58. Біржанның картайған және сырқаттанған кезінде шығарған өлеңдерінен әзірге қолда бары осылар. Бұл өлеңдер салдың сол картайған, науқасқа шалдыққан кезінің сезімдерін елестетеді.

Өлеңнің (сілтеме ретінде) «1» цифрымен белгіленген шумактары «Жана әдебиет» журналының 1928 жылғы 12-санында басылған нұсқасы бойынша алынды. Бұл нұсқасы кейін 1962, 1965 жылғы жинақтарда жарияланды. Бұл шумактың алғашкы аузы С. Мұқановтың К. Бекхожинмен бірігіп құрастырылған, орта мектептің 8 класына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» (1938) мынадай өзгерістермен басылған.

*«Дуние, өтеріңді біліп едім,  
Білдірмей кедейлікті жүріп едім.  
Бұл күнде бір тоқтудан құным төмен,  
Үш жүзге атым шыққан Біржан едім».*

Бұл өлең тармактарын осы нұсқасында С. Мұқанов өзінің «Қазактың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) атты кітабында келтіреді. Кейін бұл тармактар осы өзгерістермен К. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті» (1942, 1949, 1950) және М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958, 1964) атты кітабында орын алды. Ал бұл шумактың соңғы аузы С. Мұқановтың жоғарыда аталған кітаптарында мынадай өзгеріспен берілген:

*«Теміртас, Асыл, Ақық – балдан тәтті,  
Не болар деменіздер адам затты.  
Үкідей желтіндірген құлындарым,  
Шешсөңі, білегіме арқан батты!»*

Бұл шумактың жоғарыда көрсетілген «Жана әдебиет» журналында басылған нұсқасында «Асыл » дегендің орнына ылғи «Алтын» деп басылыпты, дұрысында

Біржанның қызының аты Алтын емес, Асыл болғандықтан «Асыл» деп түзетілді.

Өлеңнің «2» цифрымен белгіленген шумактары 1958 жылғы жинақтан алынды.

«3» цифрымен белгіленген шумактары А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабы бойынша берілді.

«4» цифрымен белгіленген тармактары ел аузынан жиналышп, окушы жұртшылығына алғаш ұсынылып отыр.

59. «Біржанға хат» – ел арасында кең тараған өлеңнің бірі. Мұны жазған – Басықараның Қанапиясы. Біржанның ауылдасы Исаұлы Бекіштің айтуы бойынша жазып алған – Картадаев.

60. «Асылға», «Алқаракөк», «Ғашығым», «Жонып алды» (II түрі), «Дүниеде не керек», «Сұлу жүйрік», «Ауырып жатқандағы өлеңі», «Біржан салдың сонғы әні» атты өлеңдер «Ләйлім шырақ» (Алматы: Өнер, 1983) жинағынан алынды.

61. «Мешін-тауық» атты әнімен айтылатын өлеңді (1860-1861) Біржан қатты жұт пен әйелі Айтбайдың қатты науқастанып жүрген кезінде жазыпты. «Біржанның белгісіз ғұмыры» (Петропавл, 2009) атты кітаптан алынды. Авторлары – С. Жұмабаев, К. Жалмақанов.

## Айтыстар

60. «Біржан мен Сараның айтысы» («Қызы екені Тастанбектің ақын Сара») – айтыс өлеңі. Айтыстың мәтіні «Кисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен 1898 жылы Қазанда басылған алғашқы нұсқасы бойынша беріліп отыр. Айтысты бастыруши – Шайхыисламұлы Жұсіпбек қожа.

«Біржан мен Сараның айтысының» төңкеріске дейін басылған екі нұсқасы бар, бұл баспаға ұсынылып отырған алғаш жарық көрген бірінші нұсқасы. Айтыстың екінші нұсқасы алғашқы нұсқасынан бір жыл кейін, 1899 жылы жарияланды. Кисса «Біржан салмен айтысқаны» деп аталады. Айтыста оны жинап бастырған адам-

ның аты-жөні көрсетілмеген, тек айтыстың сонында бастырушының атынан айтылған бірнеше шумак өлең бар, онда бастырушының айтыстың бұл нұсқасын Зайсан қаласынан жібергені:

«Зайсанның жіберілді қаласынан,  
Кімнің кім зиян шегер данасынан», —

деп көрсетіледі. Бастыруши айтыстың ел арасында ауызша тарапып жүргенін де ескертіп:

«Әр кісінің қолында біреуі жсур,  
Біреуі рас болса да, бірі жалған», —

дейді. Және айтыстың сол уақытқа дейін сол төніркете баспа жүзін көрмегенін, енді ғана жинап бастыруға ниет қылып отырғанын айтып:

«Сөйтсе де хат болмайды, басылмайды,  
Қазанға бастыруға көңіл ауған», —

дейді.

Енді айтыстың бұл нұскаларының бір-бірінен айырмашылығына келсек, ол мында секілді: айтыстың 1898 жылы басылған алғашқы нұсқасының көлемі – 907 жол. Бұл айтыстың ең негізгі нұсқасы болып табылады, ейткені бұл бірінші нұсқасы айтыстың екінші нұсқасында түгелдей алынады да, 173 тармақ ара-арасына қосылады. Бұл тармактар – ел ішінде айтысты таратушылардың немесе жинап баспаға ұсынған адамның қоспасы.

«Біржан мен Сараның айтысы болмапты, оны Тәнірбергенов Әріп ақын шығарыпты» дейтіндер айтыстың осы екінші нұсқасын негіз етеді. Шындығында бұл пікірлер ешбір ғылыми дәлелді көтермейтін тек лақап сөздер. Олай дейтініміз, біріншіден, айтыстың алғашқы нұсқасы екінші нұсқасынан бір жыл бұрын жарықка шығады. Екіншіден, айтыстың екінші нұсқасында (Әріп

шығарыпты-мыс дейтін нұсқасында) алғашқы нұсқасы сол калпында түгелдей алынады. Үшіншіден, айтысты жинап бастырған адамның аты-жөні көрсетілмейді және бастыруши айтысты, жоғарыда келтіргендей, өзім шығарып едім демейді, ел аузынан жинап баспаға ұсынғанын ескертеді.

Айтысты Әріп шығарыпты дейтін осы лақап ел ішінде тек ауызша тарапып қана қоймай, «анау айтты, мынау айтты болып» баспа бетіне де түскен. Ол лақап сөздің баспа бетінен орын алуы зерттеуші әдебиетші ғалымдардың арасынды талас тудыруға негіз болып келді, бұл жайында «Қазақ әдебиеті тарихын» және осы жинақтағы кіріспе макаланы қарандыз, онда бұл талас пікірге кенінен токталынады.

61. «Біржанның Нұрғайша қызбен қағысуы» («Бауыры Қекшетаудың қара қайын») – айтыс өлеңі. Өлеңнің мәтіні КР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбасы (461 п.) бойынша жіберілді. А. Жұбановтың «Заман бұлбұлдары» (1963) атты кітаптарында және 1963 жылғы жинақта басылды.

62. «Біржанның бір қызбен қағысуы» («Байлардың жейтін асы – жая мен жал») – айтыс өлеңі. Өлеңнің мәтіні С. Мұқановтың «Қазактың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер» (1942) атты кітабы бойынша алынды. Бұл айтыс алғаш К. Бекхожин мен С. Мұқанов құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында» (1938) жарияланды, бірақ онда 1942 жылғы басылуынан өзгеше, өлеңнің алғашқы шумағының соңғы екі тармағы мына секілді:

*«Кыс аяғы шаруаға тарын болды,  
Кекіреймей, көжеге ерніңді мал!»*

Біржанның бұл айтысының ел аузында бірнеше нұсқасы бар, соның бір түрін Аймаған қарттан 1963 жылы Карта Қантарбаев жазып алған.

Бір жылы Біржан қыстың қатты ұскірігінде жолаушылап жүріп мезгілсіз уакта кедей бір үйге келіп түсе қа-

лыпты. Үйде отырғандар ортасына қойып көже ішіп отыр екен, Біржан ұсынған көжені алмапты. Үйдің бюджеткені Біржан екенін сезіп:

«Жүрсің бе аман-есен, ей, Біржан сал,  
Кыс аяғы ұзарып, кетпеген қар.  
Шаруаның ішкені бәрі көже,  
Кекіреймей, көжеге ерніңді мал», —

депті.

Біржан кенеттен айтылған өлең болған сон ба, жок кейін берерлік астың жоқтығына көзі жетті ме, жұлып алғандай:

Беталып елден шықтым Қаракермен,  
Қаракер жүре алмады, қара термен.  
Елдің ішкен тамағы көже болса,  
Көжеңді басып-басып әкел бермен, —

деп көжені ішіп салыпты дейді.

Бұл айтыстың ендігі бір нұсқасы А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1963) атты кітабында былайша берілген:

**Қыз:**  
Қыс қатты, арық болды, сойылған мал,  
Ел жүдеп, таусылды жая мен жал.  
Жүрттың ішкен тамағы осы көже,  
Сал болсаң да, көжеге ерніңді мал.

**Біржан:**  
Аралап таныс болым әрбір елмен,  
Көп көрдім сияпatty жүрген жерден.  
Шаруаның ішкені көже болса,  
Замандас, басып-басып әкел бермен.

63. «Біржанның Шөже ақынмен қағысуы» («Шөже: «Ей, Біржан, маған берші бір азды дат») — айтыс өлеңі.

Өлеңнің мәтіні ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының колжазбалар коры (461 п.) негізінде жіберілді. Баспа жүзіне тұнғыш ұсынылып отыр.

Шөже – XIX гасырда (1805-1891) жасаған атақты айтқыры ақын, Біржанин жасы үлкен.

64. «Біржаниның Тезекбай ақынмен қағысұы» («Тезекбай: «Бұл өнерлі кім берді, Біржан саған») – айтыс өлеңі. Өлеңнің мәтіні ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының колжазбалар коры (252 п.) негізінде алынып, баспа бетіне тұнғыш жарияланып отыр. Өлеңді ең алғаш 1939 жылы Тезекбайдың інісі Сыздықтан жазып алған – Есмағамбет Ысмайылов.

65. «Біржан, Орынбай, Шөже ақындардың айтқырлықтары» («Біржан: «Сағынай, Мәті-Дәүлен, жайын-дайсың») – тапқырлық салыстыру өлеңі. Өлеңнің мәтіні Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасы (461 п.) негізінде басылып отыр.

66. «Бабай мен қасқырдың айттысы» («Бабекен қарсак аулап жүрген екен») – айтыс өлеңі. Өлеңнің мәтіні ел аузынан жиналып, тұнғыш рет баспаға ұсынылып отыр. Біржанның бұл өлеңін 1964 жылы Қантарбаев Карта Шақанұлы Дәбет карттан жазып алады. Біржанның бұл айттысының бір нұсқасы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының колжазбалар корында (461 п.) сактаулы. Бірақ ол «Бабақ бай мен қасқырдың айттысы» деп аталады. 1963 жылы тапсырған – Телжанов Хажиахмет.

Біржанның бұл өлеңі кезінде ел ішіне кеңінен тараған айттыстың бірі, өйткені айттыс сол кездегі ел мен елдің арасындағы ру тартысына, дау-жанжалға байланысты шығарылған.

Мұндағы қасқырмен айттысатын Бабай – тарихи болған, Атығай руының ішіндегі Сары деген атадан шыққан адам. Бабай қара жаяу өлең шығаратын кісі екен. Бабайдың алғашқы алған жұбайы қайтыс болып, Айжан, Балжан деген екі қызы жетім қалады. Содан Бабай аға сұлтан Ыбырайдың (Ғабдолла баласы) туысына үйленеді.

Жаңа әйелі жетім қыздарын күтпей, үй ішінен реніш туады. Ұбырай жақынына бұрып Бабайды шакыртып: «Сен менің нәсілімді неге қорлайсың? Туысымды айырып алып, өзінді айыптап жер аударам», – дегенде, Бабай мына өлеңді айтЫП:

«Тоқал байға жағам деп сылаңдайды.  
Байының жылағанын жайышылықта кім аңдайды.  
Тоқал шеше баланы үрганында,  
Бала шіркін атаға алаңдайды.

Айжан тәтті болғанда, Балжан түңғыш,  
Бағай-еке-ау, мен болыппын ба елді бүзғыш?  
Тоқал шіркін баланы үрганында,  
Балапаның қорғаған мен бір қызғыш.

Не қылсаң да еркің бар, Бағай-еке,  
Соңымда балалар бар, емен жеке.  
Әмірім өксіп қызығыштай шырылдаймын,  
Балаға қатал болып тоқал шеше», –

дегенде Ұбырай: «Әй, кінә өзінде екен ғой, бұдан былай Бабайды, балаларды күтіп ұста», – деп карындастын Ба-байға қосып жіберген екен.

Аға сұлтан Ұбырайдың арғы тегі кірме, аз атадан екен. Эйтсе де өзі сұлтан болғаннан кейін, Атығай, Қарауыл, Алтай – Тоқа, Керей – Уак елдеріне үстемдігін жүргізеді. Бұл елдер Ұбырайға наразы болып, үстінен арыз-шағым беріп, көп тартысып айтисады. Бұл жайында Атығай Ақсақ – Тәнірбергеннің, Тоқа Әтекенің айтқандары бар. Ұбырай да өзінің әкімшілігін пайдаланып бұл ел-дін адамдары Керей Сүлейменнің Айдаркесін, Атығай Қасымды және Жүкен дегендерді Сібір айдатады. Ақырында көпшілік бұқараның қарсылығымен, Аққош-қар – Сайдалының байлығымен орнынан алынады. Сондықтан Біржан Ұбырайдың күйеу баласы Бабай мен қасқырды айттыстру арқылы, аға сұлтан Ұбырайдың сотқарлық қылмыстарын ашпақ болған.

## **МАЗМҰНЫ**

Біржан сал жайлы толғаныс (*К. Салықов*) ..... 3

### **Бірінші бөлім ӨЛЕНДЕРІ**

«Баласы Қожағұлдың Біржан салмын...»	29
Айтбай.....	29
Қаламкас.....	29
Алтын балдак.....	30
Аксеркеш .....	30
Соқпа-ай соқ .....	31
Керекіл.....	31
Бірлән .....	32
Ғашығым .....	32
Ғашық жар.....	33
Жайма-шуақ .....	33
Жонып алды .....	34
Сырғакты .....	35
Аққошқар .....	35
Актентек .....	36
Макпал.....	36
Бурылтай .....	37
Көкек .....	38
Телқоңыр .....	39
Ләйлім шырак .....	40
Көлбай-Жанбай .....	41
Шідер .....	42
Айжан қызға .....	43
Біржанның Омбыда бір қызға айтқаны.....	43
Атым Біржан.....	43
Орынтай.....	44
Қалқама .....	44
Пар жектім.....	45
Қараша.....	45
Он екі взвод .....	45

Ахай, ари-айдай .....	46
Орынбор .....	46
Талай заман .....	47
Жетісу .....	48
Ақжорғажан .....	48
Жастарға .....	49
Қосдәүлетке .....	49
Қасенге .....	50
Байпакқа .....	50
Құлен-Маймакқа .....	50
Шорманның Мұсасына .....	51
Балқожаға .....	52
Тұрлыбекке .....	52
Алтын қызға .....	52
Жанбота .....	53
Адақсақ .....	53
Жанботаға .....	54
Әйелі Әпішке айтқаны .....	54
Атығайдың елінің адамдарына айтқаны .....	55
Жамбас сипар .....	55
Көкейkestі .....	56
Жақсы мен жаман .....	56
Бұркітті .....	57
Мәті-Дәулен .....	57
Теміртасқа .....	57
Дүние .....	58
«Атығай, қарауылым – қоныстасым...» .....	61
Асылға .....	61
Алқарапқек .....	62
Ғашығым .....	62
Дүниеден не керек? .....	63
Сұлу жүйрік .....	63
Ауырып жатқандағы әні .....	64
Біржан салдың соңғы әні .....	64
Мешін-тауық .....	65
Біржанға хат .....	68

## **Екінші бөлім АЙТЫСТАР**

Біржан мен Сараның айтысы .....	71
Біржанның Нұрғайша қызбен қағысұы.....	95
Біржанның бір қызбен қағысұы .....	96
Біржанның Шәже ақынмен қағысұы .....	97
Біржанның Тезекбай ақынмен қағысұы .....	98
Біржан, Орынбай, Шәже ақындардың айтқырлықтары .....	99
Бабай мен қасқырдың айтысы.....	100

## **Үшінші бөлім ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ЕСТИГЕНДЕР**

«Ләйлім шырак» әні туралы аныз.....	107
Біржанды көргенім.....	111
Естушілерден.....	114
Біржанның балалары – Теміртас пен Қалкен.....	116
Біржан мен Балуан Шолактың кездесуі.....	118
Біржанның жұбайы Эпіш туралы .....	119
Біржан салға Мұса Бегенұлының ақыл беруі .....	121
Біржан,Шынғожа, Шолақ балуан туралы.....	123
Біржанның үні, даусы туралы .....	126
Біржанның бір аталасының есінде қалған әңгімесі....	127
Поштабайдан елдің кек алуы.....	128
«Жанбота» әні туралы естігенім.....	130
Біржан жөнінде естігендерім .....	132
Біржан мен Сараның айтысы .....	137
Түсініктер .....	151
Айтыстар.....	167

## **БІРЖАН САЛ**

*Өлеңдері мен айтыстары*

Редакторы *Айдана Сыдықбай*

Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*  
Көркемдеуші дизайнери *Бауыржан Болатұлы*  
Корректоры *Гүлзат Саматқызы*  
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 19.04.16 қол қойылды.

Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыш.

Шартты баспа табагы 9,24.

Тапсырыс №28. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

ISBN 978-601-302-437-0



9 786013 024370

JFOLIANT